ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЯ

BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY

PHILOLOGY SERIES

SHAKARIM UNIVERSITY

1934

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЯ

BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY
PHILOLOGY SERIES
SCIENTIFIC JOURNAL

№ 1 (1) 2025

Семей, 2025

«Шәкәрім университетінің хабаршысы. Филология сериясы»
Ғылыми журнал
№1 (1) 2025

Меншік иесі:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Мерзімділігі: тоқсан сайын (жылына 4 рет)
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген.
Есепке қою туралы куәлігі №KZ04VPY00086190. 26.01.2024ж.

Бас редактор
Касымова Асем Аленовна
PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
(Қазақстан, Семей қ.)

Ғылыми редактор

Аубакирова Карлыгаш Адильхановна	PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)

Жауапты редактор

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна	филология ғылымдарының кандидаты, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)

Техникалық редактор

Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна	PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)

Редакция алқасы

Бирай Нергиз (Biray Nergis)	PhD, профессор, Памуккале университеті (Түркия, Денизли қ.)
Рандалл Садлер (Randall Sadler)	лингвистика профессоры, Illinois University (АҚШ, Урбана-Шампейн қ.)
Алексеев Павел Викторович	филология ғылымдарының докторы, профессор, Горно-Алтайск мемлекеттік университеті (Алтай, Горно-Алтайск қ.)
Ердембеков Бауржан Амангельдыевич	филология ғылымдарының докторы, профессор «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)
Жумадилова Гульнар Акановна	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)
Дюсекенева Индира Муратовна	PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)
Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы	филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)
Қали Альмира Қайыртайқызы	филология ғылымдарының кандидаты, М.О.Ә уезов атындағы әдебиет және өнер институты (Қазақстан, Алматы қ.)
Салханова Жанат Хамарқызы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)
Аккалиева Айжан Файзрахмановна	PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (Қазақстан, Семей қ.)

Редакцияның мекенжайы:
071402, Абай облысы, Семей қаласы, Қашаған к-сі, 2, 222 каб.
E-mail: ph.vestnik@shakarim.kz

Қолжазбалар қайтарылмайды. Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Материалдарды басқа басылымдарда пайдалануға редакцияның жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі. Ұсынылған материалдардың дұрыстығына автор жауапты болады. Журналға сілтеме міндетті.

© «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2025

Научный журнал
«Вестник Университета Шакарима. Серия Филология»
№1 (1) 2025

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима г. Семей».
Периодичность: ежеквартально **(**4 раза в год)
Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на учет № KZ04VPY00086190 от 26 января 2024 г.

Главный редактор
Касымова Асем Аленовна
PhD, НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,
(Казахстан, г. Семей)

Научный редактор
Аубакирова Карлыгаш Адильхановна — PhD, НАО «Университет имени Шакарима города Семей» (Казахстан, г. Семей)

Ответственный редактор
Смагулова Акмарал Тулеугазиновна — кандидат филологических наук, НАО «Университет имени Шакарима города Семей, (Казахстан, г. Семей)

Технический редактор
Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна — PhD, НАО «Университет имени Шакарима города Семей», (Казахстан, г. Семей)

Редакционная коллегия
Бирай Нергиз (Biray Nergis) — PhD, профессор, Pamukkale University (Турция, г. Денизли)
Рандалл Садлер (Randall Sadler) — профессор лингвистики, Illinois University (США, г. Урбана-Шампейн)
Алексеев Павел Викторович — доктор филологических наук, профессор, Горно-Алтайский государственный университет (Алтай, г. Горно-Алтайск)
Ердембеков Бауыржан Амангельдыевич — доктор филологических наук, профессор, НАО «Университет имени Шакарима города Семей» (Казахстан, г. Семей)
Жумадилова Гульнар Акановна — кандидат педагогических наук, доцент, НАО «Университет имени Шакарима города Семей» (Казахстан, г. Семей)
Дюсекенева Индира Муратовна — PhD, НАО «Университет имени Шакарима города Семей» (Казахстан, г. Семей)
Сейтбекова Айнұр Аташбековна — кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)
Қали Альмира Қайыртайқызы — кандидат филологических наук, Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова (Казахстан, г. Алматы)
Салханова Жанат Хамарқызы — доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан, Алматы)
Аккалиева Айжан Файзрахмановна — PhD, НАО «Университет имени Шакарима города Семей» (Казахстан, г. Семей)

Адрес: область Абая, город Семей, ул. Кашагана 2, каб. 222.
E-mail: philological@vestnik.shakarim.kz

Рукописи не возвращаются. Мнения авторов могут не совпадать с точкой зрения редакции. Использование материалов в другихизданиях допускается только с письменного согласия редакции. За достоверность представленных материалов ответственность несет автор. Ссылка на журнал обязательна.

© Некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима города Семей», 2025

Scientific journal
«Bulletin of Shakarim University. Philology series»
№1 (1) 2025

Owner: Non-profit Joint Stock Company «Shakarim University of Semey»
Frequency: quarterly (4 times a year)
The journalis registered with the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan.
Registration certificate is No.KZ04VPY00086190 dated January 26, 2024.

Editor-in-chief
Assem Kassymova
PhD, Shakarim University of Semey,
(Kazakhstan, Semey)

Scientific editor
Karlygash Aubakirova PhD, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)

Editor-in-Chief
Akmaral Smagulova Candidate of philological sciences, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)

Technical editor
Baktygul Abdykhanova PhD, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)

Editorial board
Nergis Biray PhD, Professor, Pamukkale University (Turkey, Denizli)
Sadler Randall Professor of linguistics, Illinois University (USA, Urbana-Champaign)
Pavel Alekseev Doctor of philological sciences, professor. Gorno-Altaisk State University (Altai, Gorno-Altaisk)
Bauyrzhan Erdembekov Doctor of philological sciences, professor, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)
Gulnar Zhumadilova Candidate of pedagogical sciences, associate professor, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)
Indira Dyussekeneva PhD, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)
Ainur Seitbekova PhD,Institute of linguistics named after A. Baitursynuly (Kazakhstan, Almaty)
Almira Kali Candidate of philological sciences, Institute of literature and art named after M.O. Auezov (Kazakhstan, Almaty)
Zhanat Salkhanova Doctor of pedagogical sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty)
Aizhan Akkaliyeva PhD, «Shakarim University of Semey» (Kazakhstan, Semey)

Address of the editorial office: Abay region, Semey city. Kashagan str. 2, office 222.
E-mail: philological@vestnik.shakarim.kz

Manuscripts are not returned. The opinions of the authors may not coincide with the point of view of the editors. The use of materials inother publications is allowed only with the written consent of the editorial board. The author is responsible for the accuracy of the submittedmaterials. A link to the journal is required.

© Non-profit Joint Stock Company «Shakarim University of Semey», 2025

ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

ҒТАМР: 16.21.33

Г.Б. Саганаева
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348
e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ӘДІЛ-МАРИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЙЛЕМДІК ҚОЛДАНЫСТАР

Аңдатпа. *Мақала Абай дәстүрін жалғастырушы, өзіндік жазу стилімен, философиялық толғамдарымен ерекшеленетін қаламгер Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романындағы сөйлемдік қолданыстарды талдауға арналған. Қазақ лингвистикасында Шәкәрім шығармаларының тілі зерттелген ғылыми еңбектер саусақпен санарлық және дені ақынның өлеңдерін зерделеуге арналған. Ал «қайғылы роман» деп аталған «Әділ-Мария» атты прозалық туындысының тілдік ерекшеліктері, соның ішінде оның сөйлемдік қолданыстары зерттеу нысанына айналмаған. Зерттеу мақсаты – романдағы сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай түрлері бойынша топтау, кейіпкер тілі мен автор стилін айқындаудағы ерекшеліктерін саралау. Талдау барысында негізге қазақ тіл біліміндегі негізгі ғылыми теориялық еңбектер басшылыққа алынып, хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлем түрлері бойынша тілдік бірліктер қарастырылды. XX ғасыр басындағы қазақ тұрмысын шынайы бейнелеген шығарма тілінің, авторлық сөйлемдік қолданыстарды зерделеуде сипаттамалы, түсіндіру, лексика-семантикалық әдістер т.б. қолданылды. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Тіл біліміне кіріспе», «Қазақ тілінің синтаксисі», «Көркем мәтінге лингвистикалық талдау» пәндерін оқыту барысында және таңдау пәні ретінде оқытылатын «Шәкәрімтану», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» сабақтарында қолдануға болады. Мақала филологтарға, қазақ тілінің зерттелуіне, Шәкәрім шығармашылығына қызығушылық танытатын көпшілік қауымға арналған.*

Тірек сөздер: *Шәкәрім тілі, «Әділ-Мария» романының тілі, сөйлемдік қолданыстар, «қайғылы роман», сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері.*

Кіріспе

Ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырып қана қоймай, жан-жақты дамытқан талантты шәкірттерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы – адамдық, адалдық, ынсап сияқты қасиеттерді ту етіп көтеретін қазақ дүниетанымының айнасы іспеттес. Өз шығармаларында ол өзі өмір сүрген заманның тынысын танытып, қазақ тұрмысы мен салт-дәстүрінқазақ даласының табиғатымен астастыра суреттеді, қазақ тілі, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Демек, қазақ әдебиетінде ойшыл ақын, жазушы, аудармашы ретінде өзіндік орны бар Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының тілін зерттеу арқылы сол замандағы қазақ әдеби тілінің айқын көрінісін танып қана қоймай, қаламгердің өзіндік тілдік қолданыстарын анықтау мүмкіндігіне ие боламыз. Әсіресе, Шәкәрімнің прозалық шығармаларының тілін зерттеген еңбектер жоқтың қасы, соның ішінде сөйлемдік қолданыстар ерекшеліктерін, яғни сөйлемдердің синтаксистік құрылысы, олардың мақсаттық түрлері т.б. сияқты мәселелер қарастырылған зерттеу жұмыстары жоқ дерлік.

Шәкәрімнің проза жанрында жазған туындылары саусақпен санарлық, солардың ішінде қазақ даласындағы әділетсіздікті суреттеген «Әділ-Мария» романының тілін зерттеу – бүгінгі өзекті мәселелердің бірі. Сөйлем – негізгі ең кіші коммуникативтік синтаксистік бірлік. Демек, Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романындағы сөйлемдік қолданыстарды талдау, яғнисөйлемдерді айтылу мақсатына қарай топтау арқылы қаламгердің өзіндік стилін таныту, қазақ әдеби тілін дамытуға, нығайтуға қосқан үлесін бағамдаумақсаты айқындалады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы ретінде Шәкәрімнің сөйлем құру ерекшеліктерін танып қана қоймай, сонымен қатар XX ғасыр басындағы қолданылған сөйлеу нормаларын айқындау, романнан көрініс тапқан ұлттық салт-сана сипатын ашуды және бір ғасыр бұрын

қолданылған сөйлемдік қолданыстардың қазір детілдік қолданыста орын алатынын бағамдауды атауға болады.

Материал мен әдістер

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» шығармасы [1] – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын, ондағы шиеленісті ғашықтар өмірі арқылы ашқан «қайғылы роман». 1925 жылы жазылғанмен, оқырманына тек 1988 жылы жеткен роман көлемі жағынан үлкен емес, бар-жоғы 47 беттен тұрады.

Роман өткен ғасыр басындағы, дәлірек айтқанда, автордың өзі көрсеткендей, 1911 жылы Шыңғыстау бөктерінде орналасқан қазақ ауылында орын алған бір оқиға желісіне құрылған. Туындыда қазақ тұрмысы бейнеленгендіктен, қазақ қоғамына тән салт-дәстүр, әлеуметтік тартыс, теңсіздік сипатталатын көріністер аз емес. Мысал ретінде қыз айттыру, ұрын бару, жайлауға көшу, түс жору, болыс сайлауын т.б. атауға болады. «Әділ-Мария» романының сол кезеңде жазылған шығармалардан басты айырмашылықтарының бірі – автордың әлеуметтік теңсіздік тақырыбына басқа қырынан келуі, яғни бір-біріне ғашық екі жастың қосылуына кедергі ретінде әке-шеше келісімінің болмауы, қалың малдың төленбеуі, қыздың басқа адамға айттырылуы сияқты сол заманда кеңінен таралған себептер емес, үшінші жақтың арам пиғылы. Бұл тарап әлеуметтік тұрғыдан жоғары, қолында билігі бар болыс баласы Еркінбек бейнесінде берілген. Сонымен бірге шығармада қазіргі уақытта да «өзектілігін» жоғалтпаған жемқорлық, билік пен ақша күшін пайдаланып, өтірік жала жабу сияқты маңызды әлеуметтік мәселелер көтерілген. Романның негізгі өзегі – Шәкәрімнің шығармашылығына тән басты лейтмотив – адам тағдыры, адамгершілік пен арлылық.

Шәкәрім шығармашылығы ақталғаннан бері туындылары әдеби, тілдік, мәдени, философиялық т.б. тұрғыдан да зерттеу нысанына айналды және зерттеу жалғасуда. Ғалымдар Қ.Мұхамедханов, Ә.Тәжібаев, Ш.Сәтбаева, М.Мағауин, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғалиев, Б.Әбдіғазиев, А.Қыраубаева, Б.Майтанов т.б. Шәкәрім шығармашылығын әдеби-теориялық жағынан зерделеу арқылы танытуға зор үлес қосты,құнды ғылыми еңбектер жазды. Мәселен, ғалым Б.Әбілқасымұлы өз зерттеуінде «Әділ-Мария» романында фольклорлық шығармаларға тән дәстүрлі баяндау түрлерінің кездесетініне тоқталып, олардың ерекшелігі ретінде туындының ішкі динамикасын ширатуын, жандандыруын атап көрсетеді [2].

Ал Шәкәрім шығармаларының тілі талданған іргелі еңбектердің бірі – профессор Б.Қ.Момынованың «Шәкәрім поэзиясының тілі» (лексика-функционалды ракурс) монографиясы. Зерттеу мақсаты, ғалымның өз сөзімен айтсақ, «... ойшыл ақынды қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүрді алға апарып, әдеби тілдегі функционалды стильдік тармақтарды дамытып, әдеби тіл нормаларының қалыптасуына атсалысқан шығармашылық иесі ретінде және өзіндік идиостилі бар тілдік тұлға ретінде тану және таныту» [3]. Тілші ғалымдардың Шәкәрімнің даралығын танытатын ғылыми ізденістері мақала ретінде де жарияланып, Шәкәрімтану кеңістігін кеңейтуде.

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, А.Аблақов, М.Серғалиев, Ж.Жакупов, З.Ерназарова, С.Әлісжанов т.б. ғалымдар еңбектері қазақ тілі синтаксисін құрылымдық, семантикалық, функционалды-коммуникативтік т.б. қырынан қарастырып, ғылыми-теориялық негізін қалыптастырып, дамытқаны анық. Өз заманының үнін танытқан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романындағы сөйлемдік қолданыстарды талдау үшін алдымен қазақ тіліндегі сөйлемдердің мақсаттық түрлерін анықтауға қатысты кейбірғалымдар пікіріне тоқталсақ.

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөйлемі мен оның жүйесі талданған «Тіл – құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері) еңбегінде «Айтылу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады» [4] – деп көрсетіп, сұраулы, лепті, тілекті сөйлемдерді атайды да «сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деп аталады» [4] – деген пікір келтіреді, яғни ғалымның сол кезде сөйлемдерді жіктеуі қазіргі қазақ лингвистикасында орныққан бөліністен өзгерек. Қазір хабарлы сөйлем деп танылған сөйлем түрін

А.Байтұрсынұлы жай сөйлем ретінде көрсетеді де, тілекті сөйлем атауы бүгінгі бұйрықты сөйлем орнына қолданылғанын көреміз.

Ғалым К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» еңбегінде сөйлемдерді алдымен хабар мақсатына қарай екі топқа топтайды да, оларға интонация қосу арқылы лепті сөйлем жасауға болатынын айтқан: «Хабардың мақсатына қарай сөйлемдер екі топқа бөлінеді: оның бірі – хабарлы сөйлемдер, екіншісі сұраулы сөйлемдер... Хабарлы сөйлем де, сұраулы сөйлем де қосымша интонациялық тәсілдер арқылы лепті сөйлемдерге айналады да, сөйлемдер эмоционалды-экспрессивті қасиетке ие болады» [5] – деген тұжырым жасайды.

Ал қазіргі қазақ әдеби тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері сипатталған «Қазақ грамматикасы» еңбегінде сөйлем айтылу мақсатына қарай төртке бөлінген. «Олар: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер» [6]. Осы бөлініс біздің мақаламызға арқау болған Шәкәрімнің «қайғылы романындағы» сөйлемдік қолданыстарды талдауда басшылыққа алынды. Мақала барысында романнан келтірілген мысалдар яндекс сайтында тұрған романның электронды нұсқасынан алынды [1].

Қазақ тілінің бейнелілігін, икемділігін танытатын шығармадағы сөйлемдік қолданыстар ерекшелігін ашу мақсатында мақалада сипаттау, түсіндіру, талдау әдістері пайдаланылды, сонымен бірге лексика-семантикалық әдістіде қолдану арқылы автордың өзіндік тілдік қолданыс ерекшеліктері бір қырынан анықталды. Зерттеу нысаны көркем шығарма болғандықтан, талдау барысында синтаксистік бірліктер негізінен семантикалық және құрылымдық аспектіде қарастырылды. Сондай-ақ қаламгердің өзіндік стильдік қолданысын, шығармадағы ұлтқа тән мінезді танытатын бірліктерді анықтауда функционалдық аспект де қолданылды. Солайша, романдағы сөйлемдік қолданыстар мүмкіндігінше статикалық қалыпта та, динамикалық тұрғыдан да қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдегі сөйлемдік қолданыстарды талдау оның құрылымдық, стильдік, мағыналық ерекшеліктерін ашуға ықпал етеді. Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романы прозалық туынды болғандықтан, ондағы авторлық баяндау, суреттеу, сипаттау мәндегі сөйлемдердің **хабарлы сөйлем** болатыны анық. Хабарлы сөйлемдердің қолданылу аясы кең екені анық, алайда романның сөйлемдік қолданыстары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Әсіресе суреттеу мәнді хабарлы сөйлемнің мағыналық тобына қатысты ерекшеліктер ұшырысады. Олар негізінен адамның көңіл-күйіне әсер ететін эпитет, теңеу, эмоционалды-экспресивті мәнде жұмсалатын фразалық тіркестер түрінде келіп, белсенді қолданылған.Мысал ретінде шығарма басында автордың кәрі Шыңғыстауға қарата айтқан эмоцияға толы сөзін алуға болады: *Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайып-қырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты.*

Шыңғыстау – романда жай тау емес, ол автордың сырласатын, мұңын шағатын негізгі кейіпкерлердің бірі, сондықтан оған қарата айтылған бұл үзіндіде автор көңіл-күйін барынша ашатын көріктеуіш құралдарының кездесуі заңды да орынды. Мәселен,*құмары қану, мұратына жету, үміті үзілу, қаны судай ағу* т.б. сияқтыхалықтың санасына орныққантілдік бірліктермен бірге *жүрегі жану, жас жүрек, жарық күндей үміт* сынды қаламгердің өзіндік қолданыстары сөйлемдегі экспрессивтілікті күшейтіп, суреттеу мәнді сөйлем әсерін еселей түскен. Осы мысалдардағы *жүрегі жану* тіркесі қазіргі қазақ тілінің тұрақты тіркестері жинақталған сөздікте «қуану, реніштен қатты толқу» [7] мағынасында түсіндіріледі. Семантикалық та, синтаксистік те валентілік тұрғысынан үйлесім тапқан бұл тіркестің Абай дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім тілінде болуы заңды. Қазіргі уақытта бұл бейнелі тілдік қолданыстың тұрақты тіркестер қатарына енгендігі – автор шеберлігінің, тіркестің халық санасына орнығуының бір дәлелі.

Ал баяндау мәнді хабарлы сөйлемде іс-әрекеттің болған-болмағандығы, оның өту орны, мезгілі мен жайы хабарланатындығы белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз романында хабарлану түріне басымдық берген. Мысалы: *Дәл сол күні Тасбұлақтағы бір ауылдың қараша үйлері бірбеткей қонған. Күнбатыс жақта оқшаулау боз үйдің сыртында бір-ақ қос бар. Боз үйдің оңтүстік жағындағы ұранқайдан дабырлаған бозбалалардың даусы шығады*. Мысалда ауылдың қашан, қайда, қалай қонғаны туралы ақпарат баяндалып, оқырманына ауыл суретін елестетеді.

Сонымен бірге болжалдық мәнде де жұмсалған хабарлы сөйлемдер де ұшырасады. Мәселен: *Әлі де арманыма жетіп, әжем мен Марияны көріп*, *Еркімбектен кегімді алып өлетін шығармын.* Науқас Әділдің алдағы өміріне үмітін сипаттайтын бұл болжал мәнді сөйлем басты кейіпкердің ішкі арпалысын айқын танытып тұр. Болжалдық мән *әлі де арманыма жетіп, өлетін шығармын* тілдік бірліктері арқылы көрініс тауып, модальділік мағынада жұмсалған. Бұл жердегі модальділік лексика-синтаксистік тәсіл арқылы жасалған.

Қазақ тіл білімінде **сұраулы сөйлем**дердің қойылған сұрақ түріне қатысты бірнеше түрі (ашық сұрақ (тура сұрақ), күмәнді сұрақ, қарсы сұрақ, риторикалық сұрақ) [6] бар екені белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлының романындаолардың барлық түрі кездеседі. Мысалы:

- *Серікбай, сен кеше Зылиқа жеңгейге жолықтың ба?*
- *Анау арқандаулы ат кімдікі? – деді.*
- *Мына жігіт қай жігіт? – деді.*
- *Үлкен үйдегілерге Марияны білдірмей қайтіп алып шығасың?*

... - *Кімнің басы кімнің қанжығасында жүр? – деп, атына міне жөнелді*деген мысалдар ашық сұрақ түріне жатады. Ашық сұрақ ерекшелігі – негізінен диалогтарда кездесіп, сұраққа жауап алу мақсатында тікелей қойылатын, қолданыс жиілігі жоғары сұрақ түрі. Бұл сұрақтың қойған тұлға сөйлеуші жеткізіп тұрған ақпаратты толықтыру, кеңейту, нақтылау мақсатын көздейді.

Ал күмәнді сұраққа мына сөйлемдер мысал бола алады:

- *Қарағым, құрдас-еке, шыныңды айтшы? Кейде мені алдап ұмсындырып қоятын едің ғой, сондай қалжың қылып жүрсің бе*?
- *Өнім бе, түсім бе екен? – деп келіп, құшақтасып көрісті.*

Бұл сұрақ түрі белгісіз жайды анықтау мақсатында қойылып, сұраулық шылаулар мене*кен, шығар, ә, ау* сияқты сөздер арқылы жасалады.

Қарсы сұрақ өз атауы айтып тұрғандай, қойылған сұраққа сұрақпен жауап берілген кезде түзіледі. Мысалы:

Жәмила:
- *Ойбай-ау! Мұнымыз бола ма?*
Шешенбай:
- *Болмай қайтеді?..*
...Еркімбек Шешенбайға:
- *Жә, Шешенбай, не естіп, не білдің?*
Шешенбай:
- *Не білеші ем? Бірақ сендердей шірікті тырнағына алмайтын бір сұлу көрдім...*

Риторикалық сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатында емес, бір жайтты хабарлау үшін құрылатыны белгілі. Ерекшелігі ретінде сөйлемдегі эмоционалды-экспрессивтіліктің басымдылығын атауға болады. Демек, мұндай сөйлемдердің оқырмандарға әсерлілігі басым болып келеді. Романнан аталған сұраулы сөйлем түрін автордың Шыңғыстаумен сырласуынан анық аңғаруға болады:

Міне, осы көп дыбыстың бәрі қосылғанда қандай болды? Бұл дыбыс зор қаладағы әскер ойнатқан барабанға да, қосылып тартқан музыкаға да, сызылтып салған әнге де, мұңландырып салған жоқтауға да ұқсамайтын анық табиғаттың өз әні! Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, беліннен асқан елдің ойын білдің бе?

Бұл сөйлем түрі негізінен баяндауыштың кері мағынада жұмсалуы, сұраулық демеулік шылаулар мен есімдіктердің қолданысы арқылы жасалып, ерекше екпінмен айтылады.

Жалпы шығармада сұраулы сөйлемнің сұрау есімдіктері мен сұраулық шылаулар арқылы жасалған түрлері диалогтарда көп ұшырасады. Мәселен:

Әділ:

- *Жә, Серікбай, кешке біздің қасымызға кім ереді?*

Серікбай:

- *Мына Мықтыбай ше?*

Әділ:

- *Жылқыны кім бағады?..*
- *Уәдесінде тұрмай, өз қалыңдығыңды өзіңнен аясын ба? Ойбай-ау! Мен Зылиқа жеңгей бізден аянады дейім бе?..*

Сонымен бірге ауызша сөйлеу ерекшеліктерінің бір көрінісі ретінде **-ше** формалы сұраулы сөйлем түрлерін де жатқызуға болады.

Сөйлем құраудың басты белгілерінің бірі – интонация, оның маңыздылығы сөйлем мазмұнын ажыратудан анық байқалады. Сұраулы сөйлемдердің жасалуында оның амал-тәсілдік қызметі тіпті айқын көрінеді. Күрделі баяндауыш құрамында көмекші етістіктердің кездесуі, әсіресе *қайтеді, шығар, болар* сияқты сөздердің жұмсалуы сөйлемге сұраулық мән жамап, ерекше дауыс ырғағымен айтылуына себеп болады. Мысалы:

Зылиқа:

- *Секе, бұл жолы қалжыңды қоя тұрсаң қайтеді? Аманшылық болса, күнгейде тағы бір келерсіңдер, сонда қалжыңдасарсыңдар...*

...Үсен сасып қалып, аз ойланды да:

- *Сайлау өткенше қоя тұрсаң қайтеді?- деді.*

Шәкәрімнің туындысынан сұраулы сөйлемдерге қатысты келтірілген мысалдарды ғалым З.Базарбаеваның сөйлемдер интонациясының жіктелісі бойынша сараласақ, «сұраулы шылаулар арқылы жасалған сөйлемдер мағынасы мен құрылымына қарай жалпы сұрақ интонемасына жатады. Ал сұраулы есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдер арнаулы сұрақ интонемасына ие болады» [6].

Бұйрықты сөйлем туралы алғашқы ғылыми түсінік Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде кездеседі. Ғалымның оны тілекті сөйлем деп көрсеткені белгілі. А.Байтұрсынұлы бұл сөйлем түріне: «Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңілі тілеген орында айтылатын сөйлем» деген анықтама беріп, «көңіл тілегі түрлі айтылады: 1) бұйрық түрде, 2) өтініш түрде, 3) үгіт (ақыл) түрде, 4) жай тілек (мұрат) түрде» [4] деген тұжырымға келеді.

Қазақ тіл білімінде бұйрықты сөйлем көп жылдар бойы лепті сөйлем құрамында қарастырылғаны белгілі. Бірақ оның «өзіне лайық міндеті мен атқарар қызметі және тілде қолданылу мүмкіндіктері бұйрықты сөйлемнің хабарлы және сұраулы сөйлемдер сияқты жеке-дара сөйлем екендігін толық дәлелдейді» [8].

Қазақ грамматикасында бұйрықты сөйлемдерді интонациялық ерекшеліктеріне қарай екі топқа жіктеп қарастырамыз. «Олардың біріншісі – орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі – тілек, қалау не сыпайы түрде айтылатын бұйрық» [8].

«Әділ-Мария» романы өз заманының әлеуметтік шиеленісін, тартысын суреттеген шығарма болғандықтан, кейіпкерлер тілінде бұйрықты сөйлемдердің аталған екі түрінің де кездесуі заңды. Мысалы:

1) II жақта бұйрық райда тұрған етістік тұлғасы нақты бұйрық формасын береді:

- *Жұмысыңызды айтыңыз.*
- *Мінгіз, жылдам, мінгіз!*
- *Кет арман! Өзіңнің жүрген үйіңе бар!*
- *... Қол қойыңыз!*

Бұл бұйрықты сөйлемдер іс-әрекеттің жүзеге асуына, ары қарай жалғастырылуына түрті болады.

2) Бұйрық райлы етістікке -шы/-ші қосымшасы жалғанып, тілек, қалау мағынасын береді:

- *Шырағым, сен шыға тұршы, біз өзді-өзіміз ақылдасайық, - деген соң, Үсен тысқа шықты.*

- *Жаным, естіген-білгеніңді түгел айтшы...*

3) Бұйрық райлы етістік III жақта келіп, тілек немесе ұран, шарт қою, талап ету мәнінде жұмсалады:

- *Қарақтарым, жолдарың болсын!*

- *Бұл ойы шын болса, әуелі менімен әкесінің алдында уәделесіп, дос болсын! Екінші, бұрынғы жесірімді алмаймын деп мені антымен нандырсын! Осы екеуі болмаса, мені әуре қылмасын!*

Бұйрықты сөйлемдердің қатал бұйрықты түрі жоғары тонмен басталып, бәсеңдесе, тілек, қалай мәнді бұйрықты сөйлемдер интонациясы негізінен біркелкі тоналды деңгейде болады.

Шәкәрімнің романы – XX ғасыр басындағы қазақ ауылының тұрмысын, екі жас махаббаты мен әлеуметтік тартысты шынайы суреттеген туынды ретінде эмоционалды-экспрессивті сөздерге толы шығарма. Ендеше, айрықша интонацияға ие **лепті сөйлемдердің** романда жиі ұшырасауы орынды. Лепті сөйлемдер айтушының қуану, өкіну, қорқу, таңдану, сескену, құптау, сүйсіну, кекету т.б. сияқты эмоцияларын жеткізу үшін қолданылып, көтеріңкі дауыспен айтылатыны анық. Шығармадан мысалдар:

Үсенге Асан айтты:

- *Шырағым, сен артын ойламай, балалық қылдың-ау!.. Әкеміздің жолымен ара ағайын болып қана жүргеніміз жөн еді ғой!..*

Оны көрген Зылиха:

- *А, Құдай-ай, сақтай көр! Масқара болып, ұстап алып, бүлік шығармаса игі еді.*

Серікбай:

- *Қорықпа, жеңгей! Мықтыбай ұстатпайды. Жетсе де бір кісіге алғыза қоймас!*

Кейіпкерлердің мінез-құлқы, жағдайға байланысты психологиялық күйі олардың сөздерінен, репликаларынан айқын көрініс тауып отырады. Мысалы:

Еркімбек:

- *Мен сенің мұныңа, тіпті нанбаймын. Басынан мені алдап, малымды алып, өз қолыңнан беріп жібердің!*

Үсен:

- *Ойбай-ау! Мына басымды көрші! Аналар болмаса, біреуіміз өлетін едік.*

Реплика түріндегі лепті сөйлемдер негізінен диалогтарда жауап ретінде жұмсалып, құрылымдық, мазмұндық жағынан да басқа сөйлем түрлерінен ерекшеленетіні белгілі. Мұндай сөйлемдер сөйлеушінің көңіл-күйін білдіріп, айтылған ойға байланысты оның түрлі реакцияларын танытады. «Қазақ грамматикасында» реплика сөйлемдер құрылысы жағынан екі топқа бөлініп қарастырылған: «1. Алдыңғы репликаның бір сөзін қайталау негізінде құралған сөйлемдер... 2. Алдыңғы репликадан қайталанған сөз бен тұрақты компонент ретіндегі сөзден құралатын сөйлемдер» [6]. Екінші топ өз ішінде жасалуына қарай сегіз түрге жіктеліп берілген.

Қазақ тіл білімінде реплика түріндегі лепті сөйлемдердің құрамы тұрақты түрлері де бар. Алайда бұл сөйлем түрлері талдауға алынған «Әділ-Мария» шығармасында ұшыраспайды, ал сөйлеу жағдаятына қарай құрамы өзгеріп отыратын мысалдар аз да болса кездеседі. Мысалы:

Әділ:

- *Тақсыр, болысымның қастығы ғой. Старшындардан сұрауға болмас па екен?*

Начальник:

- *Болмайды!*

Бұл мысал реплика түріндегі сөйлемдердің бірінші тобына жатады, яғни алдыңғы репликаның бір сөзі қайталанып, болымсыз тұлғада көсемше формасында жасалған.

Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз романында екі жастың тағдыры арқылы қазақ қоғамындағы қайшылықты шынайы суреттеген. Трагедияға толы махаббатты әсерлі жеткізу мақсатында диалог, монолог, автордың кәрі Шыңғыстаумен сырласуы, психологиялық паралельдер, табиғат көрінісін т.б. шебер қолданып, кейіпкерлерін өз мінез-құлқына сай, жағдаятынақарай сөйлете алған. Қаламгердің ой-толғамдары, дүниетанымдық көзқарастары да роман өн бойынан анық аңғарылады.

Шығармадағы сөйлемдік қолданыстар сөйлемге танылған оның ең басты қызметі – коммуникативтік қызметтітолық атқарады. Сонымен бірге романдағы сөйлемдердің экспрессивтік мағынасы да айтылу мақсатына қарай жіктелетін сөйлемнің барлық түрлеріне де тән екенін аңғаруға болады. Сөйлемдердің прагматикалық ерекшеліктері сұраулы мен бұйрықты сөйлем түрлерінде көрініс тауып, Шәкәрім романындағы сөйлем табиғатына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, Шәкәрімнің «Әділ-Мария» романында қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай барлық түрлері кездеседі және бұл үлгілер өткен ғасырдың басындағы қазақ жазба әдеби тілінің айқын көрінісі ғана емес, Шәкәрім Құдайбердіұлының өзіндік стилі мен сөз қолданысын танытатын синтаксистік бірліктер ретінде де құнды.

Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. Әділ-Мария. https://books.yandex.kz/books/L26Exhaa/impressions
2. Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
3. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: Арыс, 2008. – 256 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т.III: – 384 б.
5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
7. Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 398 б.
8. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 510 б.

References

1. Qudajberdiuly Sh. Adil - Mariia. [Adil - Maria]. – https://books.yandex.kz/books/L26Exhaa/impressions [in Kazakh]
2. Abdigaziuly B. Shakarim alemi [Shakarim's World]. – Almaty: Raritet, 2008. – 408 b. [in Kazakh]
3. Momynova B. Shakarim pojeziiasynyng tili (leksika-funkcionaldy rakurs) [Shakarim's poetry Language (lexico-functional perspective)]. – Almaty: Arys, 2008. – 256 b. [in Kazakh]
4. Baitursynuly A. Altytomdyqshygarmalarzhinage. Til – qural (qazaqtili men oqy-agartugaqatystyenbekteri) [A six-volume collection of works. Language as means (works on the Kazakh language and education)]. – Almaty: Ei-shezhire, 2013. T.III: – 384 b. [in Kazakh]
5. Ahanov K. Grammatika teoriiasynyng negizderi: oqu quraly [Theory of grammatical foundations: training manual]. – Almaty: Olke baspasy, 2010. – 240 b. [in Kazakh]
6. Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozzhasam, morfologiia, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. – Astana, 2002. – 784 b. [in Kazakh]
7. Smagulova G. Qazaq tilining frazeologialyq sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 398 b. [in Kazakh]
8. Qazaq tili. Jenciklopediia [The Kazakh language. Encyclopedia]. – Almaty: Qazaqstan damu instituty, 1998. – 510 b. [in Kazakh]

Г.Б. Саганаева
Университет имени Шакарима города Семей,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348
e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com

УПОТРЕБЛЕНИЯ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В РОМАНЕ «АДИЛЬ-МАРИЯ» ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Аннотация. *Статья посвящена анализу употребления предложений в романе «Адиль-Мария» писателя Шакарима Кудайбердиева, продолжающего традиции Абая, и отличающегося оригинальным стилем письма и философскими мотивами. В казахской лингвистике существует небольшое количество научных трудов, посвященных изучению языка произведений Шакарима. Эти труды, в основном, посвящены исследованию стихотворений поэта. Однако, языковые особенности прозаического произведения «Адиль-Мария», получившего название «трагический роман», в том числе его употребление предложений, не были еще предметом исследования. Цель исследования – группировка предложений в романе в зависимости от цели высказывания, определение особенностей языка персонажа и стиля автора. В ходе анализа в основу были положены основные научно-теоретические труды по казахскому языкознанию, рассмотрены языковые единицы в повествовательных, вопросительных, побудительных, восклицательных предложениях. При анализе языка произведения, авторского употребления предложений, реалистично отражающих казахскую жизнь начала XX века, использовались методы описания, объяснения, лексико-семантические методы и др. Результаты исследования могут быть использованы при изучении таких дисциплин, как «Введение в языкознание», «Синтаксис казахского языка», «Лингвистический анализ художественного текста», преподаваемых в вузах, и на занятиях по «Шакаримоведению», «Истории казахского литературного языка», изучаемых в качестве факультатива. Статья адресована филологам, широкой публике, интересующейся изучением казахского языка и творчеством Шакарима.*

Ключевые слова: *Язык Шакарима, язык романа «Адиль-Мария», употребления предложений, «трагический роман», виды предложений по цели высказывания.*

G.B. Saganayeva
Shakarim University of Semey,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka str., 20 A
Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348
e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com

THE USE OF SENTENCES IN THE NOVEL «ADIL-MARIA» BY SHAKARIM KUDAIBERDIEV

Abstract. *The article is devoted to the analysis of the use of sentences in the novel «Adil-Maria» by the writer ShakarimKudaiberdiev, who continues the traditions of Abai and is distinguished by his original writing style and philosophical motives. In Kazakh linguistics, there is a small number of scientific works devoted to the study of the language of Shakarim's works. These works are mainly devoted to the study of the poet's poems. However, the linguistic features of the prose work «Adil-Maria», called the «tragic novel», including its use of sentences, have not yet been the subject of research. The purpose of the study is to group sentences in a novel depending on the purpose of the utterance, to determine the characteristics of the character's language and the author's style. During the analysis, the main scientific and theoretical works on Kazakh linguistics were used, linguistic units in declarative, exclamatory, imperative, interrogative sentences were considered. When analyzing the language of the work, the author's use of sentences that realistically reflect the Kazakh life of the early twentieth century, methods of description, explanation, lexico-semantic methods, etc. were used. The results of the research can be used in the study of such disciplines as «Introduction to linguistics», «Syntax of the Kazakh language», «Linguistic analysis of literary text», taught in universities, and in classes on «Shakarim studies», «History of the Kazakh literary language», studied as an elective. The article is addressed to philologists, the general public interested in the study of the Kazakh language and Shakarim's work.*

Key words: *Shakarim language, the language of the novel «Adil-Maria», the use of sentences,»tragic novel», types of sentences according to the purpose of utterance.*

Автор туралы мәліметтер

Саганаева Гульнур Бейсембаевна – филология ғылымдарының кандидаты, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348.

Сведения об авторе

Саганаева Гульнур Бейсембаевна – кандидат филологических наук, заведующий кафедрой казахской филологии и журналистики НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Республика Казахстан, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348.

Information about author

Gulnur Saganaeva – candidate of philological sciences, Head of the department of kazakh philology and journalism of the «Shakarim University of Semey» NJSC, e-mail: gulnursaganaeva@gmail.com, Orcid: https://orcid.org/0000-0003-1538-5348.

SRSTI: 16.21.29

B.A. Abdykhanova[1*], H. Stephanie[2]
[1*]Shakarim University of Semey city,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka str., 20 A
[2] College of Education and Human Development of the University of Minnesota,
Minneapolis, USA
*Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336
*e-mail: abdychanovab@mail.ru

CULTURAL AND PHILOSOPHICAL DISCOURSE ON THE CONCEPT OF MANIPULATION

Abstract. *The article is devoted to a variety of linguistic manipulation, a description of the work of discursive mechanisms of manipulative influence. The article presents the specific features of manipulative discourse, examines discursive manipulation in a broad and narrow sense, and characterizes its varieties. The author identifies and describes the linguistic means by which hidden psychological effects are carried out. The need for such a study is due to the socio-cultural situation, which provides a favorable basis for the use of various information technologies. Recently, language has been perceived not only as a means of communication, a system of verbal signs, but also as a way of interaction based on certain tactics and strategies. Since the flow of information from various sources is constantly growing, the phenomenon of manipulation is a very important object of study from the point of view of psycholinguistics and cultural studies. This paper also considers philosophical, ethical, and communicative implications of manipulative discourse, underlining its relevance in modern digital society.*

Key words: *manipulation, Language consciousness, mass consciousness, language manipulation, manipulation technology.*

Introduction

The main value of the 21st century today is information. The role of information has become more significant at the beginning of the 21st century than in the second half of the 20th century. The information shapes people's thinking. It is known that in this era, which has been called the information age, many countries are focusing on expanding the global information space prior to strengthening their armed forces.

The media and social networks form the standard of life and activity of modern man in the minds of the masses. They regulate the behavior and worldview of citizens and influence their political positions. By providing information, the media and social networks use the hidden function of influencing the human mind. The specificity of manipulative influence of the media

is considered as a characteristic of speech skills in modern linguistics and has become one of the main directions of research by linguists. The study of manipulative influence on the audience through language has become a key problem of linguistics and psychological sciences. Extensive research is being conducted in scientific centers of leading countries to study manipulative influence technologies and new methods of their application. The purpose of the article is to comprehensively analyze the concept of manipulation based on philosophical and linguistic research.

Material and methods

The article reviews the works of R.M. Blakar, O.S. Issers, D.V. Olshansky, O.N. Parshina, T.G. Vinokur, S.G. Kara-Murza, T.A. van Dijk, V.G. Kostomarov, I.A. Sternin, Y.N. Karaulov, J. Lakoff, N.E. Gronskaya, A.M. Tsuladze, I.A. Sternin, V.Z. Demyankov, A.A. Leontiev, E.L. Dotsenko, V.I. Karasik. These works analyze manipulative technologies, strategies and tactics of influence, and study linguistic manipulation. In the works of these scientists, manipulation is considered as psychological and speech influence, and many classifications of strategies and tactics of manipulative influence implemented in political discourse are proposed. Researchers consider the concept of «linguistic manipulation» together with the concept of "manipulation" because linguistic manipulation is a type of manipulative influence .

Domestic scientists N. Uali's works are devoted to the study of information and linguistic norms in mass communication, K.O. Yesenova's research works are devoted to the study of linguistic means in newspaper texts, B. Momynova examined the pragmatic aspect of newspaper vocabulary, S. Atashev the pragmatics of mass media, B. Raimbekova the pragmatic aspect of newspaper texts in Kazakh and Russian, F. Zhaksybayeva the pragmatic function of newspaper texts, and G. K. Ikhsangalieva conducted a pragmatic analysis of themes in newspaper texts.

Manipulation has been extensively studied in the research of philosophy, political science, sociology, and psychology. Content analysis of studies on the topic of manipulation allowed us to identify several key features of manipulation. Methods of analysis and synthesis in the study of theoretical literature, a comparative method in generalizing theoretical materials formed the theoretical basis of the article.

Results and discussion

The word «manipulation» comes from the Latin word «manipulare», its original meaning is «to manage», «to manage a matter skillfully», «to provide assistance» and has a positive connotation. In the work of the famous researcher Sergei Kara-Murza «Manipulation of Consciousness» the word «manipulation» is defined as follows: The word «manipulation» came to the Russian language from the French: «manipulation» - complex method; operation, originally in Latin – «manus» - hand, «ple» - filling [1]. For example, in medicine it means examining the body with the hands and performing medical procedures with the hands. Here, if we are talking about manual dexterity, then it means skillful management when performing a certain task. Over time, the original meaning of this term has undergone changes. In connection with the phenomena taking place in the 20th century, the term «manipulation» acquired a different character through political additions and expanded its meaning. The term «manipulation» began to be used in relation to mass media and political activities aimed at directing the thoughts, aspirations, and mental state of the population in a certain direction. The Oxford English Dictionary defines «manipulation» as: «the act of influencing or skillfully controlling people, exerting hidden influence on them» [1].

Some scholars consider manipulation as a phenomenon arising from the need for spiritual domination of the few over the many. For example, B.N. Bessonov in his work analyzes the definition of A. Meyer, who uses the terms «socialization» and «legitimation» to define manipulation, as a result of which the individual becomes a useful and successful member of society «by educating in his soul the dominant norms of behavior» [2]. According to the Spanish philosopher and sociologist José Ortega-y-Gasset, if there is no common thought, common public position, position in society, anarchy occurs [3]. The author argues that it is

also possible to say that manipulation occurs in political information, considering that attempts to manipulate are necessary for the formation of common positions in accordance with the laws of political history.

According to the Russian philosopher G. Shishkov, manipulation is necessary to suppress the surge of public emotions. The philosopher regarded the masses as "impressionable people" and considered them good material for achieving state goals [4]. «In the complex and multilayered process of transitioning to a market economy, establishing the republic's sovereignty, independence, and economic self-sufficiency, and implementing political reforms, it is difficult to believe that the people would wholeheartedly engage in carrying out this policy without the influence of ideology. Therefore, ideological influence, setting it in motion is a vital necessity», writes Doctor of Philosophy A. Kalmyrzaev [5].

Research scientist T.M. Hrushevskaya finds manipulation a «necessity»: «The newspaper edition is oriented to the reader, to the mass external audience, the so-called broad public. At the ideological level, newspaper articles engage in a certain form of manipulation, which is driven by the need to manage public consciousness for the benefit of society, while individual groups within that society hold differing perceptions of reality» [6]. G. Klaus: «Any group of society, from any point of view, whether material, organizational or ideological, turns to language in order to realize its political interests, engages in pragmatics» [7]. The author takes the position that the use of language resources in the spheres of ideology, economics, and politics is a political necessity.

Many researchers, such as S.G. Kara-Murza, E. Cassirer, G. Franke, K. Jaspers, consider manipulation as a political phenomenon relevant to the present time. According to E. Cassirer, «the most important and disturbing feature of the evolution of modern political thinking is perhaps the emergence of a new power – the power of mythical thinking» [8]. In the current period, very favorable socio-cultural and highly developed technical conditions have been created for large-scale manipulation of the political consciousness of the masses.

Manipulation has been extensively studied in research studies in philosophy, political science, sociology, and psychology. Content analysis of studies examining the topic of manipulation has identified several key characteristics of manipulation.

According to many researchers, a distinctive feature of manipulation is the attitude towards a business partner not as a person, but as an object. Through this, the manipulator achieves his hidden goals and fulfills his needs, without taking into account the demands of the other party, who is the object of manipulation. Content analysis of research works written on this topic allowed us to conduct an analysis of definitions related to manipulation. For example, B.N. Bessonov considers manipulation as «a form of spiritual influence carried out by force, with hidden dominance» [2], D.A. Volkogonov emphasizes «control of changes in the spiritual world» [9], R. Goodin defines it as «the use of hidden power without taking into account the wishes of another person», V.N. Sagatovsky draws attention to the fact that it is «the relationship with another person as a tool, an object» [10], E. Shostrom's opinion about manipulation is exactly the same: «using another person as an object, a thing, managing and controlling him» [11], G. Schiller defines manipulation as «hidden coercion – the pre-orientation of a person's thoughts, intentions, feelings, attitudes, behavior, and beliefs.» [12]. W. Riker defines manipulation as «a structure of the world that allows for victory» [1], E.L. Dotsenko in the work «Manipulation: psychological definition of concepts»: «This is a type of psychological influence used to achieve a one-sided victory by means of a hidden incentive to another to perform certain actions» [13], V. M. Gerasimov defines: «Manipulation of public opinion is one of the special methods of social-psychological control» [14].

Thus, based on the above arguments, we can make a definition of the term «manipulation». From the definitions of B.N. Bessonov and D.N. Volkogonov, we consider «manipulation» as a spiritual and psychological influence on a person or society. Here, the definition given by G. Schiller as «manipulation – preliminary orientation of behavior, attitudes» confirms the fact that the mental structure is an indispensable form of influence on a

person. The explanations given by E. Shostroma and V.N. Sagatovsky that «from the height of his «I» he turns another one into a «HE», amenable to management and control, an object used to carry out his actions» expand the definition given to «manipulation». D.N. Volkogonov, E. Shostroma and W. While Riker's definitions of manipulation as «domination», «management», «control» coincide with E.L. Dotsenko's definition of «the manipulator's desire to actively influence events, creating a world structure in his own interests» [13], B.N. Bessonov's definition of «hidden dominance» is associated with «hidden influence» as the main characteristic of manipulation. If the addressee does not notice the «hidden influence» directed at them, does not sense the manipulator's covert actions, and performs the intended behavior as if it were their own voluntary decision, this indicates that the manipulation has been successful.

From the definitions given above, the following characteristics characteristic of manipulation can be highlighted:

1. psychological influence;
2. the manipulator's attitude towards another person as an object or a means to achieve his own goals;
3. The hidden nature of influence.

E.L. Dotsenko suggests that the above signs should be supplemented by signs such as «the manipulator's desire to perform a certain action, which in turn makes the addressee feel as if he is acting of his own free will, without feeling any external coercion» [13].

A. Tsuladze points out that an important feature of political manipulation is that «they are carried out to achieve certain political goals and have political consequences for the whole society or for a part of it» [15].

Analyzing definitions of manipulation, the following conclusions can be drawn.

Manipulation is a form of psychological influence aimed at making the addressee carry out the manipulator's intended actions, goals, principles, and desires voluntarily, without feeling coerced, through covert influence on their psyche. In the process of manipulative impact, a person does not feel external pressure or compulsion; they have the impression that they are making their own decisions and choosing their own behavior freely. Therefore, political manipulation can be understood as a political tool designed to influence people's consciousness in such a way that they accept information beneficial to certain political groups as their own thoughts, without any suspicion, thereby shaping the desired way of thinking in them. In modern political science literature, the opinion of the well-known American political scientist Simon about power and political manipulation is widespread. He explains it as follows: «If 'A' is able to subordinate the behavior of 'B' to his own demands, then 'A' exercises power over 'B'».

Based on the arguments of the scholars mentioned above, the definition of «manipulation» can be presented in the form of a table:

The ambiguity of the definition of the term «manipulation»:

No.	Positive attitude	Negative attitude
1	Manipulation is a phenomenon that arises from the need for spiritual domination of the few over the many. (A. Meyer)	Manipulation is a form of spiritual influence, carried out through coercion, with hidden dominance. (B.N. Bessonov)
2	Through manipulation, an individual becomes a useful and successful member of society by «instilling dominant norms of behavior» in his soul. (A. Meyer)	The exercise of covert power without regard to the wishes of another. (R. Goodin)
3	If there is no common thought, shared social stance, or unified position in society, anarchy will arise. Therefore, it	To relate to another person as a tool, an object. (V.N. Sagatovsky); Using another person as an object, a

	can be said that the presence of manipulation in information is, to some extent, justified. The attempt to manipulate is necessary, according to the laws of political history, to form common principles. (José Ortega y Gasset)	thing, controlling him. (E. Shostrom)
4	Manipulation is necessary to suppress the surge of public emotions. It is necessary to achieve state goals (G. Shishkov)	Hidden coercion — the pre-orientation of a person's thoughts, intentions, feelings, attitudes, behavior, and beliefs. (G. Schiller)
5	Manipulation – the management of public consciousness for the benefit of the people – «necessity» (T.M. Grushevskaya)	The structure of the world that allows you to win. (W. Riker)
6	The use of language resources in the fields of ideology, economics, and politics is a political necessity (G. Klaus)	From the height of his «I» he turns another one into a «HE», an object that he can control and manipulate, and that he uses to carry out his actions. (E. Shostrom, V.N. Sagatovsky)
7	In the complex and multifaceted conditions of transition to a market economy, the formation of the republic's sovereignty, its autonomy and economic independence, and the implementation of political reform, ideology is a Believing that the people will decide to implement this policy without any influence difficult. Therefore, ideological influence, setting it in motion, is a vital necessity. A. Kalmyrzaev	The manipulator's desire to actively influence events, creating a structure of the world in his own interests. (E.L. Dotsenko)
8		manipulation – «domination», «management», «control» (D.N. Volkogonov, E. Shostrom)

Thus, political manipulation is understood in all scholarly definitions as a method and means of implementing people's will through various tools (authority/prestige, law, coercion).

Scientists consider two stages of the manipulation process: urgent (operational) and strategic. The characteristic of urgent manipulation is that, using the values, stereotypes and needs in the minds of people, the manipulator directs the socially significant actions of the masses into the channel he needs, obliging them to receive social information that is beneficial to him. And the characteristic of strategic manipulation is as follows: «With the help of strategic manipulation, over a long period of time, those values, needs, ideas, stereotypes are formed in consciousness that contribute to maintaining the stability of the situation, beneficial to the manipulator, and can be used for operational purposes» [16].

S.G. Kara-Murza notes that today people have developed a need to believe in or be convinced of something: «the modern person feels a need for suggestion» [1]. In his view, belief through words is inherent to the human psyche and operates prior to critical thinking; in other words, language serves as an effective lever for influencing the sensitive and emotional spheres of human consciousness. The French psychologist Serge Moscovichi in his work «Science of the Masses» discusses the emotional impact of language as follows: «What is astonishing and incomprehensible in many respects is the omnipotence of words in the psychology of crowds. Their power does not come from what is said, but from their 'magic,'

from the person who utters them, and from the atmosphere in which they are born. One should treat them not as mere elements of speech, but as seeds of images, as grains of memory-almost as living beings… Emotion governs the laws of the crowd. People need illusion, and the leader's actions are filtered through that illusion, which turns out to be more essential than reason» [17].

According to these researchers, it is for this reason that manipulators rely on language. The main goal here is to evoke certain emotions and feelings through words, and thus to induce a specific action as a result of the emotion that has arisen. Over time, emotional words that manipulate consciousness are supplemented with linguistic structures. Kara-Murza defines the rational structure of language as grammar and syntax, the «second layer of influence». Manipulators rely on this second layer, using linguistic constructions of varying complexity. «That is why science pays so much attention to the creation of artificial languages, while the rationalist paradigm dominates the consciousness of the masses», Kara-Murza believes [1].

A comprehensive analysis of the concept of «manipulation» leads to the following conclusion: new changes in society, especially socio-political changes, require and oblige us to reconsider the directions of areas of activity that are closely related to social psychology, because, according to scientists: «In the conditions of the existential vacuum created by the collapse of previous social ideals, a critical and rational attitude towards the world decreases, obstacles are created to the self-actualization of the creative potential of the individual. New ways of manipulating consciousness arise, fraught with the danger of its social degradation» [16].

It is also known that the behavior of society changes based on information received through the media. This issue is well discussed in the article by Zh. Bekbolatov «Information Policy and National Language in Kazakhstan»: «The question of how to adapt the behavior of the population to the requirements of the new era, how to form a new mentality should be one of the main questions facing state administration» [18].

Many domestic scientists emphasize that state management should begin with the management of mentality. According to Candidate of Philosophical Sciences E. Burova, no one in our country is engaged in summarizing ideological paradigms in a mental sense. In such a situation, some non-state institutions are actively trying to shape the public consciousness in their own direction, to establish a new mentality. This new mentality is characterized by tendencies toward despair, portraying the state and its representatives as enemies, and giving way to feelings of crisis and hopelessness. Under the pretext of «telling the truth», the dissemination of pessimistic information and forecasts through the mass media aims to channel public consciousness in a certain direction» [19].

Thus, the sphere of manipulation is mass consciousness, that is, a set of attitudes, feelings, emotions, skills, willpower, habits, and specific traits of character that arise in a sufficiently large number of people based on socio-economic conditions in life [20].

Mass consciousness ensures the adaptation of people to social relations through their knowledge, behavioral characteristics, traditions and customs. There are many linguistic and linguistic methods of manipulation used to demonstrate a certain situation, for example: purposeful repetitions, questioning pragmatics, exclamatory sentences, phraseological units, metaphor, simile, epithets, comparison method, colloquialism, metaphors, application method, permanent names, various abbreviations. Such linguistic units are an optimal tool for proving the veracity of the information provided and convincing the reader.

Scientist N. Uali in his works assesses some media as follows: «Feigning to defend the interests of the nation, language, science, and art, they use linguistic techniques that stir up a storm in a teacup-making a mountain out of a molehill or portraying a camel as a mere ant and vice versa [21]. In this case, they use linguistic methods to influence the emotional feelings of the reader rather than the intellectual perception». The combination of national interests and state interests should be reflected in the media more often.

Conclusion

Based on the works of scientists, the ambivalence of the term «manipulation» was revealed. Studies in this context led to the conclusion that the term «manipulation» should not be interpreted only in a negative sense. «Manipulation is a form of spiritual influence carried out by force, with hidden dominance, the use of hidden power without taking into account the wishes of another person, using another person as an object, thing, managing and controlling him», and «If there is no common thought, common public position, position in society, anarchy occurs. Therefore, it can be said that the occurrence of manipulation in information is justified. Attempts to manipulate are necessary in order to form common positions according to the laws of political history».

According to researchers, a manipulator is a social group that possesses special knowledge, is well-versed in manipulative influence, and holds advantages within society. The object of manipulation is large social groups involved in political processes. The sphere of manipulative influence includes emotions, feelings, views, customs, traditions, attitudes, values, and the needs of social groups. Altogether, these elements form mass consciousness. The main goal of the subject of manipulation is to shape the social and political objectives of society and the state, bringing them to the level of mass consciousness in order to maintain its own advantages within the social hierarchy and to ensure control over the object. The only true force capable of influencing public consciousness and uniting the masses toward a common goal is control through the mass media – one of the key mechanisms of the media itself.

References

1. Bessonov B.N. Ideologija duhovnogo podavlenija. – Moskva: Mysl', 1978. – 295. [in Russian]
2. Bekbolatuly Zh. Information Policy and National Mentality in Kazakhstan. №1 (30). 2008. – 188 b. [in Kazakh]
3. Burova E. K obnovlennoj mental'nosti. // Mysl'. 1999. №11. [in Russian]
4. Volkogonov D.A. Psihologicheskaja vojna: Podryvnye dejstvija imperalizma v oblasti obshhestvennogo soznanija.- Moskva: Voenizdat, 1983. – 95 p. [in Russian]
5. Grushevskaja T.M. Politicheskij gazetnyj diskurs: lingvopragmaticheskij aspekt: dis. na soiskanie uchenoj stepeni doktora filol.nauk. – Krasnodar, 2002. – 256 p. [in Russian]
6. Gerasimov V.M. Obshhestvennoe mnenie v zerkale politicheskoj psihologii. – Moskva: Luch, 1995. – 21 p. [in Russian]
7. Grushin B.A. Massovoe soznanie: Opyt opredelenija i problemy issledovanija. – Moskva: Politizdat, 1987. – 73s. [in Russian]
8. Docenko E.L. Psihologija manipuljacii: fenomeny, mehanizmy i zashhita. – Moskva: CheRo, 1997. – 344 p. [in Russian]
9. Kara-Murza S.G. Manipuljacija soznaniem. – Moskva: JeKSMO, 2003. – 830. [in Russian]
10. Klaus G. Sila slova. Gnoseologicheskij i pragmaticheskij analiz jazyka. – Moskva, 1967. – 210.
11. Kassirer Je. Tehnika sovremennyh politicheskih mifov // Vestnik Moskovskogo universiteta. Ser.7, 1990, №2. – 58 p. [in Russian]
12. Kalmyrzayev A. We, Kazakhs, Have Longed for Freedom Since Ancient Times. – Almaty: Gylym, 1998. – 102 p. [in Kazakh]
13. Moskovichi S. Nauka o massah. – Moskva. 1996.[in Kazakh]
14. Nurgeldi U. The Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture. Abstract of the Doctoral Dissertation (Philology). – Almaty, 2007. [in Kazakh]
15. Ortega-i-Gasset Hose. Vosstanie mass / Per. Geleskula A.M. – Moskva: OSR, 1991.[in Russian]
16. Sagatovskij V.N. Prikladnaja jetika i upravlenie nravstvennym vospitaniem. – Tomsk, 1980. – 83-89 s. [in Russian]
17. Culadze A. Bol'shaja manipuljativnaja igra. – Moskva: Algoritm, 2000. –336. [in Russian]
18. Shostrom Je. Anti-Karnegi, ili Chelovek-manipuljator / per. s ang. A. Malyshevoj. –Minsk: TPU Polifakt, 1992. – 128 s. [in Russian]

19. Shishkov G. Upravljaemoe omassovlenie. – Moskva: Mysl', 2006. – 248 s.[in Russian]
20. Shiller G. Manipuljatory soznaniem. – Moskva: Progress, 1980. [in Russian]
21. Jaroshevskij M.G. Istorija psihologii ot antichnosti do serediny XX veka. – Moskva: Akademija, 1997. – 146 s.[in Russian]

Б.А. Абдыханова[1*], H. Stephanie[2]
[1*]Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
[2]Миннесота университетінің Білім беру және адам дамуы колледжі,
Миннеаполис, АҚШ
*Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336
*e-mail: abdychanovab@mail.ru

МАНИПУЛЯЦИЯ ТҮСІНІГІ ТУРАЛЫ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДИСКУРС

Аңдатпа. *Мақала лингвистикалық манипуляция терминіне, ондағы әртүрлі түсініктерге анықтама берілді, дискурсивті манипуляция кең және тар мағынада қарастырылды, манипуляциялық дискурстың ерекше белгілері келтірілді, оның белгілеріне сипаттама берілді. Манипуляциялық әсердің дискурсивті механизмдерінің жұмысы сипатталды, манипуляция механизмінің бұқаралық санаға әсері теориялық тұрғыдан негізделді. Бұқаралық санаға жасырын психологиялық әсер ететін тілдік құралдар анықталып, берілді, тіл тек қарым-қатынас құралы, ауызша белгілер жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тактика мен стратегияларға негізделген өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастырылды. Мұндай зерттеу әртүрлі ақпараттық технологияларды қолдануға қолайлы негіз болатын әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты қажет екендігі негізделді. Қазіргі уақытта әртүрлі ақпарат ағыны үнемі өсіп келе жатқандықтан, манипуляция құбылысы психолингвистика тұрғысынан өте маңызды зерттеу объектісі болып табылады.*

Мақалада осы ұғымның мәдени-философиялық мәні, оның әлеуметтік және психологиялық аспектілері зерттеледі. Сонымен қатар, манипуляцияның қазіргі заманғы ақпараттық кеңістікте, саясатта және адамдар арасындағы қатынастарда қолданылуы туралы да сөз болады. Автор мақалада қарастырған бұл ұғымның этикалық жақтарын зерделеу арқылы, оны түсіну мен анықтаудың философиялық маңыздылығын айқындайды.

Тірек сөздер: *Манипуляция, тілдік сана, бұқаралық сана, тілдік манипуляция, манипуляциялық технология.*

Б.А. Абдыханова*[1], H. Stephanie[2]
[1*]Университет имени Шакарима города Семей,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
Образованияи развития человеческого потенциала,
университет Миннесоты, Миннеаполис, США
*Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336
*e-mail: abdychanovab@mail.ru

КУЛЬТУРНО-ФИЛОСОФСКИЙ ДИСКУРС О ПОНЯТИИ МАНИПУЛЯЦИИ

Аннотация. *Статья посвящена разновидности языковой манипуляции, описанию работы дискурсивных механизмов манипулятивного воздействия. В статье приводятся специфичные черты манипулятивного дискурса, рассматривается дискурсивная манипуляция в широком и узком смысле, дается характеристика ее разновидностям.Автор выявляет и описывает языковые средства, с помощью которых осуществляется скрытое психологическое воздействие. В последнее время язык воспринимается не только как средство общения, система вербальных знаков, но и как способ взаимодействия на основе определенных тактик и стратегий.Необходимость такого исследования обусловлена социокультурной ситуацией, которая представляет собой благоприятную основу для использования различных информационных технологий.Поскольку в настоящее время постоянно растет поток информации, поступающей из различных источников, то явление манипуляция представляет собой очень важный объект изучения с точки зрения психолингвистики.*

***Ключевые слова**: манипуляция, языковое сознание, массовое сознание, языковые манипуляции, манипулятивные технологии.*

Авторлар туралы мәлімет

***Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна** – PhD, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ шет тілдер кафедрасының меңгерушісі, e-mail: abdychanovab@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336.

Stephanie Harson – Миннесота университетінің Білім беру және адам дамуы колледжі, АҚШ, Миннеаполис, e-mail: slhanson@umn.edu.

Сведения об авторах

***Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна** – PhD, и.о.ассоц.проф. заведующий кафедрой иностранных языков университета имени Шакарима г. Семей, e-mail: abdychanovab@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336.

Stephanie Harson – Колледж образованияи развития человеческого потенциала, университет Миннесоты, Миннеаполис,США. e-mail: slhanson@umn.edu.

Information about authors:

***Baktygul Abdykhanova** – PhD, acting associate professor, department of foreign languages high school of philology, Shakarim University, e-mail: abdychanovab@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336.

Stephanie Harson – college of education and human development of Minnesota university Minneapolis, USA, e-mail: slhanson@umn.edu.

ҒТАМР: 16.21.47

Л.К. Мейрамбекова*, Ә.Қ. Мүтәлі, А. Қадысқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ. Сатпаев к-сі, 2
*Orcid: https://orcid.org/0000-0003-2159-4007
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖАСАМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. *Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Әрбір пайда болған жаңа ұғымдарды ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін іске қосылатын амал-тәсілдер мен термин жасауда пайдаланылатын ішкі көздерді айқындап, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің маңызы айрықша. Сонымен қатар, кез-келген тіл басқа тілден сөз, термин алмасып отырады. Тіл атаулыда басқа тілден сөз, термин алмаған тілді кездестіру өте қиын.*

Бұл мақалада қазақ тіліндегі терминжасамның ерекшеліктері ғылыми тұрғыда зерттеліп, қарастырылды. Терминтанудың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы кезең-кезеңімен талданды. Тілдегі терминжасамның негізгі бағыттары, олардың қазіргі қоғам мен ғылымда қолданылуы туралы пікірлер талданды.Қазақ тілінде терминжасамның ерекшеліктері оның грамматикалық және лексикалық құрылымдарына сәйкес дамып келеді. Мақалада ұлттық тілдің ерекшеліктері мен мәдени факторлардың, сондай-ақ халықаралық тәжірибелердің қазақ тіліндегі терминжасамға әсері талданады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі мен құрылымдары арқылы жаңа терминдерді қалыптастырудың тәсілдері мен әдістері қарастырылып, тілдік қолданыстардың дұрыс, жүйелі әрі түсінікті болуына бағытталған ұсыныстар беріледі. Мақала терминологияның тілдік негіздерін қарастырып, тіл қолданушыларына термин жасаудағы мүмкіндіктерді кеңейтуді мақсат етеді. Ұлттық терминдер қорын жасауда бағыттар мен ұстанатын қағидаттар жан-жақты көрсетілді. Сонымен қатар,Алаш зиялыларының қазақтың ғылыми тілін қалыптастырудағы атқарған еңбектері баяндалды.

Тірек сөздер: *қазақ тілі, ұлттықтерминология, Алаш зиялылары, үндестік заңы, терминжасам, терминқор.*

Кіріспе

Тілде пайда болған терминдер адамдардың объективті шындықтары мен ұғымдарына дәл және нақты анықтама беруге ұмтылуымен байланысты болады. Термин латын тілінде «terminus», ал қазақ тілінде шек, шеті, шекарасы деген мағынаны білдіреді. Терминдер сөздігінде терминге мынадай анықтама берілген: «термин – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер» [1]. Демек, термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғымның атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады.

Қазақ тіліндегі терминдер басқа тілдегі терминдер сияқты тілдің дамуымен бірге дамып келеді. XX ғасырдың басында сала мамандарының ішінен де кәсіби білім мен білік жиып, өз білгенін хатқа түсірсем деушілер де табылып отырды. Мысалы, 1929 жылы мұнайшы Сабыр Шәріпов қазақ тілінде жазылған алғашқы «Nepti» атты еңбекті қазақ тілінде жазып баспаға ұсынды. Арнаулы сала тілін ғылыми тұрғыдан зерделеп зерттеу ісіне қазақ зиялылары аз тер төкпеді. Қазақ ғылымын дамыту жолында оқу құралдарын сапалы дайындау үшін терминологиялық жүйенің қажет екенін, термин сөз қалыптастыру тәртібі болу керектігін жақсы түсінді. 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ зиялылардың бас қосуы елеулі орын алды. Е. Омарұлының «Қазақша пән сөздер» тақырыбындағы баяндамасы қызу пікір-талас туғызды. Пән сөздеріне қатысты Е. Омарұлының ойлары аса құнды болды. Елдес Омарұлы өз баяндамасында қазақша «пән сөздерін» қалыптастырудың маңыздылығын дәлелдей келіп, жалпыхалық тілінің терминжасам құндылықтарына жүгінуге үндейді. Қазақ тілінің сөзжасам формаларына тоқталып, морфологиялық тәсілді қолдануда тұрлаулы және тұрлаусыз жұрнақтардың мәнісіне, қолданбалы мағанасына терең үңілуге алғашқы қадам жасайды. Баяндамада пән сөздерін қалыптастырудың жолдарын қарастыра отырып, Еуропа халықтары қолданған латын пән сөздерін алуға болатындығын айтып, сөзжасам кезінде тілдегі үндестік заңы қатаң сақталуын ескертеді де, өзге тілден алынған кірме термин сөздер

турасында мынандай ой білдіреді: «Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің де бәрін сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрін де бірыңғай жіңішкертіп я бәрін жуандатып алу керек». Термин сөздерді қалыптастырудың бірден бір қағидаты ретінде оның қазаққа – жалпы халыққа түсінікті және құлаққа жағымды болуында екенін баса айтады [2].

Ш.Құрманбайұлы бірнеше терминдерді айыратын белгілерді көрсетеді, атап айтқанда термин, ол ұғымның аты, оның дефинициясы болады. Терминдер сөз немесе сөз тіркестерінен, тілдік бірліктерден, жалпы есімдерден, сөз табына қатысы жағынан зат есімдерден тұрады. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады [3].

Терминге қойылатын талаптар:

1. **Терминнің бірмағыналылығы.** Термин бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы керек.
2. **Термин мағынасының дәлдігі.** Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі.
3. **Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы.** Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздер қысқа да нұсқа болуы керек. Тіл үнемділікті ұнатады.
4. **Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі.** Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы жасалады. Ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс.
5. **Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы.** Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады.
6. **Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы.** Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды.
7. **Эстетикалық талаптарға сай келуі.** Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр, қарапайым лексика, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн [3].

Алаш зиялыларының қазақтың ғылыми тілін қалыптастырудағы рөлі орасан. Алаш зиялыларының еңбектері қазақтың ғылым тілінің негізін қалады. Алаш зиялылары тілде баламасы жоқ кезде шет тіліндегі терминдерді қабылдауға болады, бірақ шет тіліндегі терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкестендіріп алу керектігін айтқан. Қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің тұрақтана бастауы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен негіз алады.А.Байтұрсынұлы тіл, әдебиет ғылымдары терминологиясының негізін қалаумен бірге, әдістеме, тарих және этнографияға қатысты терминдер жасаған. Ол терминжасам тәсілдері мен жолдарын анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған, қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы ғалым [4]. Мысалы: *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, шылау* сияқты терминдер өте ұтымды жасалған, өміршең терминдер [3]. «Оқу құралы», «Тіл - құрал» оқулықтарында қазақ тілінің бүгінгі күнге дейін қолданылып жатқан терминдерін көруге болады. Пән сөздерін жасау барысында А. Байтұрсынұлы ең бірінші қазақтың байырғы төл сөздері негізінде термин жасау қағидатын берік ұстанып, термин жасауда қазақ тілі мүддесін басты орынға қойды.

Сонымен қатар, ғалым Ә. Жүнісбектің қазақ тілінінің фонетика терминдерін жасауда орны ерекше. Ғалым жасаған фонетика терминдері нақты мағынаны бере алатын, жалпы оқырмандарға да түсінікті. Олар **-м, -ым, ім** форманттары арқылы жасалған терминдер. Мысалы: **айтыл+ым – акустика, жасал+ым – артикуляция, қабылдан+ым – восприятие**

речи, естіл+ім – перцепция. Бұл терминдер жоғарыда талдаған терминдерге қойылатын талаптарға сай келеді [3].

Қазақстандағы қазақ терминологиясының бастауы

Қазақ терминологиясы өзінің даму тарихында түрлі кезеңдерді басынан өткергені мәлім. Қазіргі таңда терминология қазақ тіл білімінің үлкен бір зерттеу саласына айналып отыр. Қоғам, ғылым, техника, технология дамыған сайын пайда болған ұғымдарға атау беру қажеттілігі туындайды. Осы құбылысты жүзеге асыратын лексика бөлігінің үлкен бір саласы – терминология. Терминология – жаңа ұғымның атауы қызметімен қатар сөздік қорды байытатын да сала. Оның осы даму тарихын, терминтанудың ғылым ретінде қалыптасу жолын, ұлттық терминдер қорын жасауда ұстанатын бағыт-бағдар, ұстаным– қағидаттарды анықтау, терминологияның өзге де көптеген ғылыми-теориялық, практикалық мәселелерін жан-жақты зерттеу өте маңызды. Бұған термин сөз бен терминдер жүйесінің лингвистикалық табиғатын, әр саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін, терминологияны біріздендіру, реттеу, стандарттау сияқты терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізудің ғылыми негізі мен әдістемесін жетілдіру де кіреді. Терминология саласының қалыптасып, дамуына ұлттық терминқордың сапалы терминдермен толығуына үлес қосқан, қосып келе жатқан ғалымдар баршылық. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Елдес Омарұлы, Нәзір Төреқұлов сияқты қазақ зиялылары ұлттық терминқордың негізін қалауға жол салса, одан кейін Р. Сыздықова, Ө. Айтбайұлы, Б.Қалиев, М. Малбақов, Ш. Құрманбайұлы т.б. ғалымдардың да еңбегі ұшан-теңіз.

М. Кахраман қазақ терминологиясының даму тарихын *алғашқы кезең, дәстүрлі кезең, социалистік кезең, жаңа кезең* деп төрт кезеңге топтастырады [5].

1. Алғашқы кезең (1860-1910).

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ терминологиясының қалыптасуы, дамуы мен орнығу кезеңінде сөздердің терминденуін зерттеу мақсатымен оның даму жолы көрсетілген. Қазақ зиялылары ескі және жаңа ғасыр аралығындағы терминологияның даму жолдарын тұтастай қарастыра отырып, келешекте оның қандай болуы керектігін көрсетті. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық терминдерін жасаудың алғашқы үлгілері, сондай ақ, алғашқы басылып шыққан оқу құралдары мен ғылыми еңбектерінің негізінде қалыптасқан арнаулы сала тілі терминдері пайда болды. Жалпы бұл кезеңде ғылыми дамуларға байланысты ғылыми тіл және ғылыми терминдер қалыптасты [6].

2. Дәстүрлі кезең (1910-1930 арасындағы қазақ терминологиясы).

1910-1930 жылдар арасында қазақ елінің зиялы қауымы ұлттық тілдің дамуын негізге ала отырып, білім және өнер салаларына арналған еңбектерін жазып, терминжасау, термин қалыптастыру дәстүрін қалыптастырды. Білім және өнер салаларында ғылыми еңбектер жазған Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жармахан Күдерин, Мағжан Жұмабайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Елдес Омарұлы, Нәзір Төреқұлов сияқты қазақ зиялылары болды.

Қазақстанда жарық көрген алғашқы биологиялық оқу құралы Жармахан Күдериннің «Өсімдіктану» кітабы болды. Осы оқу құралында қолданған *аналық, әкелік, тұқым, түйіршік, қабықша, қалташа* секілді терминдер зиялы қауымдар тарапынан қолдауға ие болды (Жармахан Күдериннің «Өсімдіктану»). Сұлтанбек Қожанұлы еңбектерінде *теория, катет, пішін, диагонал, радиус, ортақ диаметр, таблица* сияқты терминдерді қалыптастырды (Сұлтанбек Қожанұлы). Елдес Омарұлының 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Пішіндеме» атты оқу құралында *түйін, теория, қор – катет, пішін – фигура, қия – диагонал, өріс – радиус, саты – таблица* сияқты терминдер

қолданылған (Елдес Омарұлы). Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде *еңбек, ақыл, жан, арман, қайрат* деген терминдер кездеседі (Мағжан Жұмабаев).

Қазақ арнаулы сала тілінің соның ішінде қазақ терминогогиясының зеттеу тарихында 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының *сиезі* (қазір бұл сөз *съезд* деп жазылады) елеулі орын алды.Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіне Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Елдес Омарұлы, Кенжеұлы Аспандияр, Наурызбайұлы Мырза сынды қазақтың зиялы азаматтары қатысты.Осысиездің талқылауына мына мәселелер ұсынылды:

- жазу мәселелері;
- әліпби мәселелері;
- қазақша пән сөздер;
- ауыз әдебиетін жию шаралары;
- оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары;
- бастауыш мектептердің бағдарламалары [2].

Жазу мәселелері туралы баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. Елдес Омарұлы орыс тілі мен қазақ тілінде сөздердің жазылу ережелерін салыстырып, кейбір сөздердің жазылуы естілуінен басқаша болатынын, орысша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгеретіндігін айтады. Ал керісінше қазақ тілінде жазу дыбыс жүйесінше екендігін, әр сөз өзінің естілуінше жазылатындығын баяндай келе: «Қазақша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгермейді. Бір түбірге түрлі жалғау, жұрнақтар жалғанып өзгереді. Сондықтан біздің дыбыс жүйесіне келтіріп жазған сөздеріміз түбірлерінен басқаша болып, шықпайды» - деп түсіндіреді [2]. Сонымен қатар, қазақтың жазу ережелеріне байланысты – дыбысталуы бойынша жазудың дұрыстығы, кірме сөздерді бұқараға ыңғайлы қылып айту, қазақ тілінде бірен-саран жерде қолданылатын әріптерді әліпбиден алып тастау, тіл ережесін барынша қиындатпау, тілді ескіліктен айыру сынды салмақты пікірлер ұсынылған. Алаш зиялылары кірме сөздерді қазақ тілінің үндестік заңын сақтай отырып қолданысқа енгізгенде қойылған талапқа сай бұқараға айтуға ыңғайлы етіп енгізген. Оны мына мысалдардан көруге болады: «Баспақананың түрік *кәссісінде* 174-200 әріп ұясы болады, латын *кәссісінде* 100-ден аспайды. Орыс наборшігі (әріп тізуші) өз тілінде 7500 әріп тізгенде, латын әрпімен жазылатын *полак, прансуз* тілдерінде 5500 әріп теріп шығарады» – [2]. Қазіргі кезде мұндағы *кәссі – касса, полак - поляк, прансуз – француз* деп айтылып және жазылып жүр.

Әліпби мәселесі бойынша баяндаманы Ахмет Байтұрсынұлы жасады. Ахмет Байтұрсынұлы әліпби тақырыбындағы баяндамасында әліпбиді түзеу түркі жұртында бұрыннан келе жатқан мәселе екендігін айта келе жақсы әліпбидің қасиеттеріне сипаттама береді:

1. Жақсы әлібби тілге шақ болуы керек. Өлшенбей тігілген о жер, бұ жері бойға жұуысбай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әлібби де қолайсыз. Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әлібби де қолайсыз болады.

2. Жақсы әлібби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліббидің әрбір сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

3. Әліббидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуға тиіс. Әрпі тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әлібби баспа сөзді арзандатады.

4. Жақсы әлібби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай. Баспасы мен жазбасының сүуреті жақын әлібби үйретуге жеңіл болады. назар салынып, түркілік тұтастыққа баса мән берілген [2].

Съезде пән сөздерін талқылау қызу пікірталас тудырды. Қазақ тіліндегі пән сөздеріне қатысты баяндаманы Елдес Омарұлы жасап, оған Нәзір Төреқұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы жарыссөзге шығып, пікірлерін ортаға салды. Пән атауларын талқылаудан соң съезд қаулы қабылдады. Осы қаулыда қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынуын, қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түркі тілдерінен атап айтқанда, жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай

сөздер жатырқамай алынсын дей келе, Еуропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, қазақша сөздер әліббиі ретімен тізіліп, лұғат кітабы болып жазылып шығарылсын деген шешімдер қабылданды [2]. Елдес Омарұлықазақта жоқ пән сөздерінбасқа түркі тілдерінен алу керек дегенді түркіхалықтарының бәріне ортақ сөзден іздеу деп түсіну керектігін айтады. Себебі өзбек тіліне парсы тілінен енген сөздер, әзірбайжан және Оспан түріктерінің пән сөздеріне көбіне араб тілінен алынған сөздер, ал ноғай тіліне араб, парсы, орыс тілдерінен енген сөздер болғандықтан жалпы түркі халықтарының бәріне ортақ әрі түсінікті пән атауларын алуды ұсынды [2].

Съезде мектепке арналған оқу бағдарламасын жасау, оқулықтар жазу саласы да сарапталған. Алаш ардақтысы Телжан Шонанұлының сол жиында бастауыш сыныптарға арнап түзген оқыту жоспары бүгінгі тәуелсіз еліміздің білім бағдарламасына да оң ықпал ететін тағылымды жұмыс деуге болады. Алаш зиялылары ғылыми еңбектерді көбейту мәселесінің өзектілігін жақсы түсініп, ақыл-ой қазынасын байытудың қамын ойлапты.1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының съездегі Алаш зиялыларының жасағанбаяндамаларынан, ортаға салған пікірталас ойларынанқазақ тіліндегі жаңа термин сөздерді талаптарға сай қолданғанын анық көруге болады. Мысалы: *Пән сөздері әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспа жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс* [2]. *Сондықтан үшінші жыл тұрмыс жүйесі жағырапиямен бір кетеді* [2]. *Қазақша төрт жылдық баулу мектептерінің пырағырамы* [2]. *Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттап, қазақша лұғат кітабын шығару керек екенін айтты* [2].

Мұндағы *кемесие – комиссия, пырағырамы – программа (*қазіргі кезде *бағдарлама* деп қолданылады*), жағырапия – география* деп айтылып және жазылып жүр, ал *лұғат – сөздік, нәзария – теория* деген мағынаны білдіреді. *Лұғат* – көне әдебиеттерде сөздік мағынасында қолданған сөз [7].

Осы Алаш зиялыларының қолданған сөздерін қазіргі кезге дейін Қытайдағы қазақтар қолданады. Мысалы: *Оқу-ағарту, тәлім-тәрбие қызметінен белгілі дәрежеде іс жүзіндік тәжірибесі және нәзариялық негізі болуы тиіс* [8]. *Нәзария* сөзі *теория* деген мағынаны білдіреді.1989 жылы Пекиндегі ұлттар баспасынан шыққан Қазақша-Ханзуша сөздікте *лұғат* сөзі берілген. Қытай тіліндегі аударма词典*сөздік* деп аударылған [9].

Мұның себебі Қытайдағы қазақтар ескі қазақ әліпбиі болып саналатын төте жазуды қолданады.



1-сурет – Қазақша-Ханзуша сөздік (төте жазу қолданылған)



Мәжіліс қат 113 бет Тарих 90 бет Лұғат 83 бет

2-сурет – Қазақша-Ханзуша сөздік (төте жазу қолданылған)

Ғалым Ш.Құрманбайұлы осы кезеңде қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі қаланып, ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тіліндегі төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы салалық терминологияның қалыптасуына жол ашылғандығын айтады [4].

3. Социалистік кезең (1930-1990 жылдар).

Социалистік кезеңде қазақ тілі бірте-бірте ұлттық терминологиядан алшақтап, терминдер орысшалана бастады. Термин жасауда Алаш зиялыларының ұстанған жолынан ауытқи бастады. Себебі, 30-жылдары Алаш зиялыларының көпшілігін халық жауы ретінде түрмелерге жапқан болатын. Нәтижесінде Кеңес Одағында термин жасау ісі орталықтан басқарылып отырды. Термин жасауда Кеңестер Одағының белгілеген ережелерін ұстануға тапсырма берілді. 1933 жылы Қазақстанда Термин комиссиясы құрылды. Қазақ

терминологиясында орталық тарапынан дайындалған терминдер еш кедергізіс қабылданып отырды. 1950-1960 жж. термин мәселесіне үлкен мән беріліп Кеңестік Одақтың үлкен жиындарында сөздік жасау мәселелері талқыланып, нәтижесінде түрлі салалар бойынша 12 томнан тұратын сөздік баспадан шықты. Бұл қазақ тілі мен терминологиясы үшін үлкен жетістік еді. КСРО-да терминология мәселелері халықаралық және ұлттық терминдер жүйесінде қаралды [8]. Алайда, Кеңестік дәуірде орыс тілінен енген терминдер қазақ тілінің үндестік заңын сақтамай қолданысқа кіріп жатты. Мысалы: *министрлік, вагон, самовар, волейбол, факт, факультет, ферма, актив* деп қолданысқа еніп кетті.

4. Жаңа кезең (1990 жылдардан кейінгі қазақ термині)

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшуі, шет мемлекеттермен халықаралық байланыс орнатуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы ұлттық терминологияға өз әсерін тигізіп, қазақ тіліне көптеген жаңа терминдердің енуіне жол ашты. Жабық қоғамнан ашық қоғамға, этатизмнен еркін экономикаға өте отырып, барлық салаларда егемен қоғам құру бағытында жұмыстар жүргізілді. Ғылымның барлық салалары бойынша қазақ тілінде ғылыми еңбектер жазыла бастады. Қазақ тілінде төлтума терминдер жасау мәселесі бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп көптеген жаңа терминдер пайда болды. Мысалы: социалистік кезеңде *класс, самолет, вертолет, документ, группа, протокол*сөздерін қазақ тілінде төлтума терминдерге алмастырып *сынып, ұшақ, тікұшақ, құжат, топ, хаттама*деп қолданысқа енгізілді. Бұл төлтума терминдерді алғашында қолдану қиын көрінгенімен, уақыт өте келе тиісті деңгейде өзінен-өзі қалыпқа түсті. Қазақ тілінде ұлттық терминологиясының бүгінгі таңдағы жаңаруына Қазақстан Республикасының егемендік алғаны ерекше ықпал етіп отырғандығы байқалады.

Жаңа терминдер жасауда ұлт тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану қажеттігін Ә.Қайдар ұсынды [3]. Жалпы кез-келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын **екі көзі** бар. Оның **біріншісі** - ұлттың өз тілі, **екіншісі** - өзге халықтардың тілі. Біріншісі терминжасамның **ішкі көзі,** екіншісі терминжасамның **сыртқы көзі** деп аталады. Қазақ терминологиясында атаулардың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды. Бұл көрсеткіш терминология әлі де толыққанды ұлттық сипатқа ие емес екендігін көрсетеді. Ол үшін терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріліп, термин жасауда пайдаланылуға тиісті лексикалық қабаттар тиімді пайдаланылуы қажет. Кірме терминдерді азайтып, ұлттық терминқорды байыту қазақ тілді ғалымдардың міндеті [3].

Қорытынды

Қорыта келе,қазіргі кезде қазақ тілінде үндестік заңына сай келмейтін термин сөздердің бар екендігі, басқа тілден енген атаулар өзгертпей, төте қолданылып жүргені анықталды. Осы жағдайды оңтайландыру үшін кірме терминдерді азайтып, қазақи терминқорды байыту, атап айтқандаұлттық терминологияның барлық салалары бойынша зерттеулер терең жүргізілуі заман талабы. Болашақта қазақ тілі терминдерінің жаңғырып, қолдану аясының кеңеюі үшін қызмет ету әрбір қазақтың міндеті мен парызы.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын 2023-2025 жылдарға арналған жоба аясында жүзеге асырылды. (IRN AP19676809)

Әдебиеттер

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. Екінші басылуы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Орынбор: Қырғыз мемлекеттік баспасы, 1925. / Халықаралық Түркі академиясы Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Ред. Д.Қыдырәлі. – Ғылым баспасы: Астана, 2015. – 270 б.

3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 928 бет.
5. Кахраман М. Түрік, қазақ тілдері терминологиясының даму жолдары және лингвистикалық терминдер. Фил. ғыл. канд ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. авторефераты. – Астана, 2010. – 24 б.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым. 1998. – 208 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
8. Лейчик В.М. Предмет, методы и структура терминоведения: Автореф, дисс. докт. филол. наук. М., 1989.
9. Қазақша-Ханзуша сөздік. Жауапты Н. Әбікенұлы. – Пекиндегі ұлттар баспасы, 1989. – 1492 б. (төте жазу қолданылған).
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
11. Шынжаң оқу-ағартуы / Айлық журналы №4, 2004. (журналда төте жазу қолданылған).

References

1. Adebiettanu. Terminder sozdigi. Qurastyrushylar: Z. Ahmetov, T. Shaŋbaev. Ekinshi basyluy. – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 b. [in Kazakh]
2. Qazaq bilimpazdarynyn tuŋǵysh siezi. – Orynbor: Qyrǵyz memlekettik baspasy, 1925. / Halyqaralyq Turki akademijasy Qazaq bilimpazdarynyn tuŋǵysh siezi. Red. D. Qydyrali. – Ǵylym baspasy: Astana, 2015. – 270 b. [in Kazakh]
3. Qurmanbaiuly Sh. Terminqor qalyptastyru kozdari men terminjasam tasilderi (Barlyq sala mamandaryna arnalǵan adistemelik qural). – Almaty: Sozdik-Slovar, 2005. – 240 b. [in Kazakh]
4. Qurmanbayulı Ş. Qazaq terminologiyası. – Almatı: Sardar baspa üyi. 2014. – 928 b. [in Kazakh]
5. Kahraman M. Turik, qazaq tilderi terminologijasynyn damu joldary jäne lingvistikalyq terminder. Fil. ǵyl. kand. ǵylymi därejesin alu üshin daiyndalǵan diss. avtoreferaty. – Astana, 2010. – 24 b. [in Kazakh]
6. Qurmanbayulı Ş. Qazaq leksikasınıñ termindenwi. – Almatı: Ğılım. 1998. – 208 b. [in Kazakh]
7. Qazaq tiliniŋ tüsindirme sozdigi. Jalpy redaktsijasyn basqarǵan T. Januzakov. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
8. Leichik V.M. Predmet, metody i struktura terminovedenija: Avtoref. diss. dokt. filol. nauk. – M., 1989. [in Russian]
9. Qazaqsha-Khanzusha sozdik. Jawapty N. Abikenuly. – Pekindegi ulttar baspasy, 1989. – 1492 b. (tote jazw qoldanylǵan). [in Kazakh]
10. Baitursynov A. *Til taǵylymy.* – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b. [in Kazakh]
11. Shynjaŋ oqw-aǵartuwy. Ailyq jurnaly №4, 2004. (jurnalda tote jazw qoldanylǵan). [in Kazakh]

Л.К. Мейрамбекова*, Ә.Қ. Мүтәлі, А. Қадысқызы
Евразийский национальный университет имени Л.Гумилева,
010008, Республика Казахстан, г.Астана, ул. Сатпаева, 2
*Orcid: https://orcid.org/0000-0003-2159-4007
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ТЕРМИНОЛОГИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. *По мере развития науки и техники появляются тысячи новых терминов. Особое значение имеет выявление методов и внутренних источников, используемых при создании терминов, а также выявление уникальных особенностей каждого из них, которые используются для формирования каждого нового понятия на основе национального языка. Кроме того, каждый язык заимствует слова и термины из других языков. Очень трудно найти язык, который не заимствовал бы слова и термины из другого языка. В данной статье*

были рассмотрены особенности терминообразования в казахском языке. Поэтапно проанализировано становление и развитие терминологии как науки. Подробно разъяснены направления и принципы, которых необходимо придерживаться при создании национального фонда терминов. Кроме того, были освещены работы алашской интеллигенции в формировании казахского научного языка.

Ключевые слова: *казахский язык, национальная терминология, алашская интеллигенция, закон сингармонизма.*

L. Meirambekova*, A. Mutali, A. Kadyskyzy
L.N.Gumilyov Eurasian National University,
010008, Republic of Kazakhstan, Astana city, Satpayev str., 2
*Orcid: https://orcid.org/0000-0003-2159-4007
*e-mail: lmeyrambekova@mail.ru

FEATURES OF THE KAZAKH LANGUAGE'S TERMINOLOGY

Abstract.*Thousands of new terms are created as science and technology progress. Finding the internal sources and techniques used to create terms, as well as the distinctive qualities of each one that are utilized to create each new concept based on the national language, is especially crucial.In addition, every language borrows words and phrases from other languages. It is quite difficult to find a language that does not take words and phrases from another language. This paper explored the characteristics of Kazakh terminology. The formation and development of Kazakh terminology as a science were analyzed step by step. The rules and principles of the construction of the national terminology database were comprehensively explained. In addition, the work of the Alash intelligentsia in the formation of the Kazakh scientific language was introduced.*

Key words: *Kazakh language, national terminology, Alash intelligentsia, vowel harmony.*

Авторлар туралы мәлімет

***Мейрамбекова Лязат Касымовна** – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, e-mail: lmeyrambekova@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6099-6335.

Мүтәлі Әлия Қадырқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы**,** Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, e-mail: mutali_tur62@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6090-9529.

Қадысқызы Айгүл – магистр**,** аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті. e-mail: kadys_a@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6099-6335.

Information about authors

***Lyazat Meirambekova** – PhD, acting associate professor, head the of Foreign Languages department at the Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU, e-mail: lmeyrambekova@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6099-6335.

Aliya Mutali – candidate of pedagogical sciences, senior lecturer of the Foreign Languages department at the Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU. e-mail: mutali_tur62@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6090-9529.

Aigul Kadyskyzy – senior lecturer of the foreign languages department at the Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU, e-mail: kadys_a@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6099-6335.

Сведения об авторах

***Мейрамбекова Лязат Касымовна** – PhD, и.о. ассоциированного профессора, заведующий кафедрой иностранных языков факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, e-mail: lmeyrambekova@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6099-6335.

Мутали Алия Кадыркызы – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры иностранных языков факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, e-mail: mutali_tur62@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6090-9529.

Кадыскызы Айгуль – магистр, старший преподаватель кафедры иностранных языков факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, e-mail: kadys_a@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002-6090-9529.

МРНТИ: 16.21.51

А.С. Садыкова
КГКП «Геологоразведочный колледж г. Семей»,
071411, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ж. Карменова, 11В
Orcid: https://orcid.org/0009-0008-3739-111X
e-mail: s-aizhan1984@mail.ru

КОНЦЕПТ «РОДИНА» В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Аннотация. *В данной статье представлено исследование концепта «Родина» в языковом сознании студентов средне-специального учебного заведения. Методом исследования послужил опрос студентов «КГКП «Геологоразведочный колледж г. Семей», охватывающий три содержательных блока: 1 блок - выявление языковых представлений, стереотипов, ценностных ориентаций и мировоззренческих установок, репрезентирующих концепт «Родина» в сознании студентов; 2 блок - изучение культурных ассоциаций и образов, связанных с концептом «Родина» в сознании студентов; 3 блок - изучение иерархической структуры понятия «Родина» в сознании студентов. На основе полученных данных мы прослеживаем сфокусированность окружающего пространства и его эмоциональное восприятие, что позволяет говорить о приоритете интуитивного и эмоционально-чувственного восприятия над рациональным. Как показывает исследование, «место рождения и проживания» является ядром структура концепта «Родина». Это отражает близость языковой картины мира этой группы понятий к наивной картине мира. Уровни эмоционального восприятия имеют особую значимость в описании содержательного компонента концепта «Родина». Результаты исследования могут быть использованы для более глубокого понимания культурных особенностей Казахстана, а также для развития межкультурной коммуникации.*

Ключевые слова: *концепт, родина, языковое сознание, студенты колледжа, лингвокультурология.*

Введение

Концепт «Родина» – одно из самых важных и сложных понятий в языковой картине мира, охватывающее не только географические, политические и культурные аспекты, но и эмоциональные и психологические компоненты. Изучение этого концепта позволяет получить представление о его семантике и роли в обществе.

тақырыптары жүйелі түрде анықталды. Сонымен қатар, интерпретациялық зерттеу тәсілін қолдана отырып, философиялық, әдеби тұрғыдан мазмұндық желісі айқындалды. Социологиялық жақтан шығармалардың әдебиетте алатын орны мен автордың қоғамдық мәселелерге көзқарасы терең сарапталды. Антропоморфты кейіпкерлер арқылы баяндаудың тиімді жолдары қарастырылып, шығармалардан үзінділер мысалға алынды. Үзінділер анализдеу мен психоаналитикалық тұрғыдан толық түрде талданды. Зерттеудің нәтижесі ретінде антропоморфты кейіпкерлердің нарратологиядағы орны айқындалып, тиімділігі анықталды.

Әдебиетке шолу

Сәкен Жүнісовтің «Сақау бәтеңке» атты балаларға арналған әңгімесіне кезек берейік. Шығарманың атауынан не жайында екендігін аңғарамыз. Бір оқығанда жай ғана бәтеңке туралы деп ойлайтынымыз анық. Енді шығарманың үзінділерін біртіндеп талдап көрейік.

Әңгіме екі бәтеңкенің кездесуінен басталады. Ескі аяқ киімдердің арасына су жаңа бәтеңкені алып келеді. Ескі бәтеңке сол арада өз мұңын шыға бастайды. Иесі Шолақтың қалай қорлағаны туралы, азапқа салғандығын асықпай баяндап береді. *«Е-е, айта берсем, көрген қорлық толып жатыр. Осындай тепкінің астында жүріп, қалай тозбассың»* [5]. Осы үзіндіге назар аударайық. Мен бұл арадан қоғамдағы әлеуметтік бөлініс тақырыбын, жоғары тап мен төмен тап мәселесін көргендей болдым. Бұл ескі бәтеңке – төмен тап өкілдері немесе жұмысшы қазақтар, ал иесі Шолақ – бай мен ақсүйек қауымы, биліктегі жоғары тап өкілдері. «Сақау болу» – қоғамда болып жатқан әділетсіздікке қарай тұра, оған ештеңе айта алмаудың, шарасыздықтың белгісі. Қарапайым халықтың адам деп еленбеуін, олардың еңбегінің бағаланбауын, сөз бостандығының болмауын, қоғамдағы күрестің әлсіздігін білдіреді. Қоғамның «сақаулығы» деп осыны айта аламыз. Сәкен Жүнісовтің «Сақау бәтеңке» әңгімесі – қоғамдағы цензураны айналып өтіп, сол кезеңдегі әділетсіздіктер мен тап мәселесін антропоморфты кейіпкерлер арқылы терең бейнелеген туындысы. Жазушы балаларға арналған әңгіменің астарына әлеуметтік, қоғамдық тұжырымдаманы шебер енгізіп, цензураны айналып өткен. Шығарманы оқи отыра оның құпиясы мен мәнін нарратология тұрғысынан түсіне білуіміз керек.

Шетел әдебиетінде де бұндай кейіпкерлер көптеп кездеседі. Сондай шығармалардың бірі де бірегейі – Джордж Оруэллдің «Мал қора» (ағылшынша «Animal farm») шығармасы. Шығарманың көлемі шағын болғанымен, берер ойы мен идеясы сондай күрделі. Толықтай антропоморфты кейіпкерлер арқылы құрылған, аллегориялық повесть.Шығарма саясат пен билік жүйесін, қоғам мен адам мәселелерін антропоморфты кейіпкерлер арқылы сөз етеді. Оқиғаның басты өзегі – саяси идеология. Бұл қазақ қоғамында да өзектілігі әлі күнге дейін жойылмаған мәселе. Шығарманың өзіне назар аударсақ, түрлі жануарлардың қатысуын адамдардың, ұлттардың көптүрлілігі деп байқасақ болады. Олар әртүрлі тапты, әртүрлі топты немесе тұлғаларды сипаттайды. Шошқа – билік басындағы басшы бейнесінде, ат – жұмысшы қара халық, қойлар – билікке сенім білдіретін жуас тобыр ретінде көрініс табады.Жануарлардың басшыға қарсы шығуы, ел тарихындағы көтерілістерді еске алады. Алайда қалыптасқан салт бойынша билікке шошқа келеді. Шошқаның образы да билеуші тапқа сәйкес. *«Барлық басқа жануарларды үйрету және ұйымдастыру жұмыстары, әрине,* ***шошқаларға*** *жүктелді, себебі олардың ерекше ақыл-ой қабілеттері бәрімен де бір ауыздан мойындалған болатын».* Бұл аздап автордың сарказм ретінде айтқаны деп топшыладым. Қарындары қампиған, не істерлерін білмей жүрген ақымақ жануардың билікке келуі қазіргі қоғаммен үндесіп жатыр. Олар билік басына шығып, қарапайым халыққа теңдік, еркіндік туралы уәделер жаудырады. Бірақ олар орындалмайтын құр сөз еді. *«Адамдарды тек өз мүдделері ғана қызықтырады, басқалардың мүдделері оларға маңызды емес».*Жануарлардың мына пікіріненне ой түйеміз? Егер жануарларды антропоморфты кейіпкерлер деп алар болсақ, олар – адам, ал адам деп тұрғандары – биліктегі бастықсымақтар.

Енді жұмысшы аттардың іс-әрекеттеріне назар аударайық. Көзі биліктен, басшыдан басқа ешкімді көрмей, оларға жағу үшін, бар өмірін басшыларына қызмет ету үшін арнаған

ақымақтар бейнесі. *«Ол Джонстың кезінде де көп жұмыс істеген, ал қазір үш есе көп еңбек ететін болды; кей күндері ферманың бүкіл жұмысы оның мызғымас иығына жүктелгендей көрінетін. Ол күн шыққаннан батқанға дейін тынымсыз жұмыс істеп, әрдайым ең қиын жерлерде еңбек ететін. Бір әтешпен келісіп, оны бәрінен жарты сағат бұрын оятуды өтінді, осылайша күн басталмай тұрып, қай жерде көмек қажет болса, сол жерде өз еркімен бірдеңе жасап үлгеретін. Кез келген кідіріс немесе қиындыққа тап болғанда, ол әрдайым бір ғана сөз айтатын: «Мен тағы да көп жұмыс істеймін» — бұл оның жеке ұраны еді*.» Сонымен қатар оның «Наполеон айтты, демек дұрыс» деген ұраны да пайда болды. Бар қуаты мен күш-жігерін тек шошқалар үшін жұмсап, ақыр аяғы ешкімге керексіз болып қалады. Бұл нені білдіреді? Бұл қарапайым жұмысшы халықтың билік үшін құрбан болуы. *«Мистер Джонс бізді асырайды. Егер ол болмаса, біз аштан өлеміз». Басқалар сұрақ қоя бастады: «Біздің өліміміздан кейін не болатынына неге қамқорлық жасауымыз керек?» Немесе «Егер көтеріліс осылай болса, біз оған қатысқанымыздың қандай пайдасы бар?»* Бұл үзінді адамдардың ойы әлі де билікке тәуелді екенін айғақтайды.Басқаша тілмен психологиялық тәуелділік.Қазіргі қоғамдағы ақымақ, өз өмірлерінен басқа ештеңені, ешкімді ойламайтын, өзімшіл адамдардың бейнелері. Бәріне де көзсіз сеніп, айтқанға көніп, айдауға жүріп үйренген қойлар. *Ол қойлар арасында ерекше беделге ие болды. Кейде қойлар, не болып жатқанын елемей, хормен немесе жеке-жеке «Төрт аяқ — жақсы, екі аяқ — жаман» деп бақыра бастайтын, және осы сөздер жиі ассамблеяларды аяқтайтын.*Өзіндік ой-пікірлері жоқ тобырлық сана мен надандықтың белгісі. *«Қайтадан ол көрінгенде, оның шығуы әсерлі көрініс болатын — ол алты иттің қоршауында жүретін, олар әркімді үркітіп, жақындаған адамға үрей тудыратын. Кейде ол тіпті жексенбі таңертең де көрінбейтін, ал өз бұйрықтарын ол көбінесе шошқалардың біреуі арқылы, әдетте Визгун арқылы жеткізетін»* Бұл – Наполеон. Шошқаға берілген атау да кезіндегі ұлы диктатор Наполеон Бонапарттың есімімен тығыз байланысты. Иттер биліктің күші мен халықты қорқыту техникасының айғағы іспеттес.Ал оның көрінбеуі - диктаторлық жүйе мен халықты манипуляцияда ұстаудың жаңа тәсілі. Кейін оның туған күнін жануарлар болып, дүркіретіп тойлау, отшашу атып, оған шамадан тыс құрмет көрсету сияқты қолайсыз әрекеттер көрініс береді. Басшыны Наполеон деп қана емес, оған «Біздің көшбасшымыз, жолдас Наполеон» немесе «Бар жануардың әкесі, адамзаттың қорқынышы, қойлардың қамқоршысы» деген атаулармен атау ұсынылды. Биліктемәңгілік отыру мақсатында басшыны пұт деп, құдай деп табыну шынайы емес, жасанды құрмет. Жаңа салынған ғимарат, мектеп, сәулет өнері құрылыстарына да көсемнің есімін беру де шектен шыққандық. Шығарма желісінде әлеуметтік теңсіздік мәселесі де бой көтереді. Басқа жануарларға қарағанда шошқалардың дәрежесі, лауазымы зор. Шошқалар қанаушы тап өкіліне жатқызылса, қалғандары қаналушы тап болып, оларға сый-сияпат көрсетуі тиіс.Оларға жол беру, құйрықтарындағы жасыл лента да шошқалардың үстем тап өкілдері екендігін дәлелдейді.Шығарманың аяғында шошқалар өздерін басқарған адамдарға айнала бастайды. Бұл басшының бастапқы әділдік, адалдық, теңдік туралы уәделерін ұмытып, ережені өз мүдделеріне сай өзгертіп, билікте мәңгі отырудың жолын іздеу мақсатында өзінен бұрынғылардың әділетсіздігін қайталауы деп білемін. Саясатта қалыптасып қалған жүйе өз орнына қайта түсті.Джордж Оруэллдің «Скотный двор» («Animal farm») шығармасы–қоғамдағы әділетсіздіктерді, әлеуметтік дағдарыс, билік пен қарапайым халық, таптық бөлініс сияқты өзекті мәселелерді антропоморфты кейіпкерлер арқылы шебер бейнелеген туынды. Жазушының баяндау құрылымындағы ерекшеліктерді ескере отырып, кейіпкерлерге жан беріп, тың деректер арқылы шығармаға өң беруі көп нәрсені дәлелдейді. Сатира мен иронияны қолдана, оқырманға жеңіл әрі мазмұнды түрде өз идеясын оңтайлы жеткізе білген.

Халқымыздың асқар жазушысы Оралхан Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесі жөнінде не айта аламыз? Шығарма антропоморфизм мен символизмге қатар құрылған көркем туынды ретінде танымал. Басты кейіпкер – бұғы. Бірақ ол жануар сияқты емес, бойында адами қасиеттер кездеседі. Кербұғының ойы, іс-әрекеттері, сезімдері арқылы адамзаттың еркіндікке, рухани өсуге деген талпынысы көрініс табады. Кербұғыны антропоморфты

кейіпкер деумен қатар, символ деп те қарастыруға болады. Әңгімедегі бұғы табиғаттың тазалығын, оның еркіндігін білдіріп тұрғандай.

Кербұғының басын жерге салғаны – тағдыр талқысы алдында біржола тізе бүгіп, тек қана аспандап, тек қана асқақтап жүретін тәкәппар кеуденің жер болғаны, көбік шашар тентек көңілдің қор болғаны. Ал жылдар бойы мүйізін берсе, сауырынан сипатпаған түз тағысының осыншалық жуасуы – қор болғаны еді. Бұл үзіндідегі бұғының басын жерге салғаны тағдырына көнгенін, мойынсұнғанын, өз еркіндігінен айырылғанын сипаттайды. Адамдар қылған зорлықтан оның сұлулығы мен тәкәппарлығының жойылуы көрініс табады. Қоғамдағы адамдардың да жүйеге, әлеуметтік мәселелерге қарсы тұра алмай, соңында қор болыпкүйреуі, деградацияға ұшырауын Кербұғы бейнесі айқындап тұр. Бұл жолдар арқылы қоғамдық идеологияның сынына ұшыраған халықтың рухани құлдырауын жеткізген.

Рас, Кербұғы түз тағысын не себептен қоршауға ұстайтынын, адамдардың қу мүйізге құты қалғандай неге өшігетінін еміс – еміс қаперіне алып, осынау екі аяқтылардан жерініп те жүрді.. Адамдарды адам деп айтпай «екі аяқтылар» деумен, автор ол сөзге акцент түсіріп тұр. Адамдардың жануарларға деген зұлым әрекеттерін, табиғатқа жасаған қорлық әрекеттерді сынға алады. Кеңестік кезеңдегі халыққа жасалған зорлық, қиянат мәселелерін де осы жерде символ арқылы көтерген.

Марал жүзіқараларда ес бар ма. Кім жеңсе, кімнің атақ – даңқы асса, соның соңына ереді. Иә, маралдарда ес жоқ, өйткені оларда мүйіз жоқ – тоқал. Маралдарды «жүзіқара» деп атау олардың қара ниеттерін, өз пайдасы үшін ғана өмір сүретін, өзімшіл мінездерін айғақтап тұр. Оларда «ес жоқ». Ес дегенмен қоса, өзіндік ой – пікір мен көзқарас та жоқ. Әлеуметтік мәселенің бір шеті көрінеді. Өз пайдасы үшін арамдыққа бара алатын, жоғарыға жағынудан жалықпайтын қоғамдағы ессіз өкіл. Оларды тоқал деп кемсітуі де осы мінезді әшкерелеуден туған. Мүйізі жоқ маралда ес жоқ, олар өзгеге тәуелді. Екінші жағынан қарағанда, қоғамдағы сөз бостандығы мен еркіндіктің жоқтығын да осы тұстан болжамдауға болады.

Еркіндіктің ерке желімен жарысып, ой мен қырдың ара – жігін ажыратпай, бұла боп өскенб бұғы дәл қазір өмірдегі жамандық пен жақсылықтың уланған бастауынан дәм татты. Дәм татқызған – Адам! Тағдырдың бар талқысын жазмыштан ғана көретін аңқау көңіл, ақымақ хайуан бар билік, бар байлық, бар еркіндік тек адамдарда деп білді. Антропоморфтизм тәсілі арқылы баяндауда антропоморфты метафоралар мен метонимия сияқты көркемдеуіш құралдар да пайдаланылады. «Еркіндіктің ерке желі»: бұғылардың ежелден кең далада еркін өсуін бейнелейді. Бірақ, оның бәрін адамдар өздерінің жаман пиғылдарымен құртады. «Уланған бастау» – жақсылық пен жамандықтың араласып, улануы. Не жақсы емес, не жаман емес ортада қалып, адамдардың ойларының таяздығын білдіреді. Адам деген ұғымды жаман ниетпен айтып, олардыңсондай қауіпті, ақымақ, өздеріне ғана сенетін қиқар мінездерін әшкерелеп тұр.

...Бүкіл тауды айналып бағанағы орнына қайтып оралғанда ғана өздерінің қоршауда жүретінін сезді, сөйтсе бұлар қоршаудың ішінде от оттап, қоршаудың ішінде су ішеді екен, сонсоң жадыраған жаз таусылып, қылышын сүйретіп қыс келгенде адағайлата қуып әкеліп және бір тарлау қораға қамайтын...

Қоршау – адамдардың табиғат заңына қарсы шығып, бұғылардың еркіндігін бұзып, оларға үстемдік жүргізуінің символы. Жеке адамдардың да өзгеге бодан болып, халықты белгілі бір шеңберден аса алмайтындай деңгейге жеткізген Кеңестік дәуірдің идеологиясын сынаған. Тұлғаның сөз бодандығы мен тәуелділігін ашық көрсеткен.

Кербұғы көзінен от шашып, шегіншектеп барып бар қуатымен алға атылды, жаңбырдың суына иі қанып былпылдаған жерге артқы қос тұяқтың ізін оя тастады да зу етіп, биік қорғаннан асып – ақ түсті! Көзінен от шашып еркіндікке ұмтылған бұғының бейнесі. Тек жануар ретінде емес, адами қасиеттерге бай Кербұғының рухани еркіндікке деген талпынысы. Оның еркіндік үшін бар күш-қуатымен, зор сенімімен күресіп соңында жеңіп шығуы. Бұғының «қорған» деген шекара, шектеуге қарсы шығуы –

адамдардыңқоғамдағы әділетсіздіктерге қарсылығы. Бірақ ол шыққан бетте не болғанын түсінбей жатып, өлім құшады. Бірақ ол кім өзіне қастандық жасағандығын білмейді. Әңгіме былай аяқталады:

Біреулер айтады: еркіндігін аңсаған Кербұғы тіпті де өлген жоқ.

Біреулер айтады: еркіндік алған бұғылар тек қана о дүниеде..

Қоғамдағы өзекті мәселені осы екі ауыз сөзбен-ақ бейнелеген. Алғашқы сөйлемде Кербұғының өлмеуі – оның арманының өлмеуі. Екінші сөйлемдегі ой еркіндіктің тек өлгеннен кейін пайда болатынын сипаттайды. Өмірде, қоғамда болып жатқан кедергі мен шектеудің мәңгіге қалыптасып қалғандығын, одан ешкімнің құтылмайтындығын өзек етіп тұр.Еркіндік үшін өлгендер, еркіндікке жету үшін өмірін бергендер... Қазіргі қоғамдағы ең көп талқыланатын жағдай... Шығарманың әлі күнге дейінгі өзектілігі оның баяндау тәсілінің ерекшелігінде және жазушының антропоморфты кейіпкер арқылы сол тәсілді жүйелі қолдана білуінде. Еркіндік, бостандық тақырыбы әрдайым өзекті болып қала бермек. Оралхан Бөкейдің «Кербұғысы» жануар, табиғат және адам арасындағы байланысты антропоморфизм тұрғысынан әсерлі әрі көркем суреттеген туынды.

Антропоморфты кейіпкерлер туралы сөз қозғағанда мысал өлеңдер мен әңгімелерді атап өтпеске болмайды. Ал қазақ әдебиетіндегі мысал десек алдымен еске түсетін тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. Баяндаудың бұл тәсілінде кейіпкер ретінде жансыз бейнелер (өзен, тау, теңіз, тас, ағаш, т.б.) де қатысады. Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағына енген мына бір мысал өлеңге назар аударайық.Крыловтан аударған «Қара бұлт» («Туча») мысалы:

Даланың күнге күйіп, аптап өткен
Үстінен бұлт шықты қаптап көктен.
Қуанды шаруалар «Иә, Құдайлап!»,
Жерді бір суарар деп қурап кеткен.
Жауар деп тұрды халық үміт етіп,
Тамбастан өте шықты құр желдетіп.
Теңізге барды да бұлт құя салды
Далаға қурап тұрған жаумай кетіп [6].

Өлеңдегі басты кейіпкер – Қара бұлт. Автордың шығарманың атауына «қара» сөзін тіркестіруде бірнеше мән бар. Қара бұлт аспанды қатты жаңбыр жауар алдында құрсайды деп дәл тура мағынасында алынса, екінші мағынасы – оның ішкі, ауыспалы мағынада қолданылуы. Қара түс – жамандықтың, зұлымдықтың белгісі. Халқымызда «қара қағаз», «қара жамылу» деген сияқты мағынасы жағынан жамандықты білдіретін тіркестер кездеседі. Бойында қандай құдірет пен күш тұрса – дағы оны дұрыс қолданбай, керек емес жаққа босқа шашатын адамдар дәл осы бұлт сияқты өзінің билігін дұрыс пайдаланбайды. Қурап жатқан даланы аттап, суы онсыз да көп теңізге барып құю – ақымақтық.

Теңізге пәрменінше құя салып,
Мақтанды мырзасынып тауға барып.
Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұр сың,
Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып.
Егер де сол қадарлы жаусаң жерге,
Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге,
Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,
Қандай зор тиер еді пайдаң елге!
Не қайыр қазір сенің жауғаныңнан,
Сенсіз де су жетерлік теңіздерде!» [6].

Мысал осылай аяқталады. Екінші кейіпкер – теңіз. Бұлт пен теңіздің диалогінен екеуінің екі бөлек мінезін байқаймыз. Теңіздің саналы ойы мен бұлттың ақымақтығы. Қоғамда, билікте бұлт сияқты адамдар кездеседі. Ахмет Байтұрсынұлының бұл мысал арқылы бізге жеткізбек болғаны:

Жұмсамай тиісті орынға мал, өнерін
Біреулер жүреді, оған не амал бар?!
Мысалы, **қазақ – дала, орыс – теңіз,**
Даланы, шама келсе, көгертіңіз.
Мұң десең, мұқтаж десең – қазақта көп,
Емес пе мұны ойламақ міндетіңіз?
Мақал бар: «Жақсылықты басыңа қыл,
Басыңнан асса, деген, – досқа істеңіз» [6].

«Қазақ – дала, орыс – теңіз» деген тіркестен – ақ автордың ойы анық көрінеді. Даланы қазақ еліне теңеп, қаншалықты азып-тозғанын ашық бейнелеген. Қазақ мәдениеті мен өркениетінің, тілінің, дінінің, тарихының құлдырауын тозығы шығып, сарғайып, өлермен болған далаға балайды. Ал «орыс» жағдайын теңізге ұқсастырып, сол кездегі Кеңес саясаты мен әлеуметтік теңсіздік мәселесін көтерген. Бұл Ахметтің жастарға арнап «даланы көгертіңіз!» деп жариялаған үндеуі сыңайлы.

Нәтижелер және талқылау

Антропоморфты кейіпкер – көркем шығармада өз қалпынан айырылып, адамға ұқсатылған кейіпкер. Антропоморфты кейіпкерлер ертегі, мифтерде, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырларда, мысал өлеңдер мен балаларға арналған қысқа әңгімелерде кездеседі. Қазақ әдебиетіндегі бұндай кейіпкерлерге ертегілердегі дию, мыстан кемпір, пері, жылан патшасын, жансыз бейнедегі табиғат құбылыстарын, тау мен жұлдыздардың адам кейпіне еніп, әрекет етуін, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Абайлардың мысал өлеңдеріндегі кейіпкерлер образын жатқызамыз. Бұндай мысалдарда көп жағдайда жан – жануарлар бейнесін адам бейнесіне балап, сипаттайды. Халқымызда түлкіні - қу адамға, қоянды – қорқақ адамға, арыстанды – әділдік пен билік басындағы адамға, қасқырды – қайратты адамға теңеп, ойларын астарлап жеткізеді.

Ал астарлап жеткізудің мәні неде? Қоғамда сөз бостандығы жойылып, айтуға тыйым салынған жәйттарды сынау мақсатында осы антропоморфты кейіпкерлер қолданылады. Қазақ әдебиетінде бұл әдіс әсіресе Кеңес одағының отарлау саясаты тұсында, совет үкіметі кезінде кең етек жая бастады. Антропоморфты кейіпкер мен символ арасында тығыз байланыс бар. Шығармадағы екі ұғымның да атқаратын қызметі ұқсас. Екеуі де белгілі бір оқиғаларды, идеяны, іс-әрекеттерді жанамалап жеткізуде қолданылады. Сөз бостандығы, ой еркіндігі шектелген уақытта авторлар қоғамдағы әділетсіздікті, билікті, сондағы басшылардың іс-әрекеттерін осы антропоморфты кейіпкерлер немесе символдар арқылы әшкерелеп отырған. Антропоморфты кейіпкерлерді қолдануды әдебиет теориясында басқа мағынада «аллегория» деп те атаймыз. Осы тәсіл арқылы жазушылар цензурадан айналып өтіп, ойларын қауіпсіз түрде ұстаған.

Қорытынды

Кеңес дәуірі тұсында пайда болған қысым кесірінен баяндаудың антропоморфты кейіпкерлерді қолдану тәсілі өркендей бастады. Кеңестік Үлкен Энциклопедияда антропоморф терминіне мынадай анықтама берілген: Мифологиялық құбылыстарды, жан - жануарлар мен аспан денелерін, жансыз заттарды адамға ұқсатып қолдану. Бастапқы кезеңде тек жануармен, мифтік бейнелермен шектесе, соңғы уақытта ғылым саласында да қамтыған. Замануи ғылыми техникалық, кибернетикалық әдебиетте антропоморфизм *машина есте сақтайды, тапсырманы шешеді, т.б* тіркестер арқылы көрінеді. Бұл адам мен техникалының объективті ұқсастықтарына, функционалдық қабілеттеріне байланысты пайдаланылады.

Антропоморфты кейіпкерлердің кең таралған түрлеріне көркем-эстетикалық, күнделікті практикалық, мифологиялық, діни және ғылыми антропоморфты кейіпкерлерді жатқызамыз. Көркем – эстетикалық түрі көркем әдебиетте, поэзияда қолданылса, күнделікті практикалық антропоморфты кейіпкер күгделікті тұрмыс-тіршіліктегі тіркестерде кездеседі. Балаларға айтатын күнделікті пойыз кетіп қалды немесе бұлт келе жатыр деген тәріздес тіркестер осы антропоморфты кейіпкерлер арқылы сипатталады. Мифологиялық түрі жайында айтарда ежелгі грек құдайларын аттап өту мүмкін емес [7]. Антропоморфтың көптүрлілігі оның қамтитын ауқымының да зор екенін бағамдайды.

Антропоморф ұғымына онтологиялық және гносеологиялық аспектіде талдау жасалады. Онтологиялық аспектіде оның тарихилығы сараланып, адамның тарихтағы орны мен рөлі көрініс табады. Гносеологиялық аспектінің ерекшелігі – объект пен субъект байланысы. Таным барысында автор өзін зерттемек болған объектімен ауыстырып, сол құбылыстың орнына өзін қояды. Сол арқылы объект пен субъект арасындағы байланысты кеңейте түседі.

Антропоморф термині цензура, символ тәрізді ұғымдармен тығыз байланысты. Цензураға ұшырамай, шығармаларын бастыру мақсатында авторлар өз идеяларын астарлап жеткізді. Осы тәсіл арқылы авторлар қоғамдағы сыншыл көзқарас пен әділетсіздіктерді көркем түрде білдіре білген. Бұл – сол кездегі жазушылардың данышпандығы нәтижесінде пайда болған шығармалар. Жалпылама қорыта айтқанда, антропоморфты кейіпкерлер шығармашылық еркіндікті шектеу мен қоғамда болып жатқан жәйттерге байланысты көптеген мәселелерді көтереді. Антропоморфты кейіпкерлерді пайдалану – адамның өзін, қоршаған ортаны тану мақсатында қоршаған ортамен байланысын арттыратын сипаттаудың ерекше формасы, тілі.

Әдебиеттер

1. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 312 с. - (Studia philologica).

2. Маслов Е. С. Что такое нарратив? / Е. С. Маслов. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2020. – 116 с.

3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

4. Кочкарев Ф.Е. История и теоритические аспекты исследований антропоморфизма животного мира в мировой художественной литературе. Политематический сетевой электронный журнал Донского государственного технического университета. – № 6 (9), 2017 – С. 210–215.

5. Жүнісов С. Повесть. Әңгімелер/ Сәкен Жүнісов. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2014. ISBN 978-601-264-115 Т. 8. – 336 б.

6. Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Қырық мысал. Қазақ және орыс тілдерінде / Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.

7. Титова Т. А. Антропоморфизм как форма познания мира. Ученые записки Казанского государственного университета. – Т. 152, кн. 1 - 2010

8. Бөкей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003. – 204 б.

9. Большая Советская Энциклопедия. (В 30 томах). Гл. ред.: А. М. Прохоров. Изд. 3-е М., «Советская Энциклопедия», 1970.

References

1. Shmid B. Narratologiya. – M.: Yazy`ki slavyanskoj kul`tury`, 2003. – 312 s. - (Studia philologica).

2. Maslov E. S. What is Narrative? / E. S. Maslov – Kazan: Kazan University Press, 2020. – 116 p. [in Russian]

3. Baitursynov A. Adebiet tanytkysh. Research and Poems – Almaty: Atamura. 2003. – 208 p. [in Kazakh]
4. Kochkarev F. E. History and Theoretical Aspects of Studies on the Anthropomorphism of the Animal World in World Fiction – Polythematic Network Electronic Journal of Don State Technical University. – No. 6 (9), 2017. pp. 210–215. [in Russian]
5. Zhunisov S. Novels. Short Stories / Saken Zhunisov – Almaty: "Taymas" Publishing House. 2014. – 336 p. [in Kazakh]
6. Baitursynuly A. Works – Satires. Twelve Volumes. Kyryk mysal. In Kazakh and Russian Languages / Akhmet Baitursynuly – Astana: «Alashorda» Public Foundation. 2022. [in Kazakh and Russian]
7. Titova T. A. Anthropomorphism as a Form of World Cognition – Scientific Notes of Kazan State University. – Vol. 152, Issue 1. 2010. [in Russian]
8. Bokei O. Kerbugy. Short Stories and Novels – Almaty: Atamura. – 204 p.
9. Great Soviet Encyclopedia (In 30 Volumes). Chief Editor: A. M. Prokhorov. 3rd edition. Moscow: «Soviet Encyclopedia» 1970. [in Kazakh].

К.А. Аубакирова, Е.К. Берикболова*
Университет имени Шакарима города Семей,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
*Orcid: https://orcid.org/0009-0002-7096-4510
*e-mail: shakarimtanu.semey@mail.ru

АНТРОПОМОРФНЫЕ ПЕРСОНАЖИ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация. *В данной статье представлены теоретические данные о понятии и термине нарратология, а также проведены научно-методические анализы, касающиеся антропоморфных персонажей. Систематически представлена информация о методах повествования, а также рассматривается проблема нарратологии. В исследовательской статье систематически проводится анализ мастерства повествования различных писателей с использованием интерпретационного, структурного, семиотического, психоаналитического и социологического методов, а также анализируются отрывки из произведений. В ходе исследования был проведен нарратологический анализ произведений казахскихписателей А.Байтұрсын, С.Жүнісов и О.Бөкей, а также произведений зарубежного писателя Д.Оруэлла. В результате работы исследуются место и значение применения повествовательных методов, включая антропоморфных персонажей, а также основные идеи, которые излагаются с теоретической точки зрения. Анализируется стиль писателя, его связь с обществом, а также его собственные взгляды. Во время анализа произведений были проведены литературные обзоры, ориентированные на нарратологию и персонажей, встречающихся в произведениях, и оценены их практическая и теоретическая ценность. Несмотря на то, что такие персонажи часто встречаются в казахской литературе, информации и исследований по этому понятию достаточно мало. В статье представлены теоретические данные по данной теме, а также конкретные примеры из творчества авторов, представленные широкой аудитории.*

Ключевые слова: *нарратология, антропоморфный персонаж, повествование, цензура, символ.*

K. Aubakirova, E. Berikbolova*
Shakarim University of Semey,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka str. 20 A
*Orcid: https://orcid.org/0009-0002-7096-4510
*e-mail: shakarimtanu.semey@mail.ru

ANTHROPOMORPHIC CHARACTERS IN KAZAKH PROSE

Abstract. *This article presents theoretical data on the concept and term of narratology, as well as scientific and methodological analyses related to anthropomorphic characters. Systematic information is provided about narrative*

methods, and the issue of narratology is discussed. The research article systematically analyzes the narrative skills of various writers using interpretive, structural, semiotic, psychoanalytic, and sociological methods, as well as analyzing excerpts from their works. The study conducted a narratological analysis of the works of Kazakh writers A.Baitursyn, S.Zhunisov, and O.Bokey, as well as the works of foreign writer D.Orwell. The study explores the place and significance of the use of narrative methods, including anthropomorphic characters, and the main ideas presented from a theoretical perspective. The writer's style, their connection with society, and their personal views are analyzed. During the analysis of the works, literary reviews focused on narratology and characters encountered in the works were conducted, and their practical and theoretical value was assessed. Despite the frequent occurrence of such characters in Kazakh literature, there is limited information and research on this concept. The article presents theoretical data on the topic, as well as specific examples from the authors' works, presented to a wide audience.

***Keywords**: narratology, anthropomorphic character, narration, censorship, symbol.*

ҒТАМР: 17.07.41

А.О. Токсамбаева
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615
e-mail: aiman-63@mail.ru

М.МАҒАУИННІҢ ХИКАЯТТАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ БЕН ТАНЫМ

***Аңдатпа**. Мақалада Мағауиннің хикаятындағы негізгі кейіпкерлердің бойындағы ұлттық мінезердер мен танымдар сипатталады. Шығармалардың негізгі тірегі қазақ халқының даналық өмірінің түрін сипаттап, сол елдің адамдарымен үндестіре білген жазушы шеберлігі бейнеленеді. Ұлттық мінез бен ұлттық таым қандай мәселелерде көрініс тапқандығы туралы берілгендігін мақала түйіндейді. Жалпы, әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың тарихи негізі деген ұғым бар екендігін,ол тарихта не болғанын сол күйінде алу деген ұғым емес, ұлт жадындағы жақсы қасиеттерді жаңғырту деген сөз екендігін мысалдар арқылы дәлелденеді. Кеңес үкіметі кезіндегі типтік бейнеге айналып кеткен, қазақ ауылдарындағы басшыларға жарасатын әрекетті жазушының көркемдік деталь деңгейіне көтере білгендігі туралы айтылады. Соцреализмдегі мынау жағымды бейне, мынау жағымсыз бейне деген әңгіме төңірегінде сөз қозғамайтындығын айта келіп, көркем бейнені оқиғаның даму үрдісінде ашады. Бұл мақалада М.Мағауиннің хикаяттарындағы ұлттық мінез бен танымның өзара байланысын зерттеп, жазушының ұлттық болмыс пен мәдениетті қалай бейнелегені талданады. Сонымен қатар, шығармалардағы кейіпкерлердің ойлау жүйесі, әрекеттері мен қабылдаған шешімдері арқылы қазақ халқының рухани әлемінің сипаттамалары мен ерекшеліктері туралы сөз қозғалады.*

Жазушы алаш арыстарының лебін, үзілмеген жібін кейіпкерлер бейнесінде беретіндігін, азған тұқым, ұлттық мінезден, ұлттық танымнан ада бола бастағандығы айтылады. Мақала зерттеушілерге, әдебиеттанушыларға арналады.

***Тірек сөздер:** Ұлттық мінез, хикаят, кейіпкер, «табаны тиеді», «аң ұстамаса мойны қатып кетеді», «сорпа жалатып», ұлттық рух, көркем мінез,тарихи таным.*

Кіріспе

М. Мағауиннің шығармашылығы ұлттық болмыс пен дәстүрді, халықтың рухани әлемін тереңнен толғайтын туындыларымен танымал. Әсіресе, Мағауиннің хикаяттары қазақ қоғамының көп қырлы болмысын, мінез-құлқын және ұлттық танымды көркем түрде бейнелейді. Осы хикаяттарда автор ұлттық мінездің ерекшеліктерін шебер түрде суреттеп, қазақ халқының өмірі мен салт-дәстүрлерін терең талдайды. «Ұлттық мінез» түсінігі қазақ әдебиетінде ерекше маңызды орын алады. Өйткені ол халықтың дүниетанымының, мәдениетінің, әлеуметтік жағдайының және тұрмыс-тіршілігінің көрінісі болып табылады. М. Мағауиннің шығармаларында осы мінез-құлықтың дамуы мен қалыптасу жолдары терең зерттеліп, әдеби тұрғыдан дәл суреттелген. Оның хикаяттарындағы кейіпкерлер арқылы автор ұлттық танымның кең спектрін көрсетеді, әрбір кейіпкердің өзіне тән психологиясы мен дүниетанымын көрсету арқылы, оларды өмірдің түрлі жағдайларында бейнелейді.

Ұлттық мінез мен таным мәселелері Мағауин шығармашылығында тек көркемдік деңгейде ғана емес, сонымен қатар философиялық тұрғыда да қарастырылып, халықтың

тағдыры мен болашағына деген терең ойлар мен толғамдарды білдіреді.Көркем мінездің, мінездер типологиясының ішіндегі өзгеше құндысы – ұлттық мінез. «Ұлттық мінез – шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі» – деп «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» анықтама берілген [1].

Біз көркемдік дәстүр аясындағы ұлттық мінезбен танымды анықтау үшін Мағауиннің «Тазының өлімі», «Жүйрік» хикаятындағы негізгі «кейіпкерге» назар аударып сол арқылы хикаяттағы кейіпкерлерге тоқталуды жөн көрдік.

«Тазының өлімі» хикаятының пролог пен эпиолог стилінде жазылған екі бөлімі де Лашынға арналған. Хикаяттың негізгі тірегі Лашын арқылы қазақ халқының даналық өнерінің бір түрін шеберлікпен суреттеген жазушы, әрине осы сюжетті сол елдің адамдарымен үндестіре суреттеген. Бір ғана тымақ орнын малақай басуы қандай көркемдік деталь. Ұлттық мінездің символындай әсер етеді. Лашынның ғұмырын арнаған адамы кім еді, хикаятта қалай суреттелген. Оның ұлттық характері қандай мәселелерде көрініс тапқан, осы мәселелер төңірегінде пікір-тұжырым айтпақпыз. Ол – Қазы еді. Суреткер бұл кейіпкерін бірден бойлата көтермей, Омар ақсақалдың аузымен арғы тегіне тоқталып өтіп, сыр шерте сөйлетеді. Жалпы, әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың тарихи негізі деген ұғым бар. Ол тарихта не болғанын сол күйінде алу деген ұғым емес. Бірақ ұлт жадындағы жақсы қасиеттерді жаңғырту деген сөз. Омар ақсақал Қазының арғы тегі күшті болғанын айта келіп, ұрпағының соған сай өмір сүріп жатқанын айтады. Ауыздан осылай тараған әңгіме сюжет құрауға да алып баратын жайттар болады. Сөйтіп кейіпкердің асыл негізіне алдымен оқырманды таныс қылып өтеді.

Біз Омар ақсақалдың әңгімесінен қазақ ұлтының өзіндік қасиетінің мың қатпарынан ақпарат аламыз. Соның бізге қазір керегі, Қазыға қатыстысы. Қазының әкесі Әмір жігіттің сырттаны екен, қолынан қыран тазы арылмапты. Нағашысы Мамай шал да осал адам болмады. Омар ақсақал Мамай туралы айтқанда онымен қыстауы қатар болғаны, көзімен көргенін айтады. Тарихи таным осы шығарманың негізгі кредоларының бірі. Бірақ өмірілік деректерді жазушы көркемдік шындыққа айналдырған [2].

Тұтас бір әлемнен ақпарат алған біз, Қазымен оның Омар ақсақалдың ұзын-сонар әңгімесіне арнаған қысқа, қағытпа тәріздес сөзінен байқаймыз, сонымен қатар, ақсақалға берген сауалынан байқаймыз. Міне осы екі сәттің өзінде Қазы мінезінің бірнеше деталына қанық боламыз. Біріншісі, «өкіметтің малын кім бағады» деу арқылы оның бүкіл қоғамға наразылығы, яғни оның зорлықшыл жүйесіне қарсылығы байқалса, екіншіден, нағашысынан күшікті күштеп алып кетуі, қалап алып кетуі оның аңшылық қасиетінен хабар береді. Адамның жеке басының құқығы жойылған, дараланауға мұрша бермейтін жүйені таныған адамның сөзі. Осындай ойларға сол жылдардың өзінде Мұхтар Мағауин бара білген. Суреткер сол кеш, Қазының үйіндегі кешкі дастархан басындағы әңгіме арқылы негізгі кейіпкерлермен таныстырып, олардың өмірлік позициясынан оқырманды хабардар етіп кетеді.

Қазының аңшылық қырын жазушы, оның алғаш Лашынды аңға баптаған сәттерінен-ақ аңғарта бастайды. «Табаны тиеді» деп қара жерге жүгіртпеу, «аң ұстамаса мойны қатып кетеді» деген тіркестер, ең аяғы «сорпа жалатып» қана алып шығу, осының бәрі Қазының аңшылық тұлғасынан хабар берсе, екінші жағынан жазушының алып отырған объектісін ерекше білетінін байқатады [3].

Жазушы Қазының бейнесін үнемі өсу үстінде береді. Есенжолдың Қазы да араққа үйренді деп, оның жанына жара салып, күйкі тіршіліктегі күнкөрісімен оны азапқа салады. Адамгершілік тұлғасы, ар-ұяты биік Қазы жақсыны жақсы, жаманды жаман деп айтатын қайсарлығымен де ерекшеленетін. Қазының биік тұлғасын, оның ел азаматы екенін, ұлттық характерін көрсететін тұстар хикаятта аз емес. Сондай сәтті сәттердің бірі Қазының Лашыны алған түлкіге ел қарық болса, Есенжолдың қағылып қалуы.

Қазының ұлт тағдырын ойлайтын тұлға екендігі оның әр қимылынан, іс-әрекетінен байқалалады. Омар ақсақалдың «Жаман елтірі» тымақтан құтылуы, бүкіл малшы, күзетші

ағайындардың сәлем айтып жіберіп, түлкі алдыруы оның адамгершілік қасиетіне жанама мәліметтер. Сонымен қатар, оның «Елді шоттан жегенін тоқтатсын, жалақорлығын қойсын! депті міс» – деп Есенжолдың арамза бейнесін ашуы алаш арыстарының биік қасиеттерінен хабар береді. «Елді шоттан жегенін» – дейді, мені демейді. Халыққа салмақ түсіретін, халықтың мінезіне көлеңке түсіретін жат қылықтарға Қазының жаны қас. Ферма бастығы Бекқалидың қылығы езуге күлкі үйіртеді. Ол басшы, елдің еркесі соған тән бір емес, екі тымақ тіккізуі әбден жөн болып тұр. Бұл типтік бейнеге айналып кеткен, Қазақ ауылдарындағы сол кезеңдегі басшыларға жарасатын әрекет. Жазушы осы әрекетті көркемдік деталь деңгейіне көтере білген. Жалпы қазақ ауылындағы береке, үлкенге құрмет хикаятта нақтылы бейнеленген. Жазушының ел тарихын, елдің психологиясын, мінезіндегі жақсылығы мен жамандығын соншалықты нәзік білетіні байқалады. Соцреализмдегі мынау жағымды бейне. Мынау жағымсыз бейне деген әңгіме төңірегінде әңгіме қозғамайды. Көркем бейнені оқиғаның даму үрдісінде ашады. «Елді шоттан жемесін» деген сөзі іштен азған адамға төбесінен жай түсіргенмен пара-пар әрекет. Сол елдің ішінде Есенжолдың кірден жейтін қылығы келеңсіздік болса, кейіннен замандасының төсегін былғауы ар-ұяттан кетіп, құлдырай азғанының белгісі.

Сол дәуірдегі қоғамның екіжүзділігі елдің иығын басып, еңсесін түсіріп еді. Халықтың ұлттық мінезін бойына жиған небір алып тұлғалар айдалып, тектілердің тамырына балта шабылған нәубеттің ызғары ел өмірінде елес болып, айықпай тұрған кезең болатын. Бүкіл ел басына түскен ауыртпалық, ізіне түсіп аңдушылық, Қазының соңынан қалмай, ақыры азамат сынып, рухы төмедегендей болады. Суреткер оның сыртқы әрекетіне соны байқатса, ішкі принципінен айнымай ұлттық мінезін өзімен ала кеткен нар тұлға екенін тағы да сездіріп өтеді. Қоғамның азып, елдің небір тұлғаларының басын жалмаған әзірейілде жылан шайтан судың қазақ дастарханына жымысқы жолмен енгенін суреткер тұтас елдің улана бастағанын соншалықты дәлдікпен берген. Уланудың даму үстінде екенін дәл көрсеткен. Әңгіменің өзінің баяғыда Әділдің келгеніндегідей қызбауы, әңгімені тек Омар ақсақалдың айтып отыруы, тұтас барлығының Қазы, Бекқали, Есенжол, Айсұлу, Кәмила, Бекқалидың келіншегінің арақтан дәм тата бастауы ұлттық мінезге құрт түсе бастағанын байқатады. Символдық деталь, метафоралық бейнелеу, көркем кейіптеу Лашынның: «Онша жақсы нәрсе емес-ау, сірә», – деп «ойлануынан» сәтті көрініс тапқан [4].

Материал мен әдістер

Жазушы алаш арыстарының лебін, үзілмеген жібін Қазы бейнесінде береді. Сондықтан азған тұқым, ұлттық мінезден ада бола бастаған Есенжолдардың ең қасиетті нәрселерді айтып, оны Қазыға кінә қылып артуы, оқырманның арқасына аяздай батары хақ. Көркем әдебиеттің тәрбиелік мәні деген факторға үлкен мәселе емес деп қарайтын таным да жоқ емес. Біздің пікірімізше бұл факторды сыртқа тебу әбестік. Әрбір оқыған адам, оның ішіндегі жас тұлға, жасөспірім болашақ ұрпақ Есенжолдан жиренетіні рас. Оның Қазыға тиіскен сәттегі артқан кінәсінен азамат ретіндегі өз басының кемшілігін айтпай, ал алысқа, тамырға балта шабатын мәселелерге ойысып, оны сол арқылы тұқыртатыны. Есенжол мен Қазының арасындағы диалогтан біз екі кейіпкердің адамдық тұлғасы, ұлттық мінезіндегі өзгешелік ерекше ашылған [5]. Суреткердің шеберлігін айқындайтын факторлар аса өткір. Сол кез, сол кезеңде социалистік реализм бағытында жазылған шығармалар жақсы деп танылып тұрған уақытта осындай әлеуметтік, ұлттық мәселелерді көркем шығарма арқылы көрсету суреткердің де ұлттық мінезінің биіктігін, өмірлік кредосының айқын екенін көрсетеді. Қазы тұлғасында автордың мінезімен үндесік бар. Жазушы Мұхтар Мағауиннің өмірі мен шығармашылығы тұтасымен ұлт тағдырына, жеке бастың бостандығына арналған десе де болады. Қазы да әділеттік, адалдық жағындағы кейіпкер. Оның «Нағашымда шаруаң болмасын» деуі-ұлт азаматы нағашысының сол кездегі қоғам үшін қандай қауіпті саналатынын білсе де қорғауы, дегенмен ары қарай оны суреткер «қарқыны басылып қалды» деп суреттейді [6]. Қоғамдық машинаның нені болса да таптап кететін тажал екенін, оның Есенжолдай «қолдаушыларының» бар екенін біліп, талай арыстардың қор болғанынын сезіп, іштей күйреуін көрсетеді. Арақ іше бастауы да ішкі жалынды басу үшін жасалған

әрекет болатын. Оның осындай елім деп еңіреген қайғысын Есенжол сияқты пысықтар дәл пайдалана білетіндігін суреткер шеберлікпен суреттей білген. Қайсар тұлға соның өзінде Алаштың азаматтары туралы әңгіме болғанда жасып қалып, зияным тимесін деген ниетпен үндемей қалады. Бірақ намыс оты шарпығанда «ал өзіме түкте істей алмайсың» деп адамдық рухын түсірмей қасарысады. Бас қорғалап қашпайды. Бірақ, кезінде «Оян, қазақ» деп жария салған Алаштың арыстарын қалай құдалап, қалай қамағаны, атқаны бәріне есіне түсіп отыр. Патша үкіметінің ел ішінде осы «Есенжол» сияқты көмекшілері ол кездері де бар еді. Алып Бәйтеректер оған қарамай халқына қызмет етті. Қызмет ете отырып, ұрпақ тәрбиесіне зор мән беру де жазушы шығармаларында кездесетін құбылыстың бастысы. «Оның қаламынан туған шығармалар өзінің танымдық-тәрбиелік мәнімен, шұрайлы тіл өрнегімен оқушы көңіліне ұялайды. «Бір атаның балалары» атты әңгімесінің негізгі арқауы-қарапайым еңбек адамдарының бейнелері. Олардың күйініш-сүйініші, адамшылық келбеті. Шығармада соғыс зардабы, ауыл адамдарының көнбіс тіршілігінің берілуі сол кездегі ауыл тіршілігінің шынайы көрінісін бейнелейді», дейді филология ғылымдары» сериясымен №4(50) 2014 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысында жарық көрген «М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» хикаясын оқыту» деген мақалада [7].

Сонымен қатар, Мұхтар Мағауиннің белгілі хикаяттарының бірі– «Жүйрік». Бұл хикаяттың жазылу тарихы турасында ғалым Едіге Мағауин дәйектемеде былай дейді: Ғұмырбаяндық «Шытырман» романында «Жүйрік» хикаятының түп негіздері туралы бірер дерек қана бар. Шын мәнісінде, шағын хикаят М.Мағауиннің «Аласапыранға» дейінгі шығармашылық жолының қорытынды түйіні ғана емес, оның ұлттық дәстүр, ұлттық рух турасындағы байып-байламдарының да айқын бір көрінісі болып табылады.

Жазушының үлкен әкесі Мағауия (1889-1974) бүкіл Арқаға белгілі атбегі болған. Нарқызыл – ақсақалдың жетпістен асқан шағында ұстаған ең соңғы бәйге аты. Ертегінің тұлпарындай жүйрік болған, аудандық, облыстық бәйгелерде талай рет қара үзіп, жалғыз келген. Әрине, өмірде шын болған тұлпар ат – көркем шығармаға бастау өзек қана. Бұл жерде жазушының ат жайын, бәйге жайын жасынан танып өскенін ғана ескеру керек. Қаламгердің айтуынша, «Жүйрік» 1979 жылы күзде, «Аласапыранға» тікелей дайындық кезінде, қол бастықтыру машық үшін жазылыпты. Арадағы еріксіз үзілістерін есептемегенде, он бір күнде тамам болған. Алғаш «Жалын» альманағында (1980, №3) жарияланды. Дәйектемеде ғалымның айтып өткеніндей жазушының осы шығармасы шын мағынасында «ұлттық дәстүр», «ұлттық рух», «ұлттық таным», турасындағы байып-байламдары екен. Ендеше бұл шығармада ұлттық мінездің көрініс табары ешкімді күмандандырмасы анық. Хикаят бастан-аяқ бір леппен оқылады. Сондай-ақ автордың өзі шығармаға алған объектісін мейлінше терең білетіндігі бірден байқалады. Сондықтан ғылыми тілмен айтсақ бұл шығарманы этнохикаят десе де болғандай. Шығарма классикалық үлгіде жазылған. Пролог іспеттес хикаяттың басталу бөлігі шегіністен басталады. Барлық аласапыран оқиға кейіннен көрініс табады. Шығарманың бас «кейіпкері» Нарқызылдың соңғы күндерімен басталып, соған негізделе өткен өмірі суреттеледі. Жылқы арқылы қазақ халқының ұлттық мінезіне барлау жасалады. Хикаяттың басталуындағы тартысқа толы бір оқиғаға тоқталайық:

«Ал басқалар да шабысқа түссе ше?.. Үш аяқтап ілесе ала ма? Ілесер-ау, озып, ілгері шыға ала ма? Шыға алмайды, әрине. Сонда қайтер еді? «Құсадан өлер еді, –деп ойлады қарт жылқышы. – Шын бекзат намыстан өліп те кетеді дейді ғой. Нарқызыл аттың адамнан несі кем?!»

– Апыр-ай!.. – Оның ойын жас жылқышының оқыс даусы бұзды. Құрығын қоқайта ұстап, мойнын созып, ер үстінен көтерілген. – Мына ит... мына шіркін тағы да басты күндегі әдетіне...

– Алдын бір орап шық, – деді қарт жылқышы. Өзі де топтан қалғысы келмегендей, атын тебініп қойды» [2].

Қарттың қиялына азық болып тұрған Нарқызыл болатын. Заман өзгеріп, таным таяздаған кездегі адамның сәйгүлікті танымауы рухани экологияның эрозияға ұшырауының белгісі болатын. Шындығында жас жылқышының қандай кінәсы бар. Заман өзгерген.

Нарқызылдың баяғыда бәйге болғанының бұған қандай қатысы бар. Семейге етке айдап бара жатқан үйірлі жылқының алдына түсіп алып не жайылмайды, не басқа жылқыларға жайылым бермейді. Санаға салса ойы дұрыс, жас жылқышының. Ал, тереңнен ойлап, қазақтық қасиет, қазақы мінез, ұлттық рух турасынан келсек азғындаудың бастауы осы емес пе. Өйткені он жыл бұрынғы тарихты білмеген адам басқасын ойлап жарытпас. Міне осы тұрғыдан ой толғайды суреткер. Бекзаттықтың биік қасиет екенін қарт жылқышының ойы арқылы береді: «Құсадан өлер еді? Шын бекзат намыстан өліп кетеді дейді ғой. Нарқызыл аттың адамнан несі кем?». Жалпы өз шығармаларында жазушының сәтті қолданатын сөз-ұғымының бірі бекзаттық. Оның өзінде осы сөзді ерсілі қарсылы қолдана бермейді. Бірақ қолдану керек болса аянбайды: «Бекзаттық – адам бойындағы туған тегі, алған тәрбиесі мен көрген өнегесі негізінде сіңісті болған қасиет. Бұл қасиетке ие адам көпшіліктен озық ақыл-парасатымен, мінезіндегі ірілік, кеңдігімен, жүріс-тұрысындағы өзгеше мәнерімен ерекшеленеді. Бекзаттық қазақ түсінігінде «тектілік», «ақсүйектік», «зиялылық», т.б. ұғымдармен пара-пар мәнде де қолданылады. Халықтың қара өлеңінде де бекзаттық ұғымы асыл тектілікке іңкәрлік мәнінде көп қолданылады. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу ісінде Бекзаттыққа баулу басым бағдардың бірі болған» [4]. Сонда адам баласының бойында болатын қасиеттерді жылқы бойынан көріп тұр. Оның өзі қазақтар атты ешқашан адамнан кем көрмегенін байқатады. Осындай толғаулы ойда келе жатқан қарт жылқышы жас жылқышының құрығын шошайта Нарқызылға беттеп бара жатқанын көріп айғай салады. «Ит..» деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін байқамайды. Осының алдында тағы бір осындай оқиға болғанда қарттың оған зекіп жол көрсеткені бар. Онда да қазақ халқы үшін қазан аттың қасиеті қаншалықты екенінен хабар беріп кетеді. Аллада нең бар, Нарқызыл де деу үшін жылқының сол халық өміріндегі орнын ашып бере алу керек. Осы бір күрделі жағдай бейнеленген сәтке назар аударайық:

«Онда да дәл осылай болған. Үш күн бойы титыққа тиген жаман атқа қаны қайнаған жас жылқышы тұра шапты; ақыры айқайлаған беті, оқ бойы ілгері бара жатқан Нарқызылды сойылдың асытына алған: тоқтамай, үйірді айналдыра қуған. Қарт жылқышы әрең жетіп, атының шылбырынан тартып, зорлықпен тоқтатты.

Қазақ халқының танымын толық ашатын, ұлттық рухтан хабар беретін маңызды фактор. Шындығында малдың киесі атады деген сөз халықта бұрыннан бар. Ал, Нарқызылдай тұлпардың киесі жібермейді, бір атса жаның жаһаннамға кетуі ықтимал. Қарт жылқышының «Өй, көргенсіз», «Аллада не ақың бар» деуінде үлкен мән жатыр. Ол жаратушыға сенбеуден туған ой емес. Оның соншалықты қасиетті екендігінде. Жаны қысылғанда ерсілі-қарсылы пайдалануын жақсылыққа жорып отырған жоқ. Тылсым дүниені тыныш қалдыруды көздейді. Және Нарқызылдың қасиетіне сенеді. Бағана күндіз көргеннен бері жүрегі күпті болып жүрген. Жас жылқының мына қылығы бір нәрсеге апарып соқпаса екен деп үрейленген. Шынымен кешкісін екі бүктеліп есі кеткен жас жылқышыға «Нарқызылды есіңе ал. Аруағына сиын» деуі қаншалықты сиымды шыққан. Кешкісін еттен асатып, сорпа ішкізіп орап тастайды. Таңертең құлан таза айығып шығады. Бұл көшпенділер танымының аса бір ерекше көрінісі дей аламыз. Сөйтіп бір жаны аман қалған жас жылқышының жыны басылып қалған. Келесі күні ақсаңдаса да үйірдің алдын бермей, онысымен қоймай басқа жылқыларға жайылым бермей келе жатқан Нарқызылға қарап тұрған жылқышылардың әңгімесі бүгін байыпты да бәсең болатын. Кешегі қоқанлоқы жоқ:

«Сен сау кезіндегі шабысын көрдің бе? – деді серігіне бұрылып. Жауап күтпестен, сөзін ары қарай сабақтады. Алпыстан асқан ұзақ ғұмырымда аяғын аршындай тастаған талай тұлпарға сұқтандым. Бірақ... Нарқылдың шабысымен салыстырғанда басқа жүйріктердің жүгірісі шоқырақ тәрізді көрінетін.

– Әйткенмен, алдын орайын, мүмкін, бүгін байыз табар, – деді жас жылқышы. Қарт жылқышы үнсіз күрсініп, басын изеді» [6]. Осы әңгімеден көп ақпарат аласыз. Басқа бәйгелердің де осал емес екені, бірақ Нарқызыл ерекше біткен тұлпар екеніне көзіңіз жетеді. Асылдығын, қасиетін айтқанда «өңшең қарынсау,тобаяқ шобырдың соңынан еріп отырса» не

болар еді деп күрсінеді қарт жылқышы. Сабыр тапқан жас жылқышы да маза бермей келе жатқан ақсақ қызыл аттың тарихын білген соң:

– Әйткенмен, алдын орайын, мүмкін, бүгін байыз табар, – дейді. Қалай болғанда да бәйге аттың тарихын жеріне жеткізе суреттеген жазушы ұлттық рухтың үздік үлгісін жасаған. Нарқызыл шапқанда жай ғана озып келмейді екен.

Нарқызыл шығандай озған беті бірінші келді. Екінші бәйгені өне бойын тер жауып, қара күреңденіп кеткен Шимойын алды. Үшінші болып бұлдырықтай домалап, суырыла жүгірген Шаңтимес, төртінші болып – әліде шабысы қайтпаған, қарақшыдан алдыңғы аттың құйрығын тістеп, екпіндеп өткен Қасқырқұлақ келді. Бесінші ат – Ақтабан еді» [3].

Осы бәйгеден кейін көп әңгіме болады. Тағы Нарқызыл бірінші келді. Жай ғана бірінші емес. Қарасын көрсетпей, дыбысы жетпейтін жерге кетеді. Шимойынның иесі бапкер Досжан шал қызыл ала кілемді атына әрең жауып, жүйрігінің мойнын құшақтап тұрып қалған. Мамайдан бастап басқа қариялар оған басу айта алмай үнсіз қалған. Әңгіме көп болады. Бірі Қасқырқұлақ келер еді, егер тағы жарты айналым болғанда деді. Енді бірі Ақтабан озатын еді, бірақ тағы бір айналым болғанда десті. Бәрінің ойынша Нарқызылдың бірінші келуі заңды емес. Заңды болмайтын себебі сол бұлай шаппайды. Даралық қашанда ешкімге жақпаған. Мамай қарт бұның барлығын түсінетін:

«Нарқызыл мана біреулер айтқандай, он бес-жиырма шақырымға ұшырата дедектейтін шоқтықта серегей емес. Жиырма-жиырма бес шақырымға екпіндей жүгіретін тықыр бақай, тар мықын емес. Отыз-отыз беспен тынатын бос белбеу, бота тірсек те емес. Қырықтан елу шақырымға дейін талмай сілтейтін емен желке, көк айыл да емес. Барлық қашықтықта бірдей шаһар, қайсысына қосылса да бірінші болар тұлпардың нағыз өзі. Тумысынан бойында артық қызыл жоқ. Алды, арты бірдей күшті...» [5].

Бұл хикаятты ұлттық рухқа қойылған көркем ескерткіш десе де болады. Мамай ақсақалдың Нарқызылы тағы бірінші келгеніне барлығы наразы еді. Бәрінің бірінші келуі ықтимал еді, тек Нарқызыл емес. Анау дұрыс болмады, мынау дұрыс болмады деген қаңқу сөз көп болды. Осы жерде Мамай ақсақалдың қаладағы оқудағы немересін ойлауы керемет реминисенция. Салыстыру, саналы, санасыз салыстыру. Құдай-ау, мылтық атудан емес, оқудан... ол үшін көмескі, бірақ түсінікті. Қанша рет айтты алдыға түспе деп. Суреткер осындай толқыныстардан кейін барып, баяндаушының аузына сөз салып, сол арқылы Мамай ақсақалдың бейнесіне тоқталады: «Мамай ызалы кекесін, күңкіл сөздердің кейбірін құлағы шалғанымен, ешқайсысына назар аударма ды. Ол топтан озып туған жан иесінің еншілі тақсыретінен бейхабар еді. Жұрттан асып шыққан, ерекше қасиет дарыған, кейін ұлы аталатын адамдардың тіршілікте дұшпаны көп болатыны, олардың данышпан танылмағы, қошемет көрмегі былай тұрсын, кейде құбатөбел көптің қатарына да ене алмайтыны, елеусіз, ескерусіз күн кешетіні жөнінде оқыған да естіген де жоқ-ты. Бірақ пенденің пендешіліген талай көрген. Ал ат жайын адам жайынан гөрі жетігірек білетін» [4]. Хикаятта бәйгенің болмысы ішінен ашылған. Психологиялық тартыс, ат баптау, атты тану, бәйгені өткізу мәдениеті, ішкі арпалыс, бәйге алдындағы дайындық тағы басқа көптеген танымдық дүние хикаятта кеңінен ашылады. Осы салада көркем энциклопедия десе де болады. Дегенмен жанкүйердің көбі Нарқызылдың шабысынан шаршады. Қызық жоқ, қыздырма жоқ. Келеді, бірінші орынды алады. Осындай бәйге бола ма екен. Осы жағдайдың барлығын байқаған басшы ерекше шешімге келеді:

«Осыны байқаған Басшы бірде бәйгені Нарқызылдың қатысынсыз өткізбек болған. Бірінші жүлдені шаппай бермек. Нарқызылдың қалай да озатынына сенгендіктен ғана емес. Өзі жылқышының баласы, оның үстіне дәрігерлік мамандығы бар, ат жайына жетік Басшы Нарқызыл қатысқан бәйгелердің басқа жүйріктер үшін ауыр соғып жүргенін кәміл аңдаған. Ересек тартқан, әрі қуланып алған шабандоз бала қазір алғашқы жолғыдай шырқап ұзамайды...» [5]. Бірақ Нарқызыл тағы бірінші келеді. Тіпті содан кейін де әңгіме ушығып, Нарқызыл туралы, бәйге туралы әңгіме толастамады. Ақыры тағы бір үлкен бәйге облыс орталығы Семейде болады. Алыпқашпа әңгімеден Мамай ақсақалға үзік-үзік жеткендері оның ойына алаңдаушылық әкелді. Аттарды қабырғадан қарғытып, ордан секіртеді екен,

мүйнет, секөнтпен шабады екен, атқа үлкен кісілер мінеді екен, бәйге атқа емес, адамға беріледі екен деген қаңқу сөзге күліп, қауыптенгенген де. Кім біледі ат жазым боп қалса қарғып жүргенде. Абырой болғанда бәрі басқаша болып шығады. Кәдімгі жарыс. Тек ипподром шағын. Сондықтан айналым көп. Аттар солдан оңға емес, оңнан солға шабады екен. Сол арасы түсініксіз Мамай бастаған қарттар біраз қарсылық етіп көріп еді тыңдаған ешкім болмады. Жазушының тілімен айтқанда «жамандатқыр Нарқызыл» тағы бірінші келеді. Мамай қарт енді әңгіме тоқтар деп ойлаған. Жоқ, олай болмай шықты. Тағы баяғы әңгіме. Енді бір айналым болғанда, енді бір жарты айналым болғанда. Хикаяттағы ұлттық мінезі ерекше көрініс тапқан осы Мамай қартттың бейнесі. Оған бірнеше мысал келтіріп өтейік: «Мамай әп-сәтте әудем жер ұзаған аттардың ең алдында, есік пен төрдей жерде өзінің Нарқызылының кетіп бара жатқанын көрді. Дауысының қалай шығып кеткенін өзі де білмейді. «Аруақ! Аруақ!!» – деп күңіренте айғайлады да, бойындағы бар күші сонымен сарқылғандай, сылқ етіп отыра кетті. Содан бәйге біткенше зор денесі қушия бүріскен қалпы, қимылсыз, үнсіз қалды». Арқасы ұстаған қарттың бейнесін соншалықты байыпты бейнелеген. Аруақ көтеріп кетіп, күңірене екі рет айқайлап жіберген соң, бар күші сарқылғандай сылқ ете түсуі қандай нанымды. Зор денесінің қушия бүрісіп отырып қалуы, айналған дүниенің ұсақ кейпіне сыймай отырған асылдың соңғы тұяғы екенін көрсетеді. Жалпы Мамай қарттың бейнесі хикаятта жан-жақты ашылған. Өмірдегі прототипінен біз бейхабармыз. Бәлкім жазушы ол кейіпкерін толық аша алмауы да мүмкін. Дегенмен оған деген ыстық махаббаты шығармада айқын көрініс тауып тұрады. Мамай қарттың ұлттық рухын, адамдық биігін, адамдық табиғатын көркем аша білген. Оқырман құшырланып, қарттың балаң қылығына риза болып, ерлігіне масаттанып отырады. Мамай қарттың ұлттық мінезіне хабар беретін бірнеше мысалды беруді жөн көріп отырмыз: «Жүйрігі он үш ауданның алдына шыққан Басшының қуанышында шек болмады. Атбегі шалды құшақтап, бетінен сүйген. Кейін арнап үйіне келіп, облыстық газетте басылған мақаланы дауыстап, өз аузымен оқып берген. Мақтапты. Ұшқыр екен, әр айналымды бірдеңе минут, бірдеңе секундта алып отырды, ақырында, өзінен соңғы Ортекеден жеті жүз метрдей алда келді деп, бәрін өлшемге түсіріп-ақ жазыпты. Бірақ мақаланың соңындағы: «Өкінішке орай, бәйгенің кесімді межесі шын жүйріктерді сынауға мүмкіндік бермеді. Енді тым құрыса бір айналым болғанда ортеке озатын ба еді, Нарқызыл озатын ба еді – бұл жағы көрермен қауымға белгісіз күйінде қалды», деген сөздер көңілге қаяу түсірген. «Атасының басы!» деді Мамай, жас та болса жолы үлкен қонағын ұмытып. Әуелде мән бермегенмен, кейінгі кезде мұндай сөздер титығына тие бастаған. Бірақ көргені көп қарт атбегі газеттегі журналист қана емес, талай жұрттың әлгіндей оймен кеткенін іштей мойындауға мәжбүр еді. Енді бір айналым... Енді бір айналым болса...», тағы бір жарыстан кейін: «Дау осымен тынған шығар деп жан-жағына қарап еді, былтырдан бергі жүзтаныс, мана, бәйге басталардан бұрын сараң болса да шүйіркелесе сөйлесіп отырған атбегі, бапкер қауым тағы да: «Қап, енді бір айналым болғанда!... – десіп, өкінісіп тұр екен. Мамай айтарға сөз таппады. Суық жымиып, сырт айналған» енді бұл алыпқашпа әңгімеден өтіп ауылға келгендегі естіген әңгімесі:

«Көлденең жұрт – көре алмаушылықтан, іштарлықтан айтар. Ал ауылдағы ағайындікі не? Бала-шағасының несібесін осы Нарқызыл жеп жүргендей, бұл жығылса, тек өз аты бәйгеден келердей, тіпті, басқа ауыл да емес, басқа ауданның жүйрігі – Ортекенің тілеуін тілегендерін қайтерсің. «Енді бір айналым болғанда, Ортеке...» [6].

Мамай қартты күйдірген осы бопса әңгіме еді. Одан кейін де талай жарыстан Нарқызыл озып келеді. Тағы бір үлкен жарыста Мамай шынында тағы бір айналымның қосылуын сұрады. Басшы «Ақсақал, бала боп кеттіңіз бе!» деді. Мамай ақсақал өзі қысылып қалады. Нарқызыл ең соңғы аламан бәйгеден де бірінші болып келеді. Бірақ оған жасалған қастықты, аяр қастықты ешкім білмей өтеді. Өйткені оны таба алатын Мамай қарт дүниедін өтіп еді. Оның күйігіне назар аударған адам болмады. Жақсы адам еді, бапкер едінің төңірегінде ғана әңгіме болды. Автордың көркемдік қуаты сонда, кейіпкерінің ішкі өзгерісіне қарай мотивті де өзгертеді. Оның өзгеруі, мәңгілікке аттануының мотивін соншалықты қуатты береді. Бұл көркем әдебиеттегі ерекше шешім. Гогольдің хикаяттарын, оның «нарратив» принципін

зерттеген ғалым Сергей Васильевич Овечкин былай дейді: «Сложность персонажа создается тем, что его динамизированная точка зрения способна занимать в сюжете позицию, с которой открываются определенное, новое для персонажа, видение мира и определенное слово в нем». Сондықтан Мамай қарт басқаша бола алмайды. Ол өз кезінде біркелкілікке сыимайтын тұлға болатын. Оның даралығы жазушы шеберлігімен айқын бедерленген. Оқырманның оның тұлғасына ұмтылатыны сондықтан. Мамай қарт бойында ұлттық характерді сақтаған тұлға ретінде толық бейнеленген тұлға деп айта аламыз. Жазушы Нарқызылды ең соңғы сапарына да символдық мәнде шығарып салады. Адам қолынан жасалған қастықтан бәйгеге жарамай қалса да ең соңғы күндерінің өзінде Нарқызыл үйірдің алдын бермей кетіп барады. Хикаяттың түйіні осылай аяқталады: «Жазылып жайыла берген жылқы тағы да шұбыра жөнелді. Шерудің басында солтақ қызыл ат. Тұлпар туған, талайына тек алда болуға жазылған Нарқызыл осы бетінде қасапханаға да ең алдымен кіруге тиіс еді. Мүйіз тұяқты мал болып туса да, жайсаң азаматтың өмірін кешкен Нарқызылдың көзінен бұл дүниенің жарығы ұшар сәтте, әлде одан біраз кейінірек, әлде біраз бұрынырақ Сартеректің сыртындағы кең жазықта, немесе, Шағандағы, Нарындағы, немесе, қазақтың байтақ даласының басқа бір түкпіріндегі жарыс жолында әзір назарға түспеген, атақ-абыройға жетпеген, ертең-ақ Нарқызылдың, Ортеке мен Шаңтиместің, Қасқырқұлақ пен Ақтабанның жолын қууға тиіс, үкіленген, жал-құйрықтары сүзілген, бауыры тартыла жараған жүйріктердің жаңа бір тобы сап түземек. Өз тағдырының қалай аяқталарын біле ме екен солар? Білмейді. Білсе қайтер еді? Бәрібір алға ұмтылар еді деп ойлаймын мен. Өйткені, өз бойындағы табиғат сыйлаған айрықша қасиетті қалтқысыз кәдеге асыру – жүйрік атаулыға еншілі, оның сүйегімен кетер мінез».

– Мамай жан-жағына қаранып еді, колхоздың жаңа бастығы аулағырақта, өзі құралпы үш-төрт жас жігітпен қолдарын сілтесіп, қыза сөйлесіп тұр екен. – Есен, айналайын, жаның қысылмаса, аруақ шақырма. Тек бәйгеге ілінсең, қарақшыдан өтер кезде би атаңның атын жаңғыртарсың...» [5]. Мамай қарттың айтқан сөздерінің барлығы үлкен маманның сөзі. Атқа қалай отыру керек, жер жайын аңғарып отыру тағы қажет. Мамай қарттың ақылын философиялық толғаныс деуге болады. Соның ішіндегі «Арам адам қашанда қорқақ келеді», «Жел жағын берме», «сүйретпеге салдырып жүрмесін», «Атың шаң қаппасын», «Сай табанымен шаппа. Апан, жырасыз болмайды», «Өрге тура салма», «Тек бәйгеге ілінсең, қарақшыдан өтер кезде би атаңның атын жаңғыртарсың...», осы тіркестерде Мамай қарттың үлкен ат баптаушы екендігімен ұлттық характері бірге көрініс тапқан. Ал оны тыңдап тұрған атасының айтып жатқан бар ақылын өзі де жатқа білетін сондықтан үндемей тыңдап тұрған. Ең соңғы сөзге бірақ шалт жауап береді:

– Өткен жылы мұғалым ұрысқан, – деді Есен ер үстінде қозғалақтап. Тізгінін икемдеп, жүруге ыңғайланған кейіп танытып.

– Оқушысың, дінге сену – надандық, аруақ жоқ деп. Қарт Мамай тосылып қалды. Бірақ бойын тез жинап алды. – Осыны айтқан адамның өзі надан, – деді нығырлап.

– Бұл – дін емес. Өзі атадан тумаса, аспаннан түсіп пе? Аруақ жоқ деген адам...

– Сөзін аяқтамады.

– Жарайды, ұрсатын болса. Алайда, бірінші алда-жалда сәті келіп, озатын күн туса, тайталасқа түскеннен бастап, топтан сытылып шыққанша, одан қарақшыға ілінгенше би атаңа ішіңнен сыйынып отыр.

Тынышсыздана бастаған жүйріктің маңдайынан сипады.

– Маңдайың ашылсын! Жолың болсын! – деді балаға». Бұл жерден біз баланың характерін айқын байқаймыз. Атасын да құрметтейді, бірақ мектепте де... басқа көзқарас бар. Өйткені балаға ұрысқан. Дін жоқ, аруақ жоқ. Саған айтуға болмайды деп. Осындай сана «тазалаудан» қанша ұрпақ өтті десеңізші. Ұлтты «ұлтсыздандыру» тегіс жүріп жатты. Көркем шығармада соған өткір жауап берген суреткердің бірегейі Мұхтар Мағауин болды. Баланың портретін беруде де жазушы шеберлік танытады:

«Нарқызылдың үстіндегі жұқа тоқымды, жапырақтай ғана құрама ерден бойы сәл ғана асып отырған қалқан құлақ, дорба ауыз, кішкентай, арық қара ұл үнсіз, салғырт. Бірақ атбегі

шал жақсы біледі: бір сөзі қалт кетпек емес. Оның үстіне ат жайына кәріден әрмен жетік. Аламан бәйгенің әдіс-тәсіліне әбден қаныққан жел тақымның өзі. Бірақ бүгінгі жарыс та, ат та бұрынғылардан мүлде өзгеше. Мамай со жағынан ғана ептеп қауіптенеді» [6]. Осындағы «қалқан құлақ, дорба ауыз», «жел тақымның өзі», деген тіркестерден баланың құймақұлақ және зерделі екенін байқайсыз. Сондай-ақ, атасының егер біреу-міреу жақындап сүретпеге салса, тағы басқадай қылық көрсетсе қамшымен тартып жібер деген сөзіне үнсіз жауабы ғажап шыққан. Ол «Манадан бері ат үстінде жайбарақат отырған бала қолындағы қамшыға қарап қойды» деген сөздер арқылы ішкі рухын, ерік жігерін көрсетіп отыр.

Мамай қарттың әр қимылынан ұлттық рух жапырақ жайып өсіп тұрады. Көпті көрген қария өзінің қаладағы немересіне де ұсақ-түйекке араласпа, күнделікті күйбең тірлікке араласпа деп үйретуші еді. Қашан да қанға сіңген қасиет, таным биігі осы кейіпкер бойынан мол табылады. Сол қасиетінен айнымаған қарт енді жылдам айтып Есеннің құлағына құйып тұр:

«Қазір ержеткен, үлкен қалада оқуда жүрген немересіне: күнделікті күйбең тірлікте көзге шалынба, дүрбіл бәйгеде, азаматтың ар-намысы, қажыр-қайраты сынға түскен шақта ғана майданға шық деп қаншама мәрте айтты екен! Міне, қазір де аталас жамағайынның баласы, кішкентай Есенге: «Тізгініңді іркіп ұста! Көңіліңе желік кірмесін! Қайтсем де бірінші келетін шығармын деген астамшылыққа берілме!» – деп тұр. «Шығандап озба! Арқан бойы ғана алда отырсаң жарар. Ең соңғы шешуші сәтте, тура тілге түскенде ғана барыңды сал!» – деп тұр» [1].

Есеннің бейнесі де ерекше. Суреткердің нәзік те терең психологиялық шеберлігі Есеннің қимылынан көрінеді. Тағы бір қайталап айтамыз.Біз оны прозадағы поэзия дейміз: «Манадан бері ат үстінде жайбарақат отырған бала қолындағы қамшыға қарап қойды». Қандай ғажап дәлдік. Жазушы поэтикасы арнайы зерттеудің объектісі болмақ. Сол Есеннің өз өнерінің шебері екенін жазушы шебер көрсете білген. Сондай көркемдік фактордың бірі Мамайдың Нарқызыл үшін соңғы болған аламан бәйгеге дайындау барысында көрініс табады. Мамай ақсақал бәйгені біраз дайындап келіп ары қарай жас адамның ұзаққа айдап дайындауы керек сәтте оқудан келген ғалым немересін отырғызбақ кезінде көрініс тапқан. Нарқызыл отырғызбайды. Мамай қарт өзі мен Есеннен басқа ешкімді отырғызбайтынын бірден сезеді. Сондықтан арнайы жайлаудан Есенді шақыртуына тура келеді. Міне осы сәтті жазушы қалай суреттейді соған тоқталып өтейік: «Амал жоқ, жайлауға шығып кеткен, өзі құралпас балалармен бірге күнұзақ суға шомылып, асық ойнап, түйетабан, биемшек қазып, бүлдірген терудің соңында жүрен Есенді мезгілді уағынан бұрын шақыртып алғызды. Бес жыл бірге шауып, бірге туғандай үйреніскен Есенмен Нарқызыл оқырана табысты. Жасы он үшке шықса да ірілене қоймаған, қалқанқұлақ, қатпа күйінде қалған қағанақтай Есен алғашқы күні беліне қоржынның екі басы толтырылған құм артылған Нарқызылды өрлі, еңісті, қияқты, бетегелі сауырда оңды-солды ойқастай, он-он бес шақырымға жүгіртіп әкелді» [2].

Хикаятта жүйрікті баптаудың небір күрделі жолдары кеңінен таратылып айтылады. Және де оның барлығы табиғи түрде жүріп отырады. Шығарманы оқыған оқырман этномәдениеттің негізін өзіне қалайды. Елдікке, ерлікке құштар жастың барлығы Есеннің орнында болғысы келеді. Жалпы Есен әлі толық зерттелмеген тип. Өмірде бар, бірақта өнерде мол орын берілмеген бейне. Мұхтар Мағауин оның психологиясына кең талдау жасайды. Осы шығармада ерекше ұлттық танымымен көрінетін бейне, басқарма тұлғасы. Кеңестік дәуірде қалыптасқан көптеген орындаушы типтерден өзгеше тұлға. Ғылымға жақын. Өз бағытында кең ойлайтын азамат. Мамай қартпен болған диалогы арқылы кейіпкер бейнесіне тоқталып өтейік:

«– Қалай, ата? – деген осы кезде қарт Мамайды қайта тапқан басқарма. «Жаңа дәуір» колхозына осыдан бірер ай ғана бұрын шаһардан келген, жасы кіші, қызметі үлкен Қадыржан атын атамай, ақсақал деп құрметтегенімен, ұлыққа тән үлкендікпен салқын сөйлесетін. Енді бұрынғыдан әлдеқайда кішірейіп, ата деп тұр Мамайдың іші жылып қалды. – Біздің ат... Сіздің Құбас нешінші келеді? Қалада ипподромда ат жарысының әр түрін көп

қызықтаған, қазақтың бәйгесін бұрын көрмегенмен, ол туралы көп оқыған Қадыржанның көңіліне мына, жіті жүріспен қырдан асып бара жатқан дала жүйріктері айрықша әсер еткен. Мамайдың ат баптау тәсілін шет жағалап болса да көрген. Құбас туралы ауыл адамдарынан бірталай алып қашты әңгіме де естіген жас басқарманың пайымдауынша, Мамай – аңыздағы Толыбай сыншының төңірегіндегі адам» [4].

Қадыржан «Біздің ат... Сіздің Құбас нешінші келеді?» дейді. Осындағы алдымен біздің ат деп барып, кейіннен сіздің ат деуінде кішіпейілдік жатыр. Әйтпегенде сол өзі басқарып отырған елдің аты болғандықтан біздің ат деуінің өзі орынсыз емес еді. Алайда ақсақалдың аңызды тұлға екенін білетін. Мамайға кейіннен де көп жылдар қамқор болып жүреді. Ақсақалдың өнеріне қашан да құрмет көрсетіп жүрді. Ғалымдығы биік азаматтың пысықтығы, жоғарыға норма орындап жағынуы жағынан тәжірибесіз еді. Түрлі жолдармен жоғары жақтың талабын орындауға шорқақ болатын. Ақыры ғылым жолымен Алматыға ауысып кетеді. Осы сәтті жазушы былай суреттейді:

«Бұл кезде осыдан біраз бұрын қазақ жылқысының қазанат тұқымы туралы еңбек қорғаған Қадыржан Алматыға, ғылым мекемесіне ауысып кетті. Басқармасы ғалымдыққа жеткенмен, шаруашылығы оңала қоймаған, қайта, мемлекетке ет тапсыру, астық өткізу саласында артта қалған «Жаңа дәуірге», «Сарқамыстан» Білгір Бекен келді» [2].

Бұл Қадыржанның елден кеткен кезі еді. Жалпы елдегі сақталған ұлттық қасиетті сақтау, бар нәрсені ғылыми жағынан дамытуға бейім, терең қамту оның табиғатында бар еді. Ауылға ең алғаш келген кезінде Мамай ақсақалдың айтқанын екі етпей орындауы, қиын да болса қандай да шешімге бара алатынын байқатады.

«Кейінгі кезде көбейе бастаған, асыл тұқым аталатын, былғары ер-тұрманды, тірсегі тік, бауыры көтеріңкі, жоңы тайқы, өкпесі сығыңқы, тұрқы қысқа, ұзын сирақ өңшең жирен мен күреңдерді төңіректеді. Сыр-сипатын, қасиетін тануға тырысты. Суыққа төзімсіз, ыстыққа шыдамсыз. Басқа өлкеде өсіп-өңген жануарлар. Әйткенмен, күйі келіссе қаншаға шыдар еді...». Елдің көркі болған ұлттық ойындарды жазушы кең, бояуы қанық етіп суреттейді. Бейнебір есте сақтап қалсын дегендей. Бәйгелер ұзаққа шауып кеткенде ұлттық ойындардың басқа түрлері қатар жүріп жататыны белгілі. Жазушы қаламынан осы ерекшелік те тыс қалмаған. Жазушы өзінің көркемдік мақсатының бірі халықтың өз байлығын үзіп жұлып алмай кешенді түрде көрсетуге ұмтылуында деп түсінеміз. Ат үстінен күш сынасып жатқандарды жазушы былай суреттейді:

«Әр ауылдың дәмелі жігіттері, таңдап мінген салпы ерін, қоян жақты, бұқа мойын, бітеу шоқтықты, қақпан бел, жалпақ сауырлы, күлте шаша, қақпақ тұяқ сом аяқты, жал-құйрығы қаба, ұзын, жатаған аттарымен қоса қайысып, шеке тамырлары білеудей болып, үзеңгілері қақ айрылардай табандаса тартысып жатқанда Мамай әлі ерте екенін біле тұра, жүйріктер айдалған жаққа қарайлай берген» [5]. Атбегінің есіл-дерті бәйге жақта, айдалғанына көп болмағанымен сол жаққа қарайлай береді. Ойында бір алаң бар. Көз алдына қызыл ат келе береді. Мамайдың көз алдында сол қызыл ат. Иесі мен шабандоз баланың әр қимылын бағып Мамай бағып жүр десе де болады. Оған мына суретті сөз дәлел бола алады:

«Көз алдына – сәске түске тармасқан көктем күнінің қызуымен еркелене маужыраған, сағымға орана бастаған сары дала емес, манағы тәует бас, кең сағақ, құлан жал, күлте құйрық, серек тұрықты қызыл ат. Оның кеседей төңкерілген, дөп-дөңгелек, тіп-тік құйма тұяғы, қысқа, шымыр топайы, етсіз, қу жіліншігі сіңірлі мая тірсегі, кең сербегі, салқы төсті, қуыс қолтықты арыстан кеудесі... Желбіреген кең танаулы, көтеріңкі жұқа кеңсірікті, қырым етсіз тықыр терілі, сүйекті, ұзыншақ басы... Иесі жүйріктің белі талығады деді ме, шабандоз баланы артына мінгестіріп, қызыл атты қосарға алыпты». Мамай қарттың қызыл атқа шын есі кеткен. Басқармаға да батырып-батырып бағана айтқан. Басқарма да Мамай қарттың әулиелігіне сене бастаған. Өйткені аман келсе деген еді. Енді міне қызыл ат өлім мен өмірдің арсында жатыр. Иесі бопау жігіттің көңілі бос екен. Не істерін білмейді. Сасқалақ күйде. Мамай бала боп кетті, жоқ іштей шиыршық атып қатуланып алған. Жігітті тығырыққа тіреп қуырып барады. Ес жиғызбау керек. Қалай болғанда да қызыл атты алу керек. Осы сәтте Мамайдың бастырмалата айтқан сөздері оның арқалы атбегі екенін көрсетсе, басқарма

жігіттің де танымының жоғары екенін байқаймыз. Ол ең алдымен Мамай қарттың дегбірсіздене жылқыға төніп тұрғанын байқағандығынан білінеді. Енді ол Мамайға қосылып ап жігітке атой салды.

– Жалғыз ұлым бар еді, – деді шофер жігіт. Әнеугүні ғана беске толды. Ашамай ер жасатып едім. Қайтадан кемсеңдеді. Атты, содан соң ботаны жақсы көреді. Саудаға онша құмартып тұрмаған, әрі жылауық жігіт жүйкесіне тиген басқарма тыпырши бастады. Жығылуға жақындап, әрең тұрған қызыл атқа тағы бір қарады да, кетуге ыңғай білдірді. Мамай да күдер үзген.

– Онда түйе ал! – деді әбден ширыққан басқарма» [5]. Мамай қарттың әбден есі кеткенін мына сөзінен байқаймыз: «- Өлсе, орнына колхоздың малын емес, өзімнің жалғыз биемді берейін, - деді». Жігіттің көбесі сөгіле бастайды. Жалғыз ұлын есіне алады. Оның атты жақсы көретінін, немесе ботаны жақсы көретінін айтып өзінің беріктігін босатып алғанын сездіріп алады. Бірақ саудаға оншама құмартып тұрмаған кейіп танытады. Мамай қарт та, басқарма да күдер үзе бастаған. Дегенмен басқарма ең соңғы сөз сүңгісін жігітке салады. Ол «онда түйе ал» деген сөз еді. Жігіттің осал жерінен ұстайды. Әрі-сәрі болып тұрған жігіт сылқ ете түседі. Қызыл ат қолына түскен соңғы Мамай қарттың қимылына назар аударайық. Бірден атты тексере бастайды. Соның бір сәтін жазушы былай суреттейді:

«Алдымен, тері бұрқыраған суланған бауырға қол салды. Өңі жылып қоя берді. Қабырғасы жабық па деп ойлаған. Онда бармақ елі қазы іріп кетуге тиіс. Қайтсе де мал болмайды. Қаркөбең екен. Тек баптау кезінде арпа-сұлымен көп жемделген тәрізді. Атын қысқа қашықтыққа шабар ұшқырға балаған шопыр жігіт тоқжарау етіп қоспақ болған. Оның үстіне қамау терін шығара білмеген. Ақыры, міне» [3]. Мамай қарт өзінің атбегілік, мал танитын емшілік өнерімен қызыл атқа тез арада «диагноз» қойып алғаннан кейін тез арада шешімтал қимыл әрекеттер жасайды. Осындағы зорыққан атты тұрғызып алуға жасаған әрекеті қандай десеңізші. Соның бәрін суреткер атбегідей суреттейді:

«Дорба ішінен жаңа басталған бір жартылық және үлкен, қырлы екі стақан, содан соң қалың қағазбен оралған әжептәуір ет шықты. Арасында бітеу жанбас жүр. Мамай қалтасынан бәкісін алды да, епетейсіз ашып, жұқа үш жапырақ май кесті. Қарысып қалған жағын жазып, аттың ауыздығын сыпырды. Содан соң: «Моh... Моh... Же! Же!!» – деп тұрып, қою сілекей шұбырған езуіне майдың бір жапыраған тықпалады. Ат әуелде тісін қайзап, басып шайқалақтатып, қарсылық білдіргенімен, ақыры, әлде тілі мен таңдайының арасында еріп кетті ме, әлде қаужаңдап тұрғанда өңешінен жылмай өтті ме, әйтеуір ерекше жемді жеуге мәжбүр болған. Бұдан соңғы екі жапырақ тез жылжыды. Атбегі шал бөгелмей, жерге қайта еңкейген. Бірақ ет пен майға қол созған жоқ. Басы жаңа бүршіктенген боз жусанды қолын толтыра,бытырлата жұлды. Алақанының арасына салып, көгін шығара езгіледі. Содан соң аттың тұмсығына тосқан. Басын баурына тыға жағын ашырмай ұстап, қайта-қайта иіскеткен.

Ал, енді көрейік, - деген содан соң. Екі жігіт бірдей шірене итерген қызыл ат аяғын кібіртіктей басып, екі-үш аттады. Басы айналғандай, немесе сәл-пәл тыныстағысы келгендей, тартына бөгеліп аз тұрды, да мойыны салбыраған, құйрығы жансыз шұбатылған қалпы ілби аяңдап жүре берді».

Мамай қарт шын мағынасында аса сыншы атбегі болатын. Біз Мамай қарт Мағауия ақсақалдың прототипі деп болжам айтамыз. Көпті көрген ұлттық мінездің қасиеті бойына дарыған ел ағасы болғанын Шығыс өңірі жақсы біледі. Жазушы оны бағалағанда «Мамай – аңыздағы Толыбай сыншының төңірегіндегі адам» дейді. Атбегіге бұдан қадірлі теңеу жоқ. Сондықтан жазушының Мамай ақсақал көзімен бағаланған сәйгүліктердің кескін келбетіне тоқталмау шығарманы танымау деп түсінеміз. Әр атқа баға беру арқылы жазушы өзінің этнотанымының тереңдігін мейлінше танытқан. Поэзияда Абай мен Ілияс ақын болса, прозада Мұхтар Мағауин деп айта аламыз. Хикаятта «күзгі мерекеге ауданның бетке шығар, дәмелі аттары түгел жиналды» деп келіп әрқайсысына тоқталады. Осында Шимойын, Қасқырқұлақ, Шаңтимес, Ақтабан, Кертөбел тағы басқа жалынан жел ескен әр бәйгеге өз қасиетіне қарай баға беріледі. Біз Мамай қарттың осы аттарға қарап, сыншылық айтқан жерін шығарманың ең биік шыңы деп танимыз.

Қорытынды.

Мұхтар Мағауиннің ұлттық танымның энциклопедиясы десек те болады. Жазушының «Жүйрік» хикаяты ұлттық танымның, ұлттық рухтың мәйегі болып келесі ғасырларға еркін енетініне сенімдіміз.Ендеше, рухы жағынан Мұхтар Мағауин шығармаларының кейіпкерлері ұлтына еңбек етуді, рухани сатылмауды көздеді. Ол оның шығармаларындағы басты кейіпкерлерінің характерлерінен көрініс тауып отырады.

М.Мағауиннің хикаяттарында ұлттық мінез бен танымның терең көріністері айқын көрінеді. Жазушы өз шығармаларында қазақ халқының рухани әлемін, оның дәстүрлері мен дүниетанымын шебер бейнелей отырып, әрбір кейіпкер арқылы ұлттық психологияның түрлі қырларын ашады. Мағауиннің хикаяттарындағы кейіпкерлердің өмірі мен әрекеттері тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғамның, оның тарихи жолы мен әлеуметтік жағдайының көрінісі.

Мағауиннің шығармашылығында ұлттық мінез бен таным арасындағы байланыс ерекше орын алады. Ұлттық таным – бұл халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру дағдысы мен дүниетанымдық жүйесі, ол жазушының шығармаларында түрлі жағдайларда көрініс табады. Ал ұлттық мінез – бұл халықтың әрбір мүшесіне тән қасиет, оның әрекеттерін, шешімдерін, көзқарасын қалыптастыратын құндылықтар мен моральдық принциптер жүйесі. Мағауиннің хикаяттарында осы екі ұғым тығыз байланысты әрі бір-бірін толықтыра отырып, оқырманға терең ой салады.

М.Мағауиннің шығармаларындағы ұлттық мінез бен танымның ерекшеліктері, кейіпкерлердің әрекеттері мен моральдық таңдаулары, сондай-ақ қазақ қоғамының тарихи кезеңдеріндегі әлеуметтік жағдайлар мен рухани құндылықтар хикаяттарға жаңа мазмұн беріп, оны қазақ әдебиетінің аса маңызды бөліктерінің бірі етеді. Жазушының туындылары арқылы ұлттық болмыс, тарих пен дәстүр тек өнер арқылы ғана емес, адамгершілік тұрғысынан да қайта қаралып, бағаланады. Осылайша, М.Мағауиннің хикаяттарындағы ұлттық мінез бен таным мәселелері қазақ әдебиетінің дамуындағы маңызды зерттеу нысаны.

Әдебиеттер

1. Бекниязов Т. Ұлттық характер. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З.Ахметов. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.
2. Қоңыратбай Т. Қазақ эпосының этникалық сипаты. Автореферат. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 50 б.
3. Мағауин М. Шығармалар жинағы. 1960-2002 ж. –Алматы: Қағанат, I т – 2002. 549 б.
4. Кәмәләшұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінен (Бүркіт, қасқыр, ит және аң-құс терілеріне қатысты салт-дәстүр, сенім-наным, әдет-ғұрып, жосын-жоралар, ырымдар). – Өлгий, 2004. – 100 б.
5. Нысанбаев Ә. Әуезов Мұхтар Омарханұлы. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 720 б.
6. Ковалев. В. О стиле художественной прозы Л.Н. Толстого. Москва: Издательство Московского университета, 1960. – 63с.
7. Тоқсамбаева А. М.Мағауиннің «Бір атаның балалары... Абай атындағы ҚҰПУ хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, 2014. №4 (50)

References

1. Bekniyazov T. Ulttyq harakter. Adebiettanu. Terminder sozdigi. Qurast.: Z.Ahmetov. – Semej-Novosibirsk: Taler-Press, 2006. -398 b. [in Kazakh]
2. Qonyratbaj T. Qazaq eposynyn etnikalyq sipaty. Avtoreferat. – Almaty: Ana tili, 2002, -50 b. [in Kazakh]
3. Magauin M. Shygarmalar zhinagy. 1960-2002 zh. –Almaty: Qaganat, – 2002 – I t -549 b. [in Kazakh]

4. Kamalashuly B. Qazaq halqynyn salt-dasturlerinen (Burkit, qasqyr, it zhane an-qus terilerine qatysty salt-dastur, senim-nanym, adet-guryp, zhosyn-zhoralar, yrymdar). – Olgij, 100 b. [in Kazakh]
5. Nysanbaev Ә. «Auezov Muhtar Omarhanuly» «Qazaqstan». Ulttyq enciklopediya.– Almaty: Qazaq enciklopediyasy, – 1999. -720 b. [in Kazakh]
6. KovalevV. O stile hudozhestvennoj prozy L. N. Tolstogo. Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta. – 1960, 63s. [in Russian]
7. Toxambaeva A. «M.Magauinnin «Bir atanyn balalary...». Abaj atyndagy QUPU habarshysy «Filologiya gylymdary» seriyasy, 2014. №4 (50) [in Kazakh].

А.О. Токсамбаева
Университет имени Шакарима города Семей,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615
e-mail: aiman-63@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР И ВОСПРИЯТИЕ В РАССКАЗАХ М. МАГАУИНА

Аннотация. *В статье описываются основные герои рассказа Магауина, их национальные черты и восприятие. Основным мотивом произведений является изображение мудрости и жизненного уклада казахского народа, а также мастерство писателя, который умеет передать гармонию с людьми этого народа. В статье рассматривается, в каких аспектах проявляются национальный характер и восприятие. В целом, в статье утверждается, что в литературоведении существует понятие исторической основы художественного произведения, и это не просто восприятие истории в ее первозданном виде, а возрождение хороших качеств, сохранившихся в народной памяти, что подтверждается примерами. Также говорится о том, как писатель смог поднять типичные действия руководителей казахских деревень в советский период до уровня художественных деталей. В статье не затрагивается вопрос социалистического реализма о том, что является положительным образом, а что отрицательным, а раскрывается художественный образ в процессе развития событий. М.Магауина и анализируется, как писатель изобразил национальную идентичность и культуру. Кроме того, речь пойдет о характере и особенностях духовного мира казахского народа через образ мышления, поступки и принятые решения героев произведений.*

Писатель передает дух алашских деятелей через образы героев, указывая на то, как они начинают терять национальный характер и восприятие. Статья предназначена для исследователей и литературоведов.

Ключевые слова: *Национальный характер, приключения, герой, национальный дух, художественный характер, историческое знание.*

A.O. Toxambayeva
Shakarim University of Semey,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka Str. 20 A
Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615
e-mail: aiman-63@mail.ru

NATIONAL CHARACTER AND PERCEPTION IN THE SHORT STORIES OF M.MAGAUIN

Abstract*. The article describes the national traits and perceptions of the main characters in Mağauin's short stories. The core of the works reflects the wisdom and lifestyle of the Kazakh people, with the writer's skill in harmonizing the stories with the people of that nation. The article concludes with a discussion on how national character and perception are reflected in various issues. It argues that in literary studies, the concept of the historical foundation of a literary work doesn't mean taking historical events at face value, but rather revitalizing the good qualities stored in a nation's memory. Examples are provided to prove this point. The writer is said to elevate the typical actions of leaders from Kazakh villages during the Soviet era into an artistic detail. The article also emphasizes that the writer doesn't dwell on the 'positive' or 'negative' character types common in Socialist realism, instead unveiling artistic images through the development of the narrative. The writer brings forth the spirit of the Alash*

leaders, portraying them through characters, and shows how they start to lose their national character, perception, and moral compass. The article is intended for researchers and literary scholars.

Keywords: *National character, adventure, character, national spirit, artistic character, historical knowledge*.

Автор туралы мәлімет

Токсамбаева Айман Омархановна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы, e-mail: aiman-63@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615.

Сведения об авторе

Токсамбаева Айман Омархановна – кандидат филологических наук, профессор. Кафедра казахской филологии и журналистики Университет имени Шакарима г.Семей, e-mail: aiman-63@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615.

Information about author

Aiman Toxambayeva – Candidate of philological sciences, professor. Department of kazakh philology and journalism, Shakarim university of Semey, e-mail: aiman-63@mail.ru, Orcid: https://orcid.org/0000-0002- 8744-2615.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

МРНТИ: 17.01.45

Т.М. Демежанов
Университет имени Шакарима города Семей,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476
e-mail: toleubek@yandex.ru

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРЕДТЕКСТОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. *Статья посвящена одной из актуальных проблем современного литературного образования в школе – технологии коммуникативно-деятельностного подхода при изучении художественного произведения.*

Сущность указанной технологии заключается в том, что она направлена на развитие навыков общения и практического применения знаний в различных сферах. Такой подход акцентирует внимание на активной деятельности учащихся, их взаимодействии, а также на формировании умений и навыков, необходимых для эффективного общения. Ведущим концептом технологии становится учебный диалог по взаимодействию и совместному обсуждению прочитанного, в ходе которых происходит обмен мнениями, идеями и культурными контекстами между учителем и учениками, а также между самими учениками, а само произведение становится средством для установления диалога между различными культурами, эпохами и личностями. Проблема диалога на уроках литературы является ключевой, так как она способствует не только пониманию литературных текстов, но и развитию важных навыков, необходимых для успешной социальной адаптации, коммуникации и критического анализа.

Основное внимание в статье уделяется выявлению эффективности предтекстовой работы в контексте данной технологии. На материале произведений о любви В. Шекспира, А.С. Пушкина, И.С.Тургенева и А.И. Куприна, включенных в программу 9 класса, рассматриваются пути и способы организации учебного диалога, раскрывается его роль в активизации познавательного интереса учащихся, развитии у них навыки критического мышления и готовности к осмысленному восприятию текста.

В ходе исследования установлено, что применение предтекстовой деятельности положительно влияет на восприятие и интерпретацию художественных текстов, позволяют учащимся глубже проникнуть в содержание произведений.

Ключевые слова: *коммуникативно-деятельностный подход, предтекстовая деятельность, учебный диалог, обучение, литература.*

Введение

Одной из главных проблем современного литературного образования в школе можно назвать недостаточно полную ориентацию на развитие критического мышления и творческих способностей учеников. Часто акцент делается на изучении произведений в рамках традиционных программ, что может приводить к формальному подходу к литературе. Кроме того, в условиях быстрого развития технологий и изменения форматов потребления информации, литературное образование иногда не успевает адаптироваться к новым реалиям, что может ограничивать интерес школьников и их вовлеченность. Также стоит отметить, что в некоторых случаях недостаточно внимания уделяется разнообразию литературных голосов и культур, что может приводить к узкому восприятию литературы и ее роли в жизни.

Коммуникативно-деятельностный подход в обучении (далее - КДП), который стал разрабатываться в конце прошлого столетия, сегодня признается одним из перспективных и эффективных направлений современной педагогической теории и практики, адекватно отвечающий требованиям модернизации образования и воспитания.

В области литературного образования школьников КДП направлен на активную деятельность учащихся в освоении художественных произведений через общение, взаимодействие и интерпретацию. Одной из особенностей КДП становится ориентация на диалогичность, понимаемую в широком смысле (не только как диалог между учителем и учеником или самими учащимися, но и между читателем и героями произведения, диалог с текстом художественного произведения и диалог с его автором.).

Другой особенностью является опора на личный опыт учащегося, его способность рефлексировать и соотносить литературное произведение с собственными жизненными впечатлениями и знаниями. Главная задача учителя при этом - создание условий для того, чтобы ученик мог выразить своё отношение к литературному произведению, обсудить его с одноклассниками, предложить свою интерпретацию текста и сравнить её с другими.

Объектомнашего исследования в настоящей статье стал процесс предтекстовой работы при изучении художественных произведений на уроках литературы.

Предметом исследования послужил коммуникативно-деятельностный подход в обучении литературе

Цель статьи – исследовать влияние предтекстовой работы на развитие коммуникативных навыков и литературного восприятия учащихся. В соответствии с целью определены следующие задачи:

1. Изучить теоретические основы предтекстовой работы и коммуникативно-деятельностного подхода в обучении литературе
2. Провести анализ практического опыта использования предтекстовой работы в школьной практике
3. Сформулировать рекомендации по внедрению предтекстовой работы в образовательный процесс.

Научная новизна заключаетсяв выявлении эффективности предтекстовой работы в контексте коммуникативно-деятельностного подхода в обучении литературе

Материалы и методы

Теоретические основы коммуникативно-деятельностного подхода рассматривались в работах по эстетике и культурологии М. М. Бахтина и по литературоведению Ю.М Лотмана, в исследованиях по психологии Л. С. Выготского, В.С.Библера. в учебниках и учебных пособиях по психологическим основам педагогики В.П.Зинченко., В.А Кан-Калика, и Хазана, В.И.Давыдова В.В., Селевко Г.К, по методике преподавания литературы Л.Е.Стрельцовой и Н.Д Тамарченко. Курганова С.Ю., И.М Соломадина.,В. В. Давыдова и Д. Б. Эльконина, С.П. Лавлинского

В этих трудах раскрывается идея о том, что обучение должно происходить через активную деятельность, в которой ученик выступает как субъект обучения. Основные идеи связаны с тем, что процесс обучения должен быть направлен не только на усвоение знаний, но и на развитие умений взаимодействовать с окружающими, выражать мысли и понимать других. Методика предтекстовой деятельности изучалась многими педагогами и методистами. Л.С. Выготский подчеркивал важность актуализации знаний перед изучением нового материала, а А.А. Леонтьев акцентировал внимание на значимости мотивации. Современные исследования доказывают, что предтекстовая подготовка способствует лучшему пониманию художественного текста и повышению уровня читательской грамотности.

Все стороннее теоретическое обоснование и осмысление КДП получил в учебном пособии С.П. Лавлинского «Технология литературного образования. Коммуникативно-деятельностный подход», гдерассмотрены требования современной коммуникативной технологии, методы и приёмы исследовательской деятельности учеников-читателей, способы диалогизации на уроке литературы [1].

В процессе КДП обеспечивается такое руководство и управление учебной деятельностью школьников, при котором происходит учебное сотрудничество между учителем и учеником, направленное на коллективную поисковую работу.

В ходе исследования были использованы методы анализа педагогической литературы, наблюдение за образовательным процессом и анкетирование учителей и учащихся. Основное внимание уделено таким методам предтекстовой деятельности, как постановка проблемных вопросов, работа с ассоциациями, использование биографического и исторического контекста

Результаты и обсуждение

В области литературного образования школьников КДП направлен на активную деятельность учащихся в освоении художественных произведений через общение, взаимодействие и интерпретацию. Одной из особенностей КДП становится ориентация на диалогичность, понимаемую в широком смысле (не только как диалог между учителем и учеником или самими учащимися, но и между читателем и героями произведения, диалог с текстом художественного произведения и диалог с его автором.).

Достоинством данной системы, по мнению С. П. Лавлинского,видится в том, что во время урока учитель помогает школьникам прояснить их собственное понимание художественного произведения. Он активизирует их учебно-познавательную деятельность в самых разнообразных направлениях, диктуемыххудожественной природой текста. Другими словами, при КДП гармонично сочетаются и реализуются собственно филологические и педагогические цели:

«Главная задача современного филолога-педагога — помочь школьнику научиться самостоятельно, без чьей-либо посторонней помощи, вступать в диалог с различными «голосами» отдельных произведений, фиксируя в сознании многообразие художественных принципов и форм изображения мира и человека» [1].

Ведущим концептом КДП является учебный диалог по взаимодействию и совместномуобсуждению прочитанного, в ходе которыхпроисходит обмен мнениями, идеями и культурными контекстами между учителем и учениками, а также между самими учениками, а само произведениестановится средством для установления диалога между различными культурами, эпохами и личностями.

В отличие от традиционной вопросно-ответной беседы из арсенала «методики общего места», учебный диалог на основе изучаемого художественного произведения направлен на развитие критического мышления, глубокое понимание текста, эмоциональную вовлеченность участников в процесс обсуждения, формирование социальных навыков (умение слушать и уважать чужое мнение), распознавание культурного контекста, что позволит лучше понять не только произведение, но и его место в культуре, формирование и отстаивание личной позиции, развитие самостоятельности и уверенности в своих суждениях.

Таким образом, проблема диалога на уроках литературы является ключевой, так как она способствует не только пониманию литературных текстов, но и развитию важных навыков, необходимых для успешной социальной адаптации, коммуникации и критического анализа.

Стратегия КДП выделяет в работе с текстом три стадии: предтекстовый, притекстовый и послетекстовый. Применительно к урокам литературы С.П. Лавлинский называет их этапами *предпонимания, анализа текста и интерпретации.* Каждый из названных этапов имеет свои специфические методические особенности, цели изадачи. Так, на этапе предпонимания (или предтекстовой деятельности) выдвигаются «гипотезы смысла», выбираются стратегии, нацеленные на актуализацию предшествующих знаний и личного жизненного опыта, на обеспечение «вхождения» в текст, мотивацию к чтению, создание благоприятной эмоциональной атмосферы.

На этапе анализа в процессе умело построенного совместного диалога осуществляется переход от непосредственного восприятия текста к постижению его структуры и погружение во внутренний мир произведения.

Этап интерпретации предполагает самостоятельное выявление взаимосвязи частей произведения (синтез), сравнение собственной читательской интерпретации с авторской художественной концепцией. Основные аспекты интерпретации предоставляют учащимся возможность познакомиться с различными культурными традициями и взглядами, которые во многом будут способствовать расширению их мировоззрения, убедиться в том, то художественное произведение – это многозначный текст, который может быть интерпретирован по-разному в зависимости от культурного и исторического контекста, лучше понять чувства и переживания других людей. Наконец, интерпретация стимулирует критическое мышление, побуждая учащихся анализировать и оценивать различные точки зрения, а также формировать собственные суждения.

В русле сказанного отметим, что действующая программа по русской литературе в школах с русским языком обучения в Республике Казахстан ориентирует учителя-словесника именно в этом направлении и ставит одной из ключевых задачразвитие коммуникативных навыков на основе глубокого понимания и анализа художественных произведений различных жанров. В структуре базового содержания учебного предмета, в соответствии со стратегией КДП, выделены три раздела: «Понимание и ответы по тексту», «Анализ и интерпретация текста», «Оценка и сравнительный анализ».

В рамках настоящей стати мы остановились навозможных путях реализации этапа предпонимания на материале раздела «Странности любви» из программы 9 класса. Он представлен любовной лирикой У. Шекспира (по выбору учителя), А.С. Пушкина (по выбору учителя), П.Васильева, поэмой А.С.Пушкина «Цыганы», повестями А. И.Куприна «Олеся», И.С.Тургенева «Ася».

Как видим, программа предлагает к изучению разножанровые произведения, которые относятся к различным эпохам, но объединенные единой темой.

Само название раздела «Странности любви»(почерпнутое из пушкинской «Гаврилиады»)ориентирует учителя, на то, чтобы при вхождении в темуон организовал и построил учебный диалог таким образом, когда речь велась бы как о природе и сущности любви, таки о ее «странностях», темных сторонах. С этой целью целесообразно выяснить, как учащиеся понимают само выражение «странности любви» либо предложить подобрать контекстуальные синонимык слову «странности» (*противоречия, причуды, капризы, гримасы*), тем самым настраивая их навполне взрослый разговор.

Эмоционально-образным ключом к разделу могут послужить строки «Все начинается с любви…» (Р. Рождественский) или «Любовь всего превыше на земле» (Р. Гамзатов). Началом такого разговора послужат, фольклорные паремии, коллективное обсуждение расхожих народных сентенций о любви:

Насильно мил не будешь; Старая любовь не ржавеет; Сердцу не прикажешь; С милым рай и в шалаше; С глаз долой - из сердца вон; От любви до ненависти один шаг; Милые бранятся — только тешатся; Стерпится – слюбится; Лучше страдать да любить, чем не любя на свете жить; Полюбив, нагорюешься. Любовь зла – полюбишь и козла

В ходе обсуждения выясняется, как ученики понимают смысл этих пословиц и поговорок, о каких «странностях» любви в них идёт речь.

Возможно не все из приведённых народных афоризмов будут знакомы девятиклассникам, и они будут испытывать затруднения объясняя их смысл. Этот путь интересен тем, что учащиеся сталкиваются с явлением словесности, включенным в социокультурный контекст. Работа с фольклорным материалом, как правило, сопровождается наблюдением над меткостью, афористичностью и метафоричностью народной речи. Следует обратить внимание учащихся на то, что одна и та же мысль в народе порой выражается одинаковыми приемами, но различными образными средствами.

В рамках диалога культур при такой работе можно познакомитьучащихся с казахскими пословицами и поговорками о любви и перевести их на русский язык:

Махаббат жасқа қарамайды. (Любовь не взирает на возраст)Ғашықтың тілі - тілсіз тіл. (Язык любви – язык без слов)Азапсыз махаббат - арзан махаббат (Любовь без страданий – фальшивая (не настоящая) любовь)

Ғашықтық ханды да, Қараны да теңестіреді. (Любовь равняет хана с простолюдином). Махаббат - дауасыз дерт. (Любовь – неизлечимая болезнь)

Махаббат - қашып құтылмас қайғы (Любовь - муки, от которых нельзя убежать). Махаббат көнермейді. (Любовь не стареет).

После выяснения смысла этих пословиц рекомендуется подобрать к ним аналоги из русского фольклора.

Другой возможный путь вступительного диалога к разделу «Странности любви»- организация морально-этической беседы о любви подлинной и мнимой. Любовь и влюблённость – два похожих чувства, способные вызывать сильные эмоции и изменять жизнь. Однако между ними есть существенная психологическая разница. Большинство ошибок в отношениях молодых людейпроисходят вследствие того, что они принимают влюбленность за настоящее чувство. Психологи называют следующие «симптомы» влюблённости и любви

Влюблённость: обычно возникает быстро и неожиданно; часто основана на внешней привлекательности и первых впечатлениях; может быть эмоциональной и страстной может быть эгоистичной; может быть более поверхностной, можно быстро влюбляться и так же быстро терять интерес; может быть основана на иллюзиях и фантазиях о партнере, стремлении идеализировать его или ее, видеть только положительные качества и игнорировать недостатки.

Любовь: развивается со временем;основана на глубоких и значимых качествах, таких как верность, честность и надежность;может быть спокойной и умиротворенной, может быть глубокой и значимой;она более альтруистична, подразумевает заботу о благополучии и счастье партнера;может быть долговечной и устойчивой, она может выдерживать испытания временем и трудностей;более реалистична и основана на принятии партнера таким, какой он есть.

На основе указанных признаков учащимся предлагаются следующие задания: составить кластер «Влюблённость и любовь»; соотнести признаки влюблённости по антонимическим парам в форме таблицы; сочинить синквейн «Влюблённость и любовь», опираясь на данные психологов и др.

Указанные нами пути призваны обеспечить не только вхождение в тему раздела, но и подготовить восприятие тех произведений, которые будут изучаться текстуально (сонетов Шекспира, любовной лирики А.С. Пушкина и др.)

Так, наиболее подходящим стихотворением Шекспира для изучения в разделе «Странности любви»,на наш взгляд, является сонет №130 из цикла «Сонеты, посвященные, смуглой даме» в переводе С. Маршака – он небольшой по объёму, доступный по содержанию, соответствует психолого-педагогическим особенностям и духовным запросам девятиклассников, отличается лирической образностью.

Сонет начинается строкой «Ее глаза на звезды не похожи.». Далеев красочных деталях описаны лицо, волосы, плечи, походка портрет возлюбленной. Вопреки традициям своего времени прославлять небесную красоту избранницы, Шекспир изображает её далеко не идеальной красавицей, а земной женщиной, с подчёркнуто заурядной внешностью, ничем не примечательной «смуглой леди»:

Ты не найдешь в ней совершенных линий,
Особенного света на челе.
Не знаю я, как шествуют богини,
Но милая ступает по земле.

В этом и заключается странность любви лирического героя: объектом его внимания. становится женщина неброской красоты. Основную мысль поэта можно проиллюстрировать

приведёнными выше поговорками «с лица воду не пить» или «подлинная красавица не та, которая красива, а та которую любишь».

На предтекстовом этапепри изучении сонета №130, мы рекомендуем развить тему этих афоризмов в учебном диалоге, выяснить их идейно-тематическое содержание, чтобы подвести учащихся к работе сонетом.

При изучении творчества А.С.Пушкинав разделе «Странности любви» лучше всего остановиться на хрестоматийных стихотворениях «Я вас любил…» или «К*** (Я помню чудное мгновенье)», как лучших образцах пушкинской любовной лирики.

В процессе предтесктовой деятельности к стихотворению «Я вас любил…»можно посвятить учащихся в его предысторию. Оно посвящено Анне Олениной, за которой поэт ухаживал в своё время и даже сделал ей предложение, но получил отказ.

Лирический шедевр «Я вас любил…» иногда называют маленькой повестью о неразделённой любви. Здесь будет уместен учебный диалог о том, какие чувства испытывает человек, отвергнутый любимой девушкой (*муки страданий, робость при встрече с ней, ревность, зависть к сопернику*).

Цель такой беседы – подвести учащихся к выводу о том, что подлинная любовь выше эгоистических чувств и отличается стремлением к благородству: искренне любящий всегда желает счастья возлюбленной даже несмотря на безответную любовь. Диалог должен помочь учащимся уловить основную художественную концепцию стихотворения, в котором нет ни упреков, ни обид, ни злобы в сторону адресата, также как нет и ощущения безнадежности. Поэт благодарит женщину за «безмолвную» любовь, желает, чтобы её избранник любил ее так же искренно и нежно, как он.

Иной характер будет носить предтекстовая деятельность при обращении к стихотворению «К*** (Я помню чудное мгновенье)», на котором лежит печать автобиографизма, сопряженная с судьбой поэта. В основе стихотворения, как известно, две короткие встречи с Анной Петровной. Керн - в Петербурге (1819) и в с. Михайловском (1825).

Обе встречи описаны в мемуарах А.П. Керн, которая не только в деталях вспоминает об обстоятельствах знакомства с Пушкиным, но и старается передать свои впечатления от его личности. Во вступительном слове к стихотворению можно обратиться к отрывкам из этих воспоминаний и совместнос учащимися обсудить их:

1. Как в мемуарах А.П. Керн создается образ влюбленного поэта во время их первой встречи?

2. Какая деталь внешности Керн надолго запомнилась поэту во время их первой встречи? О чем это говорит?

3. Почему Пушкин в «шутливом разговоре о том, кто грешник и кто нет», «раздумал» попадать в ад?

4. По мнению А.П. Керн, Пушкин посетил с. Тригорское с целью «угощать и занимать общество» поэмой «Цыганы». Было ли это единственной причиной визита? О чем умалчивает автор, но читатель может сам догадаться?

5. Почему Пушкин обрадовался предложению тетушки А.С. Керн совершить прогулку в Михайловское, а во время ее приезда в с. Михайловское вел себя «как ученик, неожиданно получивший позволение прогуляться»?

6. Зачем рукопись стихотворения «К***» была вложена в «неразрезанные листки», а не вручено отдельно?

7. Попробуйте дать объяснение поступку поэта при расставании, когда он «судорожно выхватил и не хотел возвращать» рукопись своего стихотворения. Что же «у него промелькнуло тогда в голове»?

Предтекстовый этап – это подготовка к чтению произведения. Его основная задача предварительное знакомство с темой текста, с необходимыми понятиями, снятие возможных лексико-семантических и речевых трудностей. Помимо этого, решаются задачи создания положительной мотивации к чтению и стимулирования дальнейшей самостоятельной работы

над текстом. При этом в предтекстовых заданиях учитываются лингвокультурологические и культурно-исторические особенности произведения.

Наиболее популярными приёмами при изучении эпических и лиро-эпических произведений становятся подбор ассоциаций, возникающих после ознакомления с названием произведения; актуализация знаний по тематике текста; прогнозирование содержания по названию; мотивация к чтению и т.д.

Так, приступая к поэме А.С. Пушкина «Цыганы», на наш взгляд, в рамках этапа предпонимания целесообразно организовать учебный диалог о цыганах, об их быте, нравах и культуре. Уместно выяснить, почему образ жизни цыган ассоциируется у многих с вольностью, беззаботной жизнью и праздным времяпрепровождением. Причём ассоциации эти могут бытькак положительными (*веселье, песни, танцы, вольная кочевая жизнь под открытым небом и др.*), так и отрицательными (*конокрадство, мошенничество, воровство, гадания, «дикость» нравов*, *пренебрежение законом*)

Исходя из названий программных произведений «Ася» И. С. Тургенева и «Олеся» А.И. Купринана предтекстовом этапе можно прибегнуть к приёму антиципации и предложить учащимся еще до чтения спрогнозировать, предвосхитить их содержание, поинтересовавшись, кто будет героем повестей – молодая девушка или зрелая женщина, о чем могут рассказать их имена, к какому сословию они будут принадлежать - дворянскому или крестьянскому, какой сюжет будет лежать в основе этих произведений.

По мнению исследователей, повесть «Ася» была навеяна автору воспоминаниями и размышлениями о судьбе своей внебрачной дочери (от служанки), девушки мечтательной, но своенравной. Возможно, именно её образ послужил прототипом целой галереи «тургеневских девушек», отличающихся скромностью, нравственной чистотой, начитанностью, мечтательностью, женственностью, способностью к глубоким и искренним чувствам и в тоже время, обладающих силой характера и решительностью.

Разговор о «тургеневских девушках» может послужить отправной точкой для вступительной беседы к повести А.И. Куприна «Олеся», где ученики встретятся уже с другим литературным типом – «естественным человеком», который характеризуетсякак человек, не затронутый цивилизацией, живущий в единстве с природой, обладающий нравственной чистотой и красотой, цельностью и внутренней свободой, жаждой жизни..

Таким образом, коммуникативно-деятельностный подход представляет собой мощный инструмент для формирования у учащихся не только теоретических знаний, но и практических навыков общения. Предтекстовая деятельность на уроках литературы является важным элементом образовательного процесса, способствующим формированию интереса к чтению, развитию аналитического мышления и осмысленному восприятию текста.

Эффективное применение различных методов предтекстовой работы повышает качество литературного образования и делает изучение художественных произведений более увлекательным и продуктивным.

В ходе исследования было выявлено, что применение предтекстовой деятельности положительно влияет на восприятие и интерпретацию художественных текстов. Например, работа с иллюстрациями, анализ заглавия и предисловия, а также дискуссии по ключевым вопросам позволили учащимся глубже проникнуть в содержание произведений. Наиболее эффективными оказались методы, активизирующие личный опыт учащихся и их эмоциональное восприятие текста.

Заключение

В ходе исследования было выявлено, что применение предтекстовой деятельности положительно влияет на восприятие и интерпретацию художественных текстов. Например, работа с иллюстрациями, анализ заглавия и предисловия, а также дискуссии по ключевым вопросам позволили учащимся глубже проникнуть в содержание произведений.

Наиболее эффективными оказались методы, активизирующие личный опыт учащихся и их эмоциональное восприятие текста.

Современные исследования показывают, что использование КДП способствует более глубокому усвоению материала, развивает навыки критического мышления и улучшает коммуникативные компетенции. Организация предтекстовой деятельности требует тщательной подготовки со стороны учителя. Важно учитывать возрастные и психологические особенности учащихся, подбирать интересные и доступные формы работы. Также необходимо интегрировать современные технологии, такие как интерактивные презентации, видеофрагменты и цифровые ресурсы, что способствует повышению вовлеченности учеников.

В перспективе можно ожидать, что использование КДП будет расширяться, особенно в контексте цифровизации образования. Интерактивные платформы, виртуальные среды и другие новшества предоставляют новые возможности для реализации этого подхода, обеспечивая более широкие возможности для коммуникации и практического применения знаний.

Литература

1. Лавлинский С.П. Технология литературного образования. Коммуникативно-деятельностный подход. Учебное пособие для студентов-филологов. – М.: Прогресс-Традиция; ИНФРА-М, 2003. – 384 с.
2. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. Москва: Искусство, 1986. – 301 с.
3. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. Структура стиха // Лотман Ю.М. О поэтах и поэзии. СПб.: Искусство, 1996. – 846 с.
4. Зинченко В.П. Психологические основы педагогики: Психолого-педагогическиеосновы построения системы развивающего обучения Д.Б.Эльконина
5. Давыдова В.В. Учебное пособие. Москва: Гардарики, 2002. – 431 с.
6. Кан-Калик В.А., Хазан В.И. Психолого-педагогические основы преподавания литературы в школе. Москва: Просвещение, 1988. 256 с.
7. Выготский Л.С. Психология искусства. Москва : Педагогика, 1987. – 344 с.
8. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. Москва: ИНТОР, 1996. – 544 с.
9. Библер В.С. Мышление и творчество. Москва: Политиздат, 1975. – 398 с.
10. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. Москва: Народное образование, 1998. – 256 с.
11. Стрельцова Л.Е., Тамарченко Н.Д. Новый взгляд на цели и задачи литературного образования // Искусство и образование. 1994. № 1.
12. Курганов С.Ю., Соломадин И.М. Учебный диалог и психологическое исследование мышления. Методологические проблемы оснований науки. Киев, 1986. С. 95-96.

References

1. Lavlinskij S.P. Tekhnologiya literaturnogo obrazovaniya. Kommunikativno-deyatel'nostnyj podhod. Uchebnoe posobie dlya studentov-filologov. – M.: Progress-Tradiciya; INFRA-M, 2003. – 384 s. [in Russian]
2. Bahtin M. M. Estetika slovesnogo tvorchestva. Moskva: Iskusstvo, 1986. – 301 s. [in Russian]
3. Lotman YU.M. Analiz poeticheskogo teksta. Struktura stiha. Lotman YU.M. O poetah i poezii. SPb.: Iskusstvo, 1996. – 846 s. [in Russian]
4. Zinchenko V.P. Psihologicheskie osnovy pedagogiki: Psihologo-pedagogicheskieosnovy postroeniya sistemy razvivayushchego obucheniya D.B.El'konina [in Russian]
5. Davydova V.V. Uchebnoe posobie. Moskva: Gardariki, 2002. – 431 s. [in Russian]
6. Kan-Kalik V.A., Hazan V.I. Psihologo-pedagogicheskie osnovy prepodavaniya literatury v shkole. Moskva: Prosveshchenie, 1988. 256 s. [in Russian]
7. Vygotskij L.S. Psihologiya iskusstva. Moskva : Pedagogika, 1987. – 344 s. [in Russian]
8. Davydov V.V. Teoriya razvivayushchego obucheniya. Moskva: INTOR, 1996. – 544 s. [in Russian]
9. Bibler V.S. Myshlenie i tvorchestvo. Moskva: Politizdat, 1975. – 398 s. [in Russian]

10. Selevko G.K. Sovremennye obrazovatel'nye tekhnologii: Uchebnoe posobie. Moskva: Narodnoe obrazovanie, 1998. – 256 s. [in Russian]
11. Strel'cova L.E., Tamarchenko N.D. Novyj vzglyad na celi i zadachi literaturnogo obrazovaniya. Iskusstvo i obrazovanie. 1994. № 1. [in Russian]
12. Kurganov S.YU., Solomadin I.M. Uchebnyj dialog i psihologicheskoe issledovanie myshleniya.Metodologicheskie problemy osnovanij nauki. Kiev, 1986. S. 95-96. [in Russian]

Т.М. Демежанов
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476
e-mail: toleubek@yandex.ru

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МӘТІНГЕ ДЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. *Мақала мектепте қазіргі заманғы әдеби білім берудің өзекті проблемаларының бірі - көркем шығарманы зерделеу кезіндегі коммуникативтік тәсіл технологиясына арналған. Аталған технологияның мәні оның қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және түрлі салаларда білімді практикалық қолдануға бағытталуында. Мұндай тәсіл оқушылардың белсенді қызметіне, олардың өзара іс-қимылына, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға назар аударады. Технологияның жетекші тұжырымдамасы оқылғандарды бірлесіп талқылау және өзара іс-қимыл жасау бойынша оқу диалогы болып табылады, оның барысында мұғалім мен оқушылар арасында, сондай-ақ оқушылардың өздері арасында пікір, идеялар және мәдени контекстер алмасылады, ал туындының өзі түрлі мәдениеттер, дәуірлер мен тұлғалар арасында диалог орнату құралына айналады. Әдебиет сабақтарындағы диалог түйінді мәселе болып табылады, өйткені ол әдеби мәтіндерді түсінуге ғана емес, сонымен қатар табысты әлеуметтік бейімделу, коммуникация және сыни талдау үшін қажетті маңызды дағдыларды дамытуға да ықпал етеді. Негізгі назар аталған технология шеңберінде мәтін алдындағы жұмыстың тиімділігін анықтауға аударылады. 9-сынып бағдарламасына енгізілген В. Шекспирдің, А.С. Пушкиннің, И.С. Тургеневтің және А.И. Куприннің махаббат туралы туындыларының материалында оқу диалогын ұйымдастыру жолдары мен тәсілдері қарастырылады, оның оқушылардың танымдық қызығушылығын жандандырудағы, оларда сыни ойлау дағдыларын дамытудағы және мағыналы ойлауға дайындықтағы рөлі ашылады. Зерттеу барысында мәтін алдындағы қызметті қолдану көркем мәтіндерді қабылдау мен түсіндіруге оң әсер ететіні, оқушыларға туындылардың мазмұнына тереңірек енуге мүмкіндік беретіні анықталды*

Тірек сөздер: *коммуникативті-белсенді тәсіл, мәтінге дейінгі жұмыс, оқу диалогы, оқыту, әдебиет.*

T.M. Demezhanov
Shakarim university,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, Glinka Str. 20 A
Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476
e-mail: toleubek@yandex.ru

PRELIMINARY WORK BEFORE READING THE TEXT IN LITERATURE LESSONS

Abstract. *The article is devoted to one of the pressing problems of modern literary education at school - the technology of the communication-activity approach when studying a work of art.*

The essence of this technology is that it is aimed at developing communication skills and practical application of knowledge in various fields. This approach focuses on the active activity of students, their interaction, as well as the formation of skills and abilities necessary for effective communication. The leading concept of technology is the educational dialogue on interaction and joint discussion of what is read, during which there is an exchange of views, ideas and cultural contexts between the teacher and students, as well as between the students themselves, and the work itself becomes a means of establishing a dialogue between different cultures, eras and personalities.

The problem of dialogue in literature lessons is key, as it contributes not only to the understanding of literary texts, but also to the development of important skills necessary for successful social adaptation, communication and critical analysis. The article focuses on identifying the effectiveness of pre-text work in the context of this technology. On the material of works about the love of V. Shakespeare, A.S. Pushkin, I.S. Turgenev and A.I. Kuprin, included in the 9th grade program, discusses the ways and methods of organizing educational dialogue, reveals its role in activating the cognitive interest of students, developing their critical thinking skills and readiness for meaningful perception of the text.

The study found that the use of pre-text activity has a positive effect on the perception and interpretation of artistic texts, and allows students to penetrate deeper into the content of works.

Keywords: *the communicative-activity approach, pre-text activity, educational dialogue, training, literature.*

Автор туралы мәлімет

Демежанов Толеубек Мухамадиевич – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, e-mail: toleubek@yandex.ru, Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476.

Сведения об авторе

Демежанов Толеубек Мухамадиевич – кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы университета имени Шакарима города Семей, e-mail: toleubek@yandex.ru, Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476.

Information about author

Toleubek Demezhanov – candidate of philological sciences, associate professor of the department of Russian languageand literature Shakarim Semey university, e-mail: toleubek@yandex.ru, Orcid: https://orcid.org/0009-0000-7320-8476.

ҒТАМР: 14.35.05

Н. Бирай[1], А.М. Елубай[2*]
[1*]Азаматтық Авиация Академиясы
050039, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ахметов к-сі, 44
[2]Pamukkale University, Түркия, Денизли қ.
*Orcid: https://orcid.org/0000-0001-8865-6335
*e-mail: smailova_asem@mail.ru

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ «АНА», «ӘЙЕЛ», «ҚЫЗ БАЛА» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерді кейс технологиялар арқылы оқыту мәселесі сөз болады. Қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдердің мағынасын, ұқсастығын, айырмашылығын, мақал-мәтелдер бойында сақталған халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін оқытуда кейс әдісінің тиімділігі дәйектелген. Өйткені кейс стади әдісі білім алушылардың құндылықтар жүйесін, олардың ізденушілік ұстанымдарын дамытады. Кейс-стадиді қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға, олардың шығармашылық қабілеттерін ашады.Сондай-ақ оқушылардың өзіндік ойлауын дамытуға ықпал етеді, олар топта жұмыс істеуді үйренеді, қалыпты емес жағдайларды шешудің оңтайлы жолдарын табады,оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін арттыру және мәдениаралық коммуникацияны дамыту мәселелері талданады.*

Мақалада сонымен қатар қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақал-мәтелдердің мақсаты, жалпы және лингвистикалық ой-өрісті кеңейту, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру, сөйлеу мәдениетін арттырудағы орны, оларды контекстке енгізу және бекіту, айтылым, жазылымда қолдану бойынша практикалық тапсырмалар орындаудағы осы технологияның

өзектілігі мен қажеттілігі мәселелері қарастырылған. Теориялық негіздермен қатар, практикалық тапсырмалар мен оқыту стратегиялары ұсынылып, аталмыш әдістің тиімділігі мен қажеттілігі дәйектеледі.
Тірек сөздер:*мақал-мәтел, қазақ және түрік тілдері, салыстырмалы тіл білімі, оқыту әдістемесі, кейс технологиялар, оқытудың белсенді әдістері, кейс зерттеу.*

Кіріспе

Кейс зерттеу әдісі – бұл нақты жағдаяттық міндеттерді шешу жолымен оқытуға негізделген проблемалық жағдайларды белсенді талдау әдісі. Кейс зерттеу әдісінің мәні: білім алушылар топтарға бөлініп, жағдаятты талдауы және оның тәжірибе жүзінде шешімін шығару керек; процестің аяқталуы – ұсынылған алгоритмдерді бағалау және берілген мәселе бойынша жалпы пікірталас аясында талқылау. Бұл оқыту әдісін білім беру жүйесіне енгізу өзекті болып табылады, өйткені кейс зерттеуді қолдану білім алушының ізденушілік құзыреттілігін дамытуға, тұлғаның ойлау қабілеті мен мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар оқытудың бұл әдісі білім алушының әртүрлі жағдайларда тиісті мінез-құлық қабілетін дамытуға және ерекше мәселелерді шешуге ықпал етеді. Осы оқыту әдісін қолдану негізінде өмірдегі нақты жағдаяттар мысалға алынады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел», «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерді оқыту әдістемесі қазіргі заманғы педагогика мен тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ұлттық ерекшеліктері мен дүниетанымын көрсететін мәдени феномен болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, екі туыс тілдегі мақал-мәтелдер арқылы қазақ және түрік халықтарының ана мен әйел туралы көзқарастарын, олардың қоғамдағы рөлі мен әлеуметтік орнын түсінуге болады.

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер арқылы кейс технологиясын қолданудың тиімділігін көрсету болып табылады. Кейс әдісінің ерекшелігі – білім алушыларға нақты өмірлік жағдайларды ұсынып, оларды өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың тіл білімін терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы – кейс әдісін пайдалану арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерді оқытудың тиімді тәсілдерін анықтау. Сонымен қатар, бұл зерттеу білім алушылардың мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын, сөйлеу мәдениетін арттыруға, олардың әлеуметтік ойлау жүйесін кеңейтуге ықпал етеді. Оқушылардың ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер туралы түсініктерін тереңдету, сондай-ақ екі тілде де мәдениетаралық коммуникацияны дамыту бұл жұмыстың практикалық мәнін арттырады.

Кейс зерттеу әдісі-нақты жағдаяттарды шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді проблемалық-жағдаяттық талдау әдісі [1]. Білім алушылар өздерінің білім, практикалық дағдылар жиынтығын қолдана отырып, дұрыс шешім жолдарын табуы керек. Бұл жағдайда мұғалім жүргізуші рөлін атқарады, сұрақтар туғызады және оқушы жауаптарын жазады, пікірталасты қолдауда модератор болып табылады.

Кейс зерттеу әдісі білім алушылардың құндылықтар жүйесін, олардың ізденушілік ұстанымдарын дамытады. Оқытудың бұл әдісі білім алушылардың өзіндік ойлауын дамытуға ықпал етеді, олар топта жұмыс істеуді үйренеді, проблеманы шешудің жаттанды емес, дәстүрлі емес оңтайлы жолдарын табуды үйренеді.

Зерттеудің нысаны: қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер.

Зерттеудің пәні: қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерді оқытудағы кейс технологиялар.

Зерттеудің мақсаты: қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақал-мәтелдерді қолдану теориясы мен практикасының деректерін зерттеу және жүйелеу, сөйлесім мен тіл дамытуда, мақал-мәтелдерді салыстыра қолдануда кейс зерттеу әдісінің ерекшелігін, мүмкіндіктерін анықтау, осы негізде әдістемелік ұсыныстарды

әзірлеу болып табылады. Осыған орай төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақалмәтелдерді зерделеу және жүйелеу;

- кейс зерттеу әдісінің сипаттамасын, оны қолдануға қойылатын талаптарды дәйектеу және жобалай оқыту әдісі түрлерін жіктеу;

3) қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақалмәтелдерді оқытуда кейс зерттеу әдісін қолдану ерекшеліктерін және оның тиімділігі шарттарын анықтау;

4) қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақалмәтелдерді оқытуда кейс зерттеу әдісі негізінде жасалған жобалық жұмыстар алгоритмінің болжамды сценарийін жасау.

Материал мен әдістер

Кейстің нақты құрылымы бар, ол проблемалық жағдаяттан, талқылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалардан, сондай-ақ қосалқы ақпараты бар қосымшалардан тұрады. Жағдаятты талқылауға бір уақытта бірнеше оқушы қатыса алады [2]. Кейс әдісінің басқа дәстүрлі әдістерден бірқатар айырмашылықтары бар. Ол, алдымен, білім алушылардың алған теориялық білімдерін практикалық жағдайға қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ кейсті талдау және ауқымды білім көлемін белсенді игеруге, сондай-ақ өмірде іс жүзінде қолдану үшін белгілі бір тәжірибе жинауға ықпал етеді. Кейсті талдауда және сараптау процесінде аналитикалық ойлау, қазіргі кезеңде қажет шығармашылық және коммуникативті дағдылар дамиды.

Кейс әдісін басқаша нақты жағдайларды талдау әдісі деп атауға болады. Оның мәні оқытуды ұйымдастыру үшін кез-келген нақты жағдайлардың сипаттамалары қолданылады. Оқушыларға нақты өмірлік жағдайды қарастыру ұсынылады, оның сипаттамасы проблеманы практикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар осы мәселені шешу кезінде игерілуі керек белгілі бір білім жиынтығын өзектендіреді.

Кейс зерттеу әдіс ретінде белгілі бір мақсаттарды көздейді. Оның негізгі мақсаттары деп зерттеуші мыналарды атап көрсетеді:

1. Талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту;
2. Теория мен практиканы біріктіру;
3. Әр түрлі ұстаным мен көзқарастарды көрсету;
4. Қабылданған шешімдерді және олардың салдарын ұсыну;
5. Белгісіздік жағдайында балама нұсқаларды бағалау дағдыларын қалыптастыру» [3].

Кейстің өзі бірнеше құрамдас сыңарлардан/бөліктерден тұрады. А.Е. Ниязованың ойынша, кейс үш компоненттен тұрады: «1) уәждеуші және белгілі бір педагогикалық жағдайларды талдауға дайындайтын мотивациялық компонент; 2) өзара әрекетті ұйымдастыру әдістерін және практикада оқыту нысандарын меңгеруге көмектесетін рәсімдік компонент; 3) оқушы өзін-өзі бақылау әдістерін игеретін рефлексивті компонент [4]. Демек, кейс-зерттеу әдісін оқу процесінде қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға қол жеткізуге болады. Бұл әдіс оқу үдерісін ұйымдастырудың үш кезеңнен тұратын жүйелі моделіне негізделген.

Алғашқы кезеңде материалдың өзектілігі мен жаңа тақырыпқа қызығушылықтың пайда болуы маңызды. Осы кезеңде оқушылар өздерінің білім деңгейлеріне сәйкес мәселеге қызығушылық танытып, жаңа ақпаратты қабылдауға дайындалады.

Екінші кезеңде оқушылар жаңа ақпаратты практикада қолдануға, оны нақты жағдайға бейімдеуге кіріседі. Бұл кезеңде мәселені талқылап, түсінгендері мен білімдерін қорытындылауға мүмкіндік туындайды. Кейс-зерттеу әдісінде осы кезең ерекше маңызды болып табылады, себебі оқушылардың мәселеге қатысты жеке пікірлері қалыптасып, сын тұрғысынан ойлау дағдылары дамиды. Мұғалім осы сәтте оқушылардың материалды қаншалықты терең меңгергенін бақылап, қажетті түзетулер мен қосымша бағыттар ұсына алады.

Үшінші кезеңде алынған білімдер жүйеленеді, бекітіледі және нақты шешімдер ұсынылады. Бұл кезеңде оқушылар оқыған материалдарын қорытындылап, алынған жаңа

білімдерін өмірлік тәжірибелермен байланыстырады. Кейс зерттеуі бұл процеске көмектеседі, өйткені ол оқушыларды нақты шешімдер қабылдауға үйретеді, мәселені шешудің тиімді жолдарын ұсынады.

Осындай құрылым арқылы кейс-зерттеу әдісі оқу процесінде сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Кейс – зерттеу әдісін оқу процесінде қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға болады. Өйткені бұл технология оқу процесін ұйымдастырудың үш кезеңінен тұратын модельге негізделеді. Бірінші кезеңде материалдың өзектілігі мен жаңа тақырыпқа қызығушылық туындайды. Екінші кезеңде оқушылар жаңа ақпаратты қолдана бастайды, оны жүйелейді және нақты мәселені талқылайды. Бұл кезең ең ұзақ уақытты алады, өйткені оқушылардың мәселе бойынша жеке пікірлері қалыптасады. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың материалды қаншалықты түсінгенін бақылауға мүмкіндік алады. Үшінші кезеңде жаңа білімдер бекітіліп, кейстің нақты шешімі ұсынылады.

Осы кезеңдерге қатысты Л.Л.Ткачева зерттеуінде кейс стади әдісінің кезеңдерінің қызметін төмендегідей ажыратып көрсетеді: «Бірінші кезеңде уәжділік және ақпараттық қызмет орын алады: оқушылардың кейспен жұмыс істеуге және тақырыпқа деген қызығушылықтарын оятуға, сондай-ақ тақырып бойынша білімді жандандыруға деген ұмтылыстары туындайды. Екінші кезеңде ақпараттық, жүйелеу және коммуникациялық қызметтер жүзеге асырылады. Оқушылар жағдаятты талдай отырып, тақырып бойынша жаңа білім алады, осы ақпаратты жүйелейді және жіктейді, аталмыш мәселе бойынша өз көзқарастарымен алмасады. Үшінші кезеңде бағалау және уәждік қызметтер жүзеге асырылады» [5].

Біз де өз тәжірибемізде жоғарыда аталған кезеңдерді қамтимыз. Енді осы кезеңдер бойынша орындалатын міндеттерді дәйектейтін болсақ, оқушылар **бірінші кезеңде** қазақ және түрік тілдеріндегі әйел затына байланысты мақал-мәтелдерді мақал-мәтелдер жинақтарынан іріктеп теріп алады. Әйелдің кез-келген қоғамның әлеуметтік жүйесінің жұмысына қосқан үлесі, әйелдің отбасы мен қоғам арасындағы «көпір» болып табылатындығы, ұрпақтың жалғасуын қамтамасыз ететіні, халықтың, елдің болашағы – балаларды тәрбиелейтіні қарастырылады. Оқушылар қоғамдағы әйелдің орны туралы пікір қалыптастырады. Сонымен қатар, қазақ және түрік танымындағы әйел бейнесіне салыстырмалы зерттеулер жасайды. Осыған байланысты ұлттық сипатты, халықтың дүниетанымын және оның мәдениетін зерттеу үшін әйелдің отбасындағы, діни, экономикалық, саяси, әлеуметтік, сондай-ақ мәдени салалардағы рөліне назар аударады.

Осы модель бойынша жұмыс барысында оқушылар алынған ақпаратты біріктіруді, әртүрлі идеяларды түсіну кезінде өз көзқарасын қалыптастыруды, дәлелдер мен тұжырымдармен логикалық тізбектер құруды, өз тұжырымдарын дұрыс мәлімдей білуді үйренеді. Демек, кейс зерттеу технологиясының бір кезеңі сыни ойлау жүзеге асырылатын болады. Осылайша, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушы мәселенің мәнін көре білуге, логикалық ережелерді сақтауды, мәселені шешудің жолдарын өз бетінше іздеуді және тапсырмаларды тез орындауды үйренетін болады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбы бойынша түсіндірме сөздіктермен жұмыс түрлері қарастырылатын болады. Мұғалімнің сөздікпен жұмыс бойынша әзірленген сұрақтар тізбегі сыни ойлаудың талаптарына сәйкес келуі және оқушылардың ізденгіштік қасиеттерін дамытуы керек. Осы технологияға сәйкес мұғалім оқушыларға талдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін түрлі проблемалық сұрақтар қояды. Проблемалық сұрақтар «ана», «әйел», «қыз баланың» қазақ және түрік халықтары танымындағы орнын анықтау жөнінен құрастырылуы тиіс. Аталмыш ізденушілік жұмыстармен айналыса отырып, оқушылар өздері де проблемалық сұрақтар қоюды және кейсті талдау барысында өзара қарым-қатынас жасауды үйренеді. Осы кезеңде мұғалім жеке, топтық және жұптық жұмыс түрлерін біріктіріп қолдана алады.

Жеке жұмыс кезінде оқушы өзінің қабілеттерін көбірек көрсете алатын болады, сондай-ақ жұптық және топтық жұмыс кезінде жанындағы адамдарды тыңдауды және ортақ

мақсатқа жетуді үйренеді. Мысалы: Ә. Болғанбаевтың «түсіндірме сөздігінде» берілген мәліметтерді өздерінің ізденушілік жұмыстарында қолданады. *«Әйел - адам баласының ұрғашыға ортақ атауы. Отбасындағы және жалпы қоғамдағы орнының өзіндік ерекшеліктерімен байланысты Әйел затының әлеуметтік жағдайы мен жасына, қандастық, некелік туыстыққа қатысты этикалық мәнді әлеуметтік қарым-қатынасты білдіретін ғұрыптық атаулар халық тілінде аса мол кездеседі: әже, ана, шеше, ене, (қайын ене), қыз, абысын, шешей, жеңге, апа, қарындас, сіңлі, қайын сіңлі, балдыз, бөле, келін, келіншек, нағашы әже, нағашы апа, нағашы жеңге, нағашы қарындас, жиен апа, жиен қарындас, құдағи, өкіл шеше, өгей шеше, кіндік шеше, бойжеткен, қалыңдық, бәйбіше, тоқал, жар, жұбай, зайып, жесір, қатын, тамыр, көңілдес, күндес, кемпір, кейуана, т.б. Әйел қырыққа келгенше өңін бермесе – қасиет; Әйелінің көзі бұлаудай; Әйелі ұл тапқандай қуанды»* [5].

Түрік халқының ұғымындағы әйел адамның рөліне назар аударар болсақ, өз сөзіңмен бірнәрсе қос. Сосын барып, дәйексөз бересің бекіту үшін ойыңды!: «Түрік мәдениетінде ол өмір сүретін дәуірге байланысты әйелдің түрлі сипаттамалары айтуымызға болады. Исламға дейінгі кезеңде әйел біздің алдымызда ер адам сияқты атқа мініп, мұраны бөлу үшін жеребе тартып, қылыш алып, қажет болған жағдайда соғысқа аттанатын жауынгер кейіпкер ретінде көрінеді. Ислам мәдениетінің пайда болуымен, әйел туралы пассивті сипаттамалармен қатар, махаббат пен ләззат контекстіндегі ұғымдарды айта аламыз; ал батыс мәдениетімен танысқаннан кейін еркек пен әйелдің тең дәрежеге қойылғаны байқалады» [6]. Әйелдердің өздігінен ешбір шешім шығара алмайтыны, әрқашан ер адамның қорғауын қажет ететіні әлеуметтік ортадағы теңсіздігі түрік қоғамы ислам дінін қабылдағаннан кейін араб, парсы және үнді дәстүрлерінен алғанын байқаймыз.

Ежелгі түркі фольклорында әйел туралы ауызша аңыздар сақталған. Бұл дастандарда ұлт тұлғасы туралы мәліметтер сақталған. Түрік дастандары мен аңыздарында әйелдің орны әрқашан ер адаммен қатар жүреді. Қорқыт Ата туралы эпоста түрік мәдениетіндегі әйелдер ұрып-соғуға және қорлауға болмайтын тіршілік иелері ретінде көрінеді [7].

Түрік танымдық жүйесінде әйел көбінесе жарық нұр ретінде сипатталады. Мұның дәлелін біз «Жаратылыс туралы аңыздан» көре аламыз, онда Оғыздың бірінші әйелі Ақ Ана көгілдір жарықтан жасалған [8].

Міне, оқушылар екі халықтың ұғымындағы әйел бейнесіне салыстырма жасау үшін фольклорлық шығармаларға, түсіндірме сөздіктерге жүгінетін болады. Оқушылар сөздікпен жұмыс істеу арқылы «әйелге» қатысты сөздер мен сөз тіркестері, ең алдымен, оның физиологиялық және жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік мәртебесіне қатысты қарастырылатыны, ол тек отбасылық жағдайлары арқылы берілетінін анықтайды. Ұсынылған кейс-стади оқушылардың аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, нақты өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға бағыттайды, оқушылар алған теориялық білімдерін жүйелейді және шешім қабылдау және нәтижелерді бағалау үшін іздену-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Кейспен жұмыстың **екінші кезеңінде** оқушылар ең ауқымды жұмыс түрлерін жүргізеді. Онда кейс тікелей талданатын болады, оқушылар нақты жағдайлардың шешімін іздейді. Оқушылар мақал-мәтелдер жинағынан тапқан қазақ және түрік тілдеріндегі «ана», «әйел» және «қыз бала» тақырыбындағы мақал-мәтелдерді топ-топқа жіктеп, екі тілдің мақал-мәтелдеріне салыстырмалы зерттеулер жасайды. Жеке, жұптық іздеу зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы шағын пікірталас болады. Кейін бүкіл топ немесе сынып талқылауына түсіріледі.

Әлемде әйел рөлі күрделі де көп қырлы. Оның сипатын біз мақал-мәтелдерден анық байқай аламыз. Өйткені мақал-мәтелдерде халықтың бірнеше ғасырлық тәжірибесінің көрінісі «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» сақталған. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерін талдау кезінде дәстүр бойынша әйелден ең алдымен үй шаруашылығын жақсы жүргізуі және аналық парыздарын орындауы қажеттігі мәлімделгені байқалады. Табиғаты жағынан әйелдер ер адамға қарағанда үй шаруасымен жақсы айналысады, күнделікті үй ішін тәртіпке

келтіреді. Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүреді. Сондықтан әйелі жоқ үй тозып, ұсқыны кетіп тұрады. Үй ішінің жылулығы және жағымды, бақытты атмосферасы әйелдің қолында екені белгілі. Ол күйеуінің үйге әкелетін қаражатына мұқият қарап, ұқсатып отырады. Үй шаруасындағы әйел «жоқтан барды» жасайды. Бір сөзбен айтқанда, отбасында әйел өте маңызды рөл атқарады.

Әйелдің осы жағымды қасиеттері қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерде айқын көрінетінін оқушылар салыстыра отырып, талдап көрсетеді.

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады [10].	Әйелсіз үй болмас Kadınsız ev olmaz.
Ерте тұрған жігіттің Ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің Бір ісі артық [10].	Тамызда түскен теріден, төсектен ерінен кейін тұрған әйелден, бал бермеген арадан, арам ақшадан жақсылық күтпе. Ağustosta ekilen darıdan, kocasından sonra kalkan karıdan, oğul vermeyen arıdan, haram kazanılan paradan hayır gelmez.
Балаң жақсы болса – Екі көздің шырағы. Атың жақсы болса – Бұл дүниенің пырағы. Алған жарың жақсы болса – Абыройыңның тұрағы [10].	Жалқау әйелден, кесір ұлдан және ақсақ аттан тезірек құтыл. Erkenkalkmayanavrat, sözdinlemeyenevlat, mahmuzlagiden at kapındavarsakaldır at.
Жаман әйел төсегінен белгілі, Жаман жігіт есебінен белгілі [10].	Қарлығаш ұя салар, әйел үй түзер. Dişi kuş yapar yuvayı, içini dışını sıvayı sıvayı.
Ерге жаққан қатын елге де жағады [10].	Әйел үй берекесін келтірсе, мемлекет халықтың берекесін келтіреді. Evievedenavratyurduşenedendevlet.
Әйел – үйдің көркі, Еркек – түздің көркі [10].	Үйіне қарап әйелді, тегіне қарап еркекті айтар. Kadınıevinden, erkeğipirindensorarlar(ArabirenSeyitgaziEskişehir).
Әйел – үйдіңқазығы[10].	Үйін қорғаштайтын әйел де бар, үйін өз қолымен бұзатын әйел де бар. Avratvarevyapar, avratvarevyıkar.
	Әр әйел өз үйінің ханымы да, құлы да. Her kadın, evinin hem hanımı hem halayığıdır.
Жаман әйел байына Жалғыз атын сойғызар; Жақсы әйел жолдасын Жоқтан құрап тойғызар [10].	Сұлыдан тәтті тамақ жасайтын әйел де бар, бидайды ұқсатпайтын әйел де бар. Avratvar, arpa unundan aş yapar; avratvar, buğday unundan keş yapar.
	Әйелі жақсы ұстаған үйді Құдай қиратпайды, ал шашылған үйді – жинай алмайды. Avratın düzdüğü evi Tanrı yıkamaz, avratın yıktığı evi Tanrı yapmaz.
	Еркек - ағын, Әйел – көл әйел. Adam sel, kadın göldür.

Ер адамдар әйелдеріне қарап қайраттанатын кездері болады. Осыған байланысты түрік халқы: «Арыстан Арыстанға қарап, күшке ие болады» – «Aslan dişisine ba kar da kuvvet alır», - дейді. Ақылды және үнемді әйел беделін жақсартып, күйеуінің күші мен байлығын арттыра алады. Жеңіл жүрісті және ысырапшыл әйел күйеуін қоғам алдында қорлайды, үнемі мұқтаждыққа душар етеді. Әйелге байланған ер адам оны қолдау үшін күш алып, оны

қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Міне, әйелдің осы қасиеттері қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде көрінеді. Оқушылар осы мазмұндағы мақал-мәтелдерді теріп, олардың екі тілдегі баламасын салыстырады.

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Жақсы әйел – жаман еркектің басын төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркектің басын көрге сүйрейді [10].	Әйел еркегін патша да қыла алады, қор қыла да алады. Kadın kocasını isterse vezir, isterse rezil eder.мына бағанға сілтеме қоймайсың ба?
Жақсы қатын – ырыс, Жаман қатын – ұрыс [10].	Ері әйеліне қарап ой түзетер. Aslan dişisine bakar da kuvvet alır.

Екі тілдегі мақал-мәтелдерді іріктеу барысында оқушылар әйелдер туралы мақал-мәтелдердің жағымды да, жағымсыз да сипатта келетінін аңғарады. Олар жағымсыз сипаттағы мақал-мәтелдердің қазақ тілінде түрік тіліндегі мақал-мәтелдерге қарағанда азырақ екеніне назар аударады. Түрік мақал-мәтелдерінде әйел мейірімділікті түсінбейтін, алғысы жоқ жаратылыс ретінде көрінетінін талдап көрсетеді. Осылайша қазақ және түрік халықтарының танымындағы әйел адамның орнын да айтатын болады.

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
	Аспанда той болып жатыр десе, әйелдің қу басы домалайды Gökyüzünde düğün var deseler, kadınlar merdiven kurmaya kalkar.
	Әйел мен тауықты байлап ұстау мүмкін емес. Kadınlatavukbağlanmaz.
Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа [9].	Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа. Kadının saçı uzun aklı kısa.
	Әйел теңіз іспетті Kadın deniz gibidir
	Әйелге қараған еркектің ақылы аз Karıya bakanın aklı az olur.
	Әйелін тыңдаған еркек – еркек емес. Karı sözüneuyanadamdeğildir
Біреудікі біреуге қыздай көрінер [9].	Бөтен тауық қаздай, бөтен әйел қыздай көрінеді Komşunun tavuğu komşuya kaz, karısı kız görünür
	Борышкерден борышын, әйелден ақыл сұрамайды Kadında vefa, borçluda sefa aranmaz

Зерттеу жұмысын жүргізуге қажетті сағат көлемі мұғалімнің тақырыптың тереңдігі мен зерттеу ауқымына байланысты болады. Мақал-мәтелдердің әртүрлі аспектілері, олардың мағынасы, ұқсастығы мен айырмашылығы, мәдениетаралық байланыстарды зерделеу мен салыстыру жұмыстары көп уақыт пен талдамалы жұмыстарды қажет етуі мүмкін. Сондықтан, егер мектеп бағдарламасында сағат саны жеткіліксіз болса, мұғалім қосымша сабақтар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, тақырыпты тереңірек оқытуға болады.

Оқушылар кейс тапсырмаларын орындауда енді қазақ және түрік тілдеріндегі «қыз» және «ана» тақырыбындағы мақал-мәтелдермен жұмыс істейді. Алдын ала кейс бойынша оқушыларға «қыз» және «ана» тақырыбындағы мақал-мәтелдермен жұмыс жасау тапсырмасы беріледі, олар сөздіктен теріп, талдап, одан әрі талқылаудың дамуына әсер еткен барлық ақпаратты қорытындылауы керек. Бұл кезеңде олар топқа бөлініп, әр топ өзіне тиісті тақырыпты таңдап, барлық ізденіс жұмыстарын орындайтын болады. Мысалы, қазақ тілінде қыз туралы *Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі. Астың дәмін келтірер тұз емес пе,*

елмен жерді қосатын қыз емес пе.Қызға қырық кісі сөйлейді.Қызға қырық үйден тиым.Қыз көрейік, қыз көретын жігітті біз көрейік.Қызы жақсыны қыдыр қорыйды, қызы жаманды сайтан торыйды.Қызың жақсы болса суда жүзген үйрек, қызың жаман болса ішіңе тиген түйнек және т.б. мақал-мәтелдер бар [9]. Түрік тілінде қыз туралы мақал-мәтелдер де біршама. Оны мына кестеде салыстыра бердік (не аударып бердік пе?)

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Әрбір сұлу әдемі, бірақ жүрекке ұнайтыны одан да әдемі	Her güzelgüzeldiramacanınsevdiğidahagüzeldir.
Тастақ жерді, ағалары көп қызды алыңыз	Tarlayı taşlı yerden, kızı kardaşlı yerden
Тастақ жерді, ұзын шашты қызды, басы үлкен өгіз алыңыз	arlanın taşlısı, kızın saçlısı, öküzün başlısı.
Кетіп бара жатқан трамвайды қуғандай қыздың артынан қумаңыз, есіңізде болсын: келесісі бар	Gecen tramvayların arkasından, koşar gibi kızların arkasından koşma. Unutma, arkadan başka bir tane daha gelecek
Егер сіз қызды биге шақырсаңыз және ол келіссе, қуанбаңыз: алдымен сіз билеуіңіз керек	Eğer bir kızdan sadavet ettiniz ve kabul ettiyse... Hemen sevinmeyin, her şeye rağmen ilk olarak dans etmeniz gerekecek
Қыз бумеранг сияқты: неғұрлым алыс лақтырсаңыз, соғұрлым тезірек оралады	(Kızlar bumerang gibidir..ne kadar hızlı atarsan o kadar çabuk geriye döner)
Егер сіз өзіңіздің арманыңыздағы қызды тапсаңыз – қалған армандарыңызбен қоштаса беріңіз	(Eğer hayallerinizin kadınını bulduysanız hayallerinizin geri kalanıyla artık vedalaşabilirsiniz..)
Қызбесікте, жасау – сандықта	Kız kundakta (beşikte), çeyiz sandıkta.
Шешесі қыдырмашы, қызы қыдырмашы, жасауды кім дайындайды?	Ana Gezer kız, gezer bu, çeyiz kim düzeler?
Қыздар шай сияқты-суығанын ешкім ішпейді	Kız çocuğu çay yaprağına benzer, kartlaştı mı içilmez.
Қыз шикі ет сияқты. Ұзақ тұрса, иістенеді	Kız dediğin çiğ ettir, çok bekletme kokutursun.
Бордақыланған жылқыны, ал қызды жас алыңыз (жас кезінде)	At beslenirken, kız istenirken.
Ұлыңды жақсы көрсең – оқуға бер, қызыңды жақсы көрсең – күйеуге бер	Oğlunu seven hocaya, kızınısevenkocayaverir.
Он бестегі қыз күйеуімен бірге болуы керек немесе далада (жерде) жұмыс істеуі керек	On beşindekızyaerdegerekyadayerde.
Ұл туылғанда- мақтану керек, қыз туылғанда қайғыру керек	Oğlan doğuran övünsün, kız doğuran dövünsün
Ұлы үйленеді, үйге ит әкеледі, ал қызы ержүрек жігітті әкеледі	Oğlangider it getirir, kızgideryiğitgetirir.

Оқушылар мақал-мәтелдерді талдау арқылы қазақ халқында қыз бала ерекше орын алатыны, біздің ата-бабаларымыз қызды қонақ деп санайтынын және оған барған жерінде бағы ашылсын деген қамқорлық жасайтынын, оның әрқашан мүмкіндігінше мейірімді, сыпайы, ізетті және инабатты болып өсуіне мән бергенін атап көрсетеді. Ал түрік мақал-мәтелдерінде қыз бала есейгенде тұрмысқа шығу керек деген идея басты орында екенін оқушы аңғаруы керек. Мәдени шындықтың қызға қолайлы деп санайтын рөлі – мойынсұну, ал ата-анасы қызын тұрмысқа шыққанға шейін, ал күйеуі әйелін өмірінің соңына дейін қорғайды деген ұғым жатқанын көре білуі керек. Білім алушылар қыздарға қатысты мақал-мәтелдерді зерделеу кезінде неке, ана мен қыздың тағдырының жақындығы, олардың құпиялары, ананың көмегі және т.б. жиі кездесетінін талқылайды.

Қазақта текті жерден қыз алу туралы идея мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі *«көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «қатын алма қайын ал», «алып анадан туады», «нағашысы жаманның жиені оңбас», «анасын көріп, қызын ал»,*

«анасын сүйгеннің баласын сүй», «шешеге қарап қыз өсер», «ана көрген тон пішер» [9] т.б. деп келетін мақал-мәтелдердегі терең мағынаны түрік мақал-мәтелдерінен де кездестіруге болатынын оқушылар ізденіс барысында анықтайды. Олар: *Pekmezi küpten, kadını kökten al (Бекместі банкадан, ал қызды тектіден алыңыз); Anasına bak kızını al (Анасына қарап қызын ал); Kenarına bak bezini al, anasına bak kızını al (Кенеріне қарап бөз ал, анасына қарап қыз ал); Alma delinin kızını, soya çeker (Тексізден қыз алма, әулетіңе бәле жабысады); Bez alırsan Musul'dan, kız alırsanasilden (Бөз алсаң Мосулдан, қыз алсаң асылдан ал).*

Ана туралы қазақ мақал-мәтелдері: *Анасын ренжіткендерді Алла тағала да жақтамайды; Ақылды әйел ішінде, алтын бесікті ұл жатар; Анаға баланың алалығы жоқ; Мейірімі мол ананың – Жүрегі жылы, қолы кең. Кең пейілді атаның Жүзі жылы, жолы кең; Баласы атқа шапса анасы үйде тақымын қысады. Анасын сүйгеннің баласын сүй; Ананың сүті - бал, баланың тілі – бал* және т.б.

Ана туралы түрік мақал-мәтелдері :

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Анаңыз әдемі болды және оның орны қайда, әкеңіз құдай болды	Anan güzelidihaniyeri, babangüzelidihanievi
Анасының айтқаны тау-тасқа кетті, келінінің айтқаны – басына құлайды [анасы ашуланып, көп сөйлей алады, бірақ оның айтқаны орындалмайды, келінінің айтқаны орындалуы мүмкін]	Ananındediğidağataşa, gelinindediğigelebaşa
Бала анаға көбірек мұқтаж және оны ешкім алмастыра алмайды	Anasıolmayanınbabasıolmaz-У того, кто не имеет матери, не будет и отца
Үйде анасы жоқ бала күйі кетеді, әкесі жоқ бала базарда жүреді	Anasız çocuk evde çürür, babasız çocuk çarşıda
Төбелестен қашқан адамның анасы жыламайды.	Kaçanınanasıağlamamış
Анадан асқан әйел жоқ, Бағдаттан асқан қала жоқ	Ana gibiyarolmaz, Bağdatgibidiyarolmaz
Анаң – жұмақтың төрі	Anacennetinköşesidir
Анаң өгей болса, әкең де өгейге айналады	Ana üveyolunca, baba gâvurolur muş.
Шеше – ұлының қалқаны	Anayiğidinkalkanıdır
Ана шын жылайды, басқалары жалған	Ağlasaanamağlar, kalanıyalan ağlar.
Ана алдындағы борыш өтелмес	Anahakkıödenmez

Нәтижелер және талқылау

Мақал-мәтелдердегі ана бейнесі әйелдің ең жоғарғы, ең маңызды рөлі және әйелдің басты мақсаты ретінде көрінеді. Түрік мақал-мәтелдерінде байқалғандай, әйелдің мәртебесі жоғары емес екеніне қарамастан, ол ана болғанда мәртебесі артады. Бұл жағдай анаға түрік және қазақ халықтарының мәдениеттерінде берілетін маңыздылық пен құндылықтың жақсы дәлелі бола алады. Төмендегі мысалдарда ана отбасының ең маңызды мүшесі, отбасының негізін қалайтын адам өміріндегі ең қасиетті құндылық ретінде әрекет етеді. Ана махаббаттың, жанашырлықтың, мейірімділіктің бейнесі ретінде көрінетінін оқушылар өздері мақал-мәтелдерді талдап отырып, аңғаруы тиіс.

Бұл жұмысты ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру болып табылады, өйткені олардың ұсынған көзқарастарын растау немесе жоққа шығару ақпаратпен жұмыс істеуді, өз ойларын ұсынуды қажет етеді. Бұл технология бойынша оқушылардың кейс мәселесін шешуге дайындау процесі ақпаратпен, яғни екі тілдегі мақал-мәтелдермен жұмыс істеу дағдыларына негізделеді, бұл оқушылардың зерттеушілік қызметін ынталандырады. Сондай-ақ, оқушылар өз дәйектемелерін ұсыну үшін ақпаратты өңдеумен, яғни фактілерді жіктеу және талдаумен айналысады.

Соңғы **үшінші кезеңде** оқушылар презентациялар, кестелер, графиктер, диаграммалар және т. б. түрдегі қорытындыларды көрсетеді.Сондай-ақ, оқушылар мақал-мәтелдерге сараптама жасауды жүзеге асыруы, ақпаратты ұсыну кезінде қажетті сөйлеу үлгілерін қолдануы, қарсы дәлелдерге өз көзқарасын білдіруі керек.

Қорытынды

Сонымен, ұсынылған кейс зерттеу оқушылардың сараптамалық-болжау, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ оқушыларды өз ойлары мен тұжырымдарын талқыға салуға бағыттайды.

Кейспен жұмыс жасаудың сараптамалық-талдау деңгейіндегі жобалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар танымдық, жұмсалымдық және тілдік қатынас құзыреттіліктерін дамытады. Яғни, жоғарыда ұсынылған проблемалық жағдайлар мен кейс зерттеу оқушының мақал-мәтелдер туралы алған теориялық білімдерін жүйелеуге, қазақ және түрік тілдеріндегі «әйел», «ана» және «қыз» тақырыбындағы мақал-мәтелдерді талдап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, мақал-мәтелдер бойындағы ұлттық танымды ажырата білуіне ықпал етеді және мұндай тапсырмаларды орындау кезінде оқушы мақал-мәтелдердегі ұлттық қағидаларды ғылыми тұрғыдан түсіндіріп бере алатын болады.

Бұл кезеңде оқушы кейс тапсырмаларын өз бетінше шеше алады және іздену-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын болады. Проблемалық жағдаяттарды шешу, кейстік тапсырмаларды шешу, жобалау жұмыстарын орындау арқылы бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынасты дамытады, оқушы сараптамалық-салыстырмалы жаттығуларды орындауға, өз қорытындылары мен пайымдарын жасауға, өз пікірін айтуға, хабарлама жасауға, пікірталасқа қосылуға, пікірталас жүргізуге, өз идеясын ұсынуға және қорғауға .... бір етістік бер, жағдаяттарды жіктей білу қабілеттерін дамытады.

Әдебиеттер

1. Жуматова М.Г., Мырзабаева Н.А. Метод кейс-стади в обучении студентов в вузе. Вестник КазНМУ, 1 (2). 2015. 390-391с.
2. Авдеева Т.И., Высокос М.И. Применение метода case-study в преподавании. Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки.10 (2). 2015. 81-83с.
3. Савельева М.Г.Педагогические кейсы: конструирование и использование в процессе обучения иоценки компетенций студентов: Учебно-методическое пособие/Ижевск, УдГУ, 2013. – 94с.
